




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы
Серия «Естественно-географические науки»
№ 1(27), 2011г.



Алматы, 2011

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

«Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы

№ 1 (27), 2011 ж.

Шығару жиілігі - жылына 4 нөмір.
2001 ж. бастап шығады

Бас редактор

хим.ғыл.д.,проф. М.Е.Ермағанбетов

Бас редактордың орынбасарлары:

пед.ғыл.д.,проф. Ж.Б.Шілдебаев,
геог.ғыл.д.,проф. О.Б.Мазбаев

Редакциялық алқа мүшелері:

геог.ғыл.д.,проф. ҚР ҰҒА академигі

А.С.Бейсенова,

хим.ғыл.д., проф. ҚР ҰҒА академигі

Е.Ә.Бектуров,

биол.ғыл.д.,проф. Ж.Ж. Жатқанбаев,

геог.ғыл.д., проф. А.Н.Нигметов

(Өзбекстан),

биол.ғыл.д.,проф. Б.А. Тохторалиев

(Қырғызстан),

геог.ғыл.д. А.А. Эргешов (Қырғызстан),

геог.ғыл.д.,проф. Н.А.Родионова(Ресей),

пед.ғыл.д.,проф. Ж.Ә. Шоқыбаев,

хим.ғыл.д.,проф. Т.О.Омарқұлов,

пед.ғыл.д.,проф. Н.К. Ахметов,

геог.ғыл.д.,проф. М.Е.Белгибаев,

биол.ғыл.д.,проф. Е.Т. Тазабекова,

биол.ғыл.д.,проф. Л.Б. Сейлова,

мед.ғыл.д.,проф. С.Қ. Қауашев,

хим.ғыл.д.,проф. Н.А. Бектенов,

биол.ғыл.д.,проф. Қ.С. Рымжанов,

пед.ғыл.д.,проф. А.А.Саипов,

хим.ғыл.д.,проф. Г.И.Мейирова

Жауапты хатшы

хим.ғыл.к. А.Е.Сагимбаева

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2011

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген N 10110 – Ж

Басуға 12.04.11. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 15,7 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 120.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы

М а з м ұ н ы С о д е р ж а н и е

ФАКУЛЬТЕТ ЖЫЛНАМАСЫ ЛЕТОПИСЬ ФАКУЛЬТЕТА

Ахметов Н.К., Аубакиров Е.А., Ташмухамедова Ж.Х., Сагимбаева А.Е. Жубанов К.А. (к 75-летию со дня рождения).....	3
Мазбаев О.Б., Увалиев Т.О. М.Ш.Ярмухамедов – крупный ученый-методист, географ-педагог.....	4

ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР НАУКИ О ЗЕМЛЕ

Боранқұлова Д.М., Рахым Ж. Оңтүстік Маңғыстау аумағында геоморфологиялық жүйелердің қалыптасуы және қазіргі динамикалық дамуы.....	7
Жангелдина Д.І. Батыс Қазақстандағы мұнай-газ кен орындарының орналасу ерекшеліктері.....	10
Асубаев Б.Қ. Алакөл көлінің аквальды аумақтық кешендерін рекреациялық бонитировкалау әдісі.....	13
Буламбаев Ж.А., Шаймерденова Г.К. Разнообразие ландшафтов и уникальность биоресурсов Жетысуского Алатау..	16
Алиаскаров Д.Т., Уразбекова Ш.А. Қаратау жотасының ландшафт-тық-шаруашылық картасын жасаудың мәселелері.....	20

ХИМИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ ХИМИЧЕСКИЕ НАУКИ

Ергожин Е.Е., Бектенов Н.Ә., Рашова В.М. Ауыр мұнай қалдықтарынан алынатын асфальтбетон қоспалары.....	26
Бектенов Н.Ә., Пидакмет А., Шалабаева Ж.Б. Табиғи сорбенттерді қолданып теңізге төгілген мұнайды тазалау.....	28
Бектенов Н.Ә., Даулетқұлова Н.Т., Байбатырова С.И. Батыс Қазақстан мұнай қалдықтарынан жол төсеніштерін алу.....	31
Бажықова К.Б. Топинамбурдың әр түрлі сорттарының химиялық құрамын салыстыру.....	34
Кадырқұлов У.С. Жидкофазное гидрирование коричнеого и гидрокоричного альдегидов на электроэрозионном микропорочковом Cu-Zn сплаве.....	37
Бажықова К.Б., Ережепова А.Ш. <i>Sonchus oleraceus l</i> өсімдігі құрамындағы биологиялық белсенді заттарды анықтау.....	41
Сарова Н.Б., Калмуратова К.М. Электронные спектры поглощения производных порфинов, выделенных из растительного сырья крапивы двудомной.....	45
Ахынова У.С., Азимбаева Г.Е., Бутин Б.М. $CH_3COOLi-H_3PO_4-H_2O$ үштік жүйенің өзара ерігіштігін 20 ⁰ С және 40 ⁰ С температураларда зерттеу.....	48

БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Орынбек А., Бастерова Б.А., Қауашев С.Қ., Свамбаев А. Уранды жерасты скважиналық сілтілік жолменен өндіру кезіндегі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыздандырудың кейбір мәселері.....	54
Есимов Б.К., Майматаева А.Д. Жетісу өзендерінің планктонды кірпікшелерінің мерзімдік өзгерістері.....	57
Төленбек И.М., Мүсіреп Л.Қ. Оқушылар денесінің даму көрсеткіштерін салыстырмалы зерттеу.....	60
Божбанов А.Ж. Биологические свойства колициногенного штамма E. Coli A-20.....	64
Бекенова Н.А., Джамилова С.М., Кумаева И.Т., Грачев А.А. Лошадь Пржевальского в ГНПП «Алтын-Эмель».....	66

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Естественно-географические науки»
№ 1 (27), 2011 г.

Периодичность - 4 номера в год.
Выходит с 2001 года.

Главный редактор
д.х.н., проф. М.Е. Ермаганбетов

Зам.гл.редактора:
д.п.н., проф. Ж.Б. Шильдебаяев,
д.г.н., проф. О.Б.Мазбаев

Члены редколлегии:

д.г.н., проф., академик НАН РК
А.С. Бейсенова,
д.х.н., проф., академик НАН РК
Е.А. Бектуров,
д.б.н., **Ж.Ж. Жатканбаев,**
д.г.н., проф. **А.Н. Нигметов** (Узбекистан),
д.б.н., проф. **Б.А. Тохторалиев** (Кыргызстан),
д.г.н. **А.А. Эргешов** (Кыргызстан),
д.г.н., проф. **Н.А. Родионова** (Россия),
д.п.н., проф. **Ж.А. Шоқыбаев,**
д.х.н., проф. **Т.О. Омаркулов,**
д.п.н., проф. **Н.К. Ахметов,**
д.г.н., проф. **М.Е. Белгибаев,**
д.б.н., проф. **Е.Т. Тазабекова,**
д.б.н., проф. **Л.Б. Сейлова,**
д.м.н., проф. **С.К. Кауашев,**
д.х.н., проф. **Н.А. Бектенов,**
д.б.н., проф. **К.С. Рымжанов,**
д.п.н., проф. **А.А. Саипов**

Ответственный секретарь
к.х.н. А.Е. Сагимбаева

© Казахский национальный педагогический университет им Абая, 2011
Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. N 10110 – Ж

Подписано в печать 12.04.2011.
Формат 60x84 1/8. Объем 15,7 уч.-издл.
Тираж 300 экз. Заказ 120.

050010, г. Алматы, пр. Достык, 13.
КазНПУ им. Абая
Типография производственно-рекламного отдела
Казахского национального педагогического университета имени Абая

ЭКОЛОГИЯ

Жунисбекова В.Ж., Каймулдинова К.Д. Балқаш көлінің қазіргі экологиялық ахуалы	71
Джусупова Д.Б., Нуртаев С. Охрана водных ресурсов – важный фактор устойчивого развития Казахстана.....	73
Бабашев А.М., Бабаева С.М. Автокөліктерден бөлінетін заттардың организмге әсері.....	77
Құспанова А.К. Атырау өңірі тұрғындары денсаулық жағдайының медико – географиялық мониторингі.....	82

**ПӘНДЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ
МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ДИСЦИПЛИН**

Агишева А.А., Чилдебаев Ж.Б., Манапов Н.Т. Значение навыков работы в сети интернет в решении задач НИРС.....	85
Мейірова Г.И., Сайлау Г. Орта мектепте химияны тереңдетіп оқыту	90
Избасарова Р.Ш., Абдрасилова Н.А. Дидактическая взаимосвязь слова, понятия и термина в процессе обучения школьников.....	95
Өнербаева З.О., Самихова М.Р. Жаратылыстану пәндерін оқытуда политехникалық білім беру мен пәнаралық байланысты іске асырудың жолдары.....	97
Алишева Р.Т. Особенности научно-исследовательской работы студентов.....	100
Камназарова М.А. Дифференцированное обучение на уроках географии.....	103
Иманқұлова Р.А. Экологиядан білім тексеруді жетілдіру жолдары.....	106
Өнербаева З.О., Уақбаева Г., Атыханова С. Негіздер, құрамы, химиялық қасиеттері тақырыбы бойынша кеңейтілген сабақ жоспар конспекті үлгісі.....	108
Имангалиева Б.С., Назарбаева Ж.Б. Химия сабағында химия-экологиялық мазмұнды есептерді қолдану.....	114
Джунусова Р.Ж. Жоғары оқу орындарында жобалау технологиясын қолдану мүмкіндіктері.....	118

ТУРИЗМ

Мазбаев О.Б., Бекбаева Г.Н. Туризм индустриясының дамуының теориялық алғышарттары	121
Алшымбеков С.Қ., Омаров Қ.М. Экскурсоводтардың этнография материалдарын пайдалануға даярлықтарын қалыптастыру.....	124
Токпанов Е.А., Есмсейтова Ж.А. Жетісу өңірі табиғатын туристік мақсатта тиімді пайдаланудың географиялық негіздері. Қастер С., Қалдыбекова Р. Ежелгі Үйсін жері – Алтын көпір немесе Сөз Іле Қазақ автономиялы облысы туралы.....	127
Буламбаев Ж.А., Чибисова Е. Анализ развития историко-археологического туризма в Алматинской области.....	133
Сағындықова Ж., Сағындықов А. Ұлы билер ұлағаты.....	136
Каримов Д.Ж. Рекреационные условия туристских маршрутов Кокшетау-Боровского курортного хозяйства.....	138

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің Білім және Ғылым Саласындағы Бақылау Комитеті Алқасының (2009 жылғы 21 мамырдан, №5 хаттама) шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Хабаршы» журналының «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы бойынша докторлық және кандидаттық диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін 02.00.00. - химия ғылымдары, 03.00.00. - биология ғылымдары, 13.00.00. (13.00.02.) – педагогика ғылымдары (теория және әдістемелік оқыту және тәрбиелеу/биология, химия, география, экология), 25.00.00 (25.00.23; 25.00.24; 25.00.36) - жер туралы ғылымдар (физикалық география және биогеография, топырақ географиясы және ландшафттар геохимиясы; экономикалық, әлеуметтік және саясаттану географиясы; геоэкология жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілгені туралы хабарлайды.

На основании решения Комитета по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (от 21 мая 2009 года, протокол №5) журнал «Вестник» КазНПУ им. Абая серия «Естественно – географические науки» внесен в перечень изданий 02.00.00. - химические науки, 03.00.00. - биологические науки, 13.00.00. (13.00.02.) – педагогические науки (теория и методика обучения и воспитания / биология, химия, география, экология), 25.00.00 (25.00.23; 25.00.24; 25.00.36) - науки о земле (физическая география и биогеография, география почв и геохимия ландшафтов; экономическая, социальная и политическая география; геоэкология) для публикации основных научных результатов докторских и кандидатских диссертаций.

Печатается методом прямого репродуцирования

ФАКУЛЬТЕТ ЖЫЛНАМАСЫ ЛЕТОПИСЬ ФАКУЛЬТЕТА

УДК 541.13

ЖУБАНОВ КАИР АХМЕТОВИЧ

(К 75-летию со дня рождения)

Н.К. Ахметов - д.п.н., профессор КазНПУ им. Абая,
Е.А. Аубакиров - д.х.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби,
Ж.Х. Ташмухамедова - к.х.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби,
А.Е. Сагимбаева - к.х.н., старший преподаватель КазНПУ им. Абая

Жубанов Каир Ахметович – академик НАН РК, доктор технических наук, профессор, директор НИИ новых химических технологий и материалов.

Вот уже более 45 лет он отдает свои знания и силы образованию и воспитанию студентов, также бакалавров и магистрантов, аспирантов и молодых сотрудников в стенах родного химического факультета КазНУ им. аль-Фараби.

А начинался долгий путь в науку Каира Ахметовича в далеком Темирском, а ныне Мугоджарском районе Актюбинской области, где он родился в 1935 году. Фамилия Жубановых уходит своими корнями в интеллектуальный слой казахского общества 19 века: дедушка Куан был посвященным человеком в районе, а после его смерти бабушка одна воспитала многочисленных детей, среди которых выделялись два брата, Кудайберген (1899 г) и Ахмет (1906 г). Старший брат, ученый – лингвист профессор, трагически погиб в сталинских застенках в 1938 году.

Ахмет Жубанов – отец Каира Ахметовича – композитор мирового уровня, классик казахской оперы, единственный академик АН КазССР по искусствоведению. Он вместе с женой Науат – матерью Каира вырастили и воспитали еще четверых детей – старшего сына Булата - академика НАН РК, доктора химических наук, профессора и трех сестер: Газизу - знаменитого композитора, народную артистку СССР, Ажар – доктора биологических наук, профессора и Розу – «скромного учителя музыки», по ее собственным словам.

Каир Ахметович пошел по стопам старшего брата и в 1953 г. поехал в Москву в нефтехимический институт им. И.М. Губкина. Вернувшись из Москвы дипломированным химиком-технологом, он поступает в аспирантуру к академику Д.В. Сокольскому – создателю школы катализа в Казахстане и второго в СССР Института катализа. Здесь Каир Ахметович организует лабораторию, где осуществит свои научные исследования, связанные с гидрированием растительных жиров. С 1970 г. он поступает на работу на химфак КазГУ, где работает доцентом, а затем заведующим кафедрой катализа и технической химии. Здесь наиболее полно развернулись его творческие, организаторские возможности.

За годы руководства кафедрой (с 1976 по 2001 г.) К.А. Жубановым создана не только самостоятельная научная школа, получившая признание в республике и за ее пределами, но и организована на более высоком количественном уровне педагогическая и научно-методическая деятельность кафедры.

Широкий круг научных разработок и внедренческих работ, среди которых выделяются пуск цехов по гидрированию жиров и жирных кислот на Горьковском масложиркомбинате, на Казанском химкомбинате, закономерно привели Каира Ахметовича в 1981 г. к защите докторской диссертации по техническим наукам.

Лекции, семинары, защиты кандидатских и докторских диссертаций, выступления на конференциях разного уровня, написание монографий, статей и постоянные «контакты» с производством, где осуществляется, так называемое «внедрение» научных разработок в народное хозяйство – вот постоянная работа К.А. Жубанова в последние годы.

Не останавливаясь на достигнутом, по примеру своего учителя, Каир Ахметович в 1992 г. организует на химическом факультете КазГУ Научно-исследовательский институт новых химических технологий и материалов. В институте работают ученые 7 кафедр факультета, а опытно-промышленная база находится на территории АО «Машиностроительный завод». И уже через 2 года Институт проводил

исследования по 37 темам с общим финансированием около 15 млн. тенге, что для 1994 г. большая сумма. Важно, что практически с момента своего образования институт выступает в качестве головной организации по нескольким республиканским программам фундаментальных исследований.

Академик К.А. Жубанов по праву считается одним из ведущих казахстанских ученых, подтверждением тому являются постоянные творческие контакты с учеными и технологами России, Китая, Кыргызстана и др. государств СНГ. Особенно плодотворными стали в последние годы визиты представителей университетов и промышленности КНР на химический факультет КазНУ и в Институт и ответные визиты в Китай. Результат таких контактов – подписанные соглашения о проведении совместных исследований и разработок в области получения синтетической, «угольной» нефти на базе углей китайских месторождений, производству угольных брикетов, переработке тяжелых остатков нефтепереработки в легкие углеводородные фракции и масла.

В настоящее время под руководством Каира Ахметовича разрабатываются комплексные методы переработки нефти, в т.ч. с высоким содержанием серы для Каражанбасского и Жетыбайского месторождений, проводятся исследовательские и строительно-монтажные работы по созданию минизаводов по переработке нефти до 200 т в сутки. Известно, что минизаводы – насущная необходимость в отдаленных районах и на малодебитных скважинах, при переработке так называемой «амбарной» нефти.

Каир Ахметович хорошо известен в кругах мировой научной общественности. Так, на проходившем в Польше экономическом форуме института восточноевропейских исследований он был избран в качестве руководителя дискуссионной панели энергетического сектора этого форума, в течение ряда лет он был членом экспертного совета INTAS, членом международного совета по катализу стран СНГ.

Весомы результаты работы Каира Ахметовича со студентами, аспирантами, диссертантами: им подготовлены сотни специалистов по катализу и нефтехимии, 7 докторов и 26 кандидатов наук. Он - автор 9 монографий, 10 учебных пособий и более 300 статей в научных журналах, им получено 60 авторских свидетельств СССР и патентов РК и 8 патентов стран дальнего зарубежья.

Пользуясь представленной возможностью, горячо и сердечно поздравляем юбиляра, желаем ему доброго здоровья и новых творческих успехов.

Түйін

Мақала ҚР ҒА академигі, профессор Қ.А. Жұбановтың 75-жылдық мерейтойына арналған. Мұнда ғалымның өмірі мен ғылыми еңбек жолы қысқаша баяндалған.

Summary

In the article it is devoted 75-year-old anniversary of academy of NAN RK, professor K.A. Zhubanov, includes a short material about a life and activity of the scientist.

УДК 373:26. (574)

М.Ш. ЯРМУХАМЕДОВ - КРУПНЫЙ УЧЕНЫЙ-МЕТОДИСТ, ГЕОГРАФ-ПЕДАГОГ

О.Б.Мазбаев - д.г.н., профессор КазНПУ им.Абая,
Т.О. Увалиев - ст.преподаватель КазНПУ им.Абая

Ярмухамедову Мухтаמידу Шамухамедовичу – широко известному в Казахстане методисту и видному экономико-географу республики, кандидату географических наук, профессору Казахского Национального педагогического университета имени Абая – в марте 2011 г. исполняется 90 лет со дня рождения. Он родился 3-марта 1921 г. в городе Алма-Ате. После окончания с отличием Талгарского сельскохозяйственного техникума в 1939 г. поступает учиться в Московскую сельскохозяйственную академию имени К.А. Тимирязева, но вскоре призывается на действительную военную службу в армию. С первого дня Великой Отечественной войны в составе кадровых войск участвует в боях на Западном фронте на территории Белоруссии.

После демобилизации в 1942 г. поступил учиться на географический факультет КазПИ имени

Абая. Ярмухамедов М. Ш. после окончания с отличием географического факультета КазПИ имени Абая в 1946 году был оставлен для продолжения учебы в аспирантуре по кафедре «Экономическая география и методика преподавания географии». С 1947 года начал работать ассистентом на этой же кафедре, после защиты кандидатской диссертации в 1951 г. работает старшим преподавателем, затем доцентом, зав. кафедрой и профессором кафедры экономической и социальной географии АГУ им. Абая. В середине 1950-х годов работал заместителем директора по учебной и научной части Казахского государственного женского педагогического института, оставаясь по прежнему одновременно доцентом кафедры «Экономическая география и МПГ» КазПИ имени Абая. А в 1964-66 г.г. и 1981-86 г.г. избирается заведующим вышеуказанной кафедры. Проработал же на этой кафедре ровно **50 лет**, до ухода на заслуженный отдых в сентябре 1997 года.

Велик вклад ученого в развитие и становление географического образования в Казахстане, особенно школьной, а также вузовской географии. Имя Мухтамида Шамухамедовича – автора учебных программ и концепции по географическому образованию, многочисленных учебно-методических пособий и учебников для средней и высшей школы по экономической и социальной географии республики, которые выдержали многочисленные переиздания, хорошо известно всей географической общественности страны.

В совершенстве владея казахским и русским языками за время многолетней работы в институте Мухтаמיד Шамухамедович Ярмухамедов показал себя хорошим лектором и опытным педагогом. Его лекции в научном отношении всегда были содержательны, современны, выслушивались студентами с большим интересом. Наряду с учебной работой Мухтаמיד Шамухамедович Ярмухамедов систематически выполнял большую научную и научно-методическую работу

Начиная с середины 50-х годов прошлого века в связи с наметившимся курсом на углубленное изучение географии своей республики в средних школах и педагогических вузах, М.Ш. Ярмухамедов с увлечением работает над созданием стабильных учебников и учебных пособий по «Экономической географии Казахской ССР» сначала для учителей географии, затем для учащихся 8 - 9 классов средней школы, а в начале 60-х годов и для студентов педагогических институтов. Кроме того, он принимает участие в качестве научного консультанта в создании учебной экономической карты Казахской ССР и цветного учебного фильма по экономической географии республики, выпущенного студией "Казахфильм".

В последующие годы он в составе коллектива авторов работал над написанием тома "Казахстан" (из серии юбилейного географического издания "Советский Союз", в 22-х томах), будучи одновременно одним из ответственных редакторов этого тома, выпущенного издательством "Мысль" в Москве. В 1970 - 80 гг. юбиляр через учебно-педагогическое издательство "Мектеп" выпустил несколько изданий (в т. ч. переработанных) учебных пособий и учебников для школ и педвузов по «Экономической и социальной географии Казахской ССР», составленных по новой программе, а также методического руководства к ним. После получения Казахстаном независимости он работал над подготовкой нового издания учебника по экономической и социальной географии суверенной республики для учащихся средней школы.

Во всех этих изданиях географы, в том числе учителя школы, находили и находят интересные материалы и разработки таких проблем по методике, как занимательность и краеведческий принцип в преподавании школьной географии, историзм в курсе этого предмета, пути самообразования учителя географии и совершенствования изучения географии своей республики, направленные на развитие экономико-географического мышления учащихся и многое другое. Всем работам Мухтамида Шамухамедовича присущ высокий идейно- теоретический уровень и новизна подхода к разработке проблем школьной географии. Велика его заслуга в подготовке педагогических кадров по географии высшей квалификации для страны. Он, как глубоко знающий школьную географию и опытный методист, часто выступал перед учителями школ республики. С 1960 года Мухтаמיד Шамухамедович систематически сотрудничал журналом " География в школе", в течение более 20 лет был членом редакционного совета этого журнала, в котором неоднократно публиковались его статьи. Из-под пера ведущего ученого в республике в области методики географии и экономической географии Казахстана вышли ряд брошюр и книг, несколько десятков научных и учебно-методических публикаций и статей. В студенческие годы ему посчастливилось близко знать выдающегося географа, одного из корифеев советской экономико-географической науки и её методики преподавания, автора первого, а затем многократно переиздававшегося стабильного учебника «Экономическая география СССР» для средней

школы Николая Николаевича Баранского, во многом содействовавшего его становлению, как экономико-географа и методиста.

По мнению М.Ш. Ярмухамедова: «Преподавание географии в средней школе, в особенности социально-экономической географии, должно сформировать в молодых умах выпускников школ – будущих фермеров, инженеров, экономистов, предпринимателей, ученых, руководителей, специалистов любой профессии – комплекс знаний и представлений, ясно ориентирующий способствовать развитию у них мировоззрения современного человека – рачительного хозяина своей страны, ее природных и материальных богатств, умеющего пользоваться ими грамотно и эффективно». Он, как ученик Героя Социалистического Труда, лауреата Государственной премии СССР, академика Н.Н. Баранского тоже мечтает – чтобы география стала народной наукой.

Мухтамид Шамухамедович участник Великой Отечественной войны, ветеран труда, награжден орденами «Славы» третьей степени, «Отечественной войны» первой степени и многими юбилейными медалями. М. Ш. Ярмухамедов за свою большую и плодотворную научно-педагогическую деятельность награжден также медалью имени Ы. Алтынсарина и отмечен значком «Отличник народного образования Казахской ССР».

За время работы на кафедре «Социально-экономическая география и методика преподавания географии», кроме многочисленных учебно-методических рекомендаций и типовых программ по социально-экономической географии Казахстана, он в общей сложности написал: три учебника и учебных пособия для студентов педвузов страны; шесть учебно-методических пособий для учителей географии республики; более десяти вариантов учебника для учащихся средних школ с изменениями и дополнениями; восемь книг и брошюр по географии республики. Кроме того, М. Ш. Ярмухамедовым опубликовано более 20 статей в научных сборниках и научно-методических журналах, а также около 40 статей в Казахской, Украинской и Детской энциклопедиях, несколько учебных карт и концепций географического образования в общеобразовательных школах республики. Таким образом, вся научная и научно-педагогическая деятельность Мухтамида Шамухамедовича Ярмухамедова неразрывно связана с созданием школьного и вузовского курсов по экономической и социальной географии Казахстана, а также подготовкой высококвалифицированных учительских кадров для школ республики. К этому следует добавить, что многочисленные его ученики, бывшие студенты нашего вуза, успешно работают во многих школах, научных учреждениях и в высших учебных заведениях республики.

Уважаемый Мухтамид Шамухамедович!

Мы гордимся тем, что Вы являетесь выпускником нашего факультета и педагогом многих поколений. В день знаменательного юбилея от всей души желаем доброго здоровья.

Түйін

Мақала Қазақстандағы белгілі методист, география ғылымдарының кандидаты, ҚазҰПУ профессоры М.Ш. Ярмухамедовтың 90-жылдық мерейтойына арналған, мұнда ғалымның өмірі мен ғылыми еңбек жолы қысқаша баяндалған.

Summary

In the article it is devoted 90-year-old anniversary of a professor M. Yarmukhamedov includes a short material about a life and activity of the scientist.

ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР НАУКИ О ЗЕМЛЕ

ӘӨЖ 551.4.042(574.14)

ОҢТҮСТІК МАҢҒЫСТАУ АУМАҒЫНДА ГЕОМОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ДИНАМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Д.М. Боранқұлова - г.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың доценті,

Ж. Рахым - Абай атындағы ҚазҰПУ-дың магистранты

Жер бедері адамның шаруашылық әрекеттілігі мен өмір сүру ортасының негізі бола тұра аймақ ландшафтының тірегі ретінде қызмет атқарады және табиғи ортаның кейбір құрамбөліктерінің өзгеруіне әсер етеді [1]. Жер беті *бедері* - кеңістік пен уақытта реттелген және физикалық (морфометриялық, морфодинамикалық), геофизикалық (гравитациялық, электромагниттік, сейсмикалық), физикалық-химиялық (заттық) көрсеткіштермен сипатталынатын күрделі бірлік. Қазіргі жер бедері динамикасын жүйелі талдау тәсілімен зерттеу - геоморфология ғылымының қолданбалы аспектілері болып табылады.

Оңтүстік Маңғыстау жер бедері өзінің сан-алуандығымен көзге түседі. Жел, су және күннің әрекеттері әсерінен өзіне тән түрлі көркем жер бедер пішіндерін жасайды. Бұл аумақ Қазақстанның қайталанбас өңірлерінің қатарына жатады.

Оңтүстік Маңғыстау аумағында қазіргі жер бедері пішіндерінің қалыптасуында платформаның үстіңгі құрылымдық қабатын, яғни платформаның тыс қабаттарын құрастыратын палеоген және одан жоғары жатқан неоген, төрттік қабаттары тікелей қатысады. Сонымен қатар, аумақ таужыныстарының карбонаттылық және борпылдақ қасиеттеріне байланысты қазіргі жер бедерін құрушы процестерге төзімді келеді де және антропогендік әсерлерге тез ұшырайды. Адамның әр түрлі өндірістік-шаруашылық әрекеттілігінен туындаған процестер мен құбылыстар және адам әрекетінен пайда болған қазіргі жер бедер пішіндерінің өзгеруі аумақта көрініс беруде [2].

Зерттелу аймағының жер бедері геологиялық ерекшелігіне, неотектоникалық қозғалыстарының сипатына және әр түрлі экзогендік жер бедерін құрушы факторларға байланысты қалыптасқан. Орографиялық тұрғыдан аумақ кең ауқымды, біршама тегіс бетті, үстіртті, шамалы бұйратты болып келеді. Жер бедерінің абсолюттік биіктігі сармат әктастарының еңісті жатуына байланысты оңтүстікке қарай бірте-бірте төмендейді.

Оңтүстік Маңғыстау өңірін көтеріңкі жазықтар мен тұйық ойпаңдар өлкесі деп атауға болады. Аумақтың шамалы бұйратты жазықтық бетін айнала қоршап сатыланған тік жарлы, құламалы беткейлермен көмкерілген ойпаңдар күрделендіре түседі. Бұл ойпаңдар – Қазақстан бойынша тек Маңғыстау жеріне ғана тән жер бедерінің пішіні. Бұлар кең көлемді, тереңділігі едәуір және түбі тегіс немесе ойлы-қырлы болып келеді. Қазіргі геологиялық кезеңде тұйық ойпаңдар белсенді даму үстінде. Ойпаңдардың даму барысында жан-жақтан айнала көмкерген тік жарлы беткейлерінің бұзылу процесі олардың қалыптасуында ерекше рөл атқарады. Ойпаңдар түбінде *тақырлар* мен *сорлар* дамыған [3].

Қарастырылған аумақтың біраз бөлігін Оңтүстік Маңғыстау иіндіойысы шегінде орналасқан *құрылымдық үстірт* алып жатыр. Үстірттің негізгі морфологиялық элементтері солтүстік-батыс бағытта созылған және жер бетінде саты түрінде көрініс береді. Бұл сатылар шекарасының терең қабаттарында дамыған тектоникалық жарылымдар мен флексураларға сәйкес келеді.

Зерттелу аймағындағы жер бедердің ерекше түріне ондағы жерасты үңгірлерін жатқызуға болады. Үңгірлердің пайда болуы – ұзақ уақытқа созылған геологиялық процестердің нәтижесі. Құрғақ климат пен таужыныстардың суда ерігіштігі үңгірлердің пайда болуында негізгі рөл атқарады. Әдетте ерігіш таужыныстарға әктас, доломит, гипс жатады. Жергілікті халық тілінде “үңгірлер” деген атаумен қатар “кеуек” деген сөз де қолданылады, ал тегістік бетіндегі кішкене бөлікшесінің еру нәтижесінде төмен түсуінен пайда болған шұңқырды маңғыстаулықтар “ойық” деп атайды. Үңгірлердің мұндай түрін карстық үңгірлер дейді. Сонымен қатар, үңгірлердің пайда болуы теңіз толқындарының қирату әрекетіне және карстық процестеріне тығыз байланысты. Карстық үңгірлерден басқа аумақта теңіз жағалық үңгірлер де дамыған. Жағалық үңгірлер Каспий теңізінің жағалауындағы және басқа да сай-салалар жағалауындағы жарларында кездеседі. Олар көбінесе неоген әктастар қабаттарының дамыған

өлкелерінде кеңінен қалыптасқан. Маңғыстау жеріндегі белгілі табиғи үңгірлердің қатарына *Өлі Қолтық, Қарашек, Тұзбайыр, Қарабауыр, Сағындық, Жазғұрлы, Қарамаю, Борлымүйіс, Жыланды, Үшауыз* және басқа да үңгірлерді жатқызуға болады. Үңгірлердің көбі көне заманнан белгілі. Кейбірі киелі орындар болып саналса, енді біразы уақытша адам тұрағы болған. Сонымен қатар өлкедегі көп тараған сәулет және тарихи ескерткіштер болып саналатын Шақпақ Ата, Шопан Ата, Бекет Ата, Қараман Ата сияқты жерасты мешіттерінің салынуына да осы үңгірлер ықпал еткен. Жалпы үңгірлердің танымдық, туристік маңызы зор [4].

Оңтүстік Маңғыстау үсті ірілі-ұсақты аласа тегіс бетті тау жұрнақтарымен, яғни төрткілдермен күрделенген. “Төрткілдер” көне түркі тілінде “төртбұрыш” деген мағынаны білдіреді, яғни төрт жағынан тік құламалы кертпештермен көмкерілген тегіс бетті тау жұрнақтары деген сөзден шыққан. Шығу тегі жағынан төрткілдер көне бедердің “қуәгері” (қалдық) болып табылады, көне таулардың бұзылуынан қалған, кеңістікте жалғыз оқшауланып қалған биік төбе немесе тау.

Бедердің, геоморфологиялық жүйенің қасиеті оның басқа да табиғи элементтермен және факторлармен, басқа да табиғи геожүйелермен өзара әрекеттесу қабілеттілігін анықтайды. Бедер қасиеті оның мәнімен анықталады. Бедердің (геоморфологиялық жүйенің) мәні – жүйелердің даму тенденциясы мен негізгі ерекшеліктерін анықтайтын байланыстар жиынтығы. «Ерекшелік» немесе жүйенің белгілері: бедер пішіндерінің әр түрлілігі, элементтер мен пішіндерінің мөлшерлестігі, олардың динамикалығы мен тұрақтылығы, денудация-аккумуляция процестерінің жиынтығы.

Қарастырылған аумақтың морфогенезіне бұзылған борпылдақ таужыныстар заттарының тасымалдануының рөлі ерекше. Мұндай борпылдақ материалының тасымалдануы аймақтың аридтік климат жағдайы және ағын суларының тапшылығы, жел әрекетінің қарқындалуына әкеп соғады. Оңтүстік Маңғыстау бедері өзінің сан-алуандығымен көзге түседі. Жел, су және күннің әрекеттері әсерінен өзіне тән түрлі көркем бедер пішіндерін жасайды, бұл жөнінен бұл аумақ Қазақстанның қайталанбас өңірлерінің қатарына жатады [5].

Оңтүстік Маңғыстау аймағының қазіргі жер бедерінің қалыптасуының табиғи факторларына, яғни геологиялық-геоморфологиялық құрлысы, климат және гидрологиялық жағдайларына, өсімдік пен топырақ жамылғысына кешенді, жүйелі талдау беріліп, олардың антропогендік әсерлеріндегі тиісті орны анықталды. Жер бедерінің қазіргі динамикалық тепе-теңдік жағдайын сақтау зерттелу аймағының табиғи ерекшеліктерін ескере отыра шаруашылық нысандары тиімді орналастыру, өндірістік жұмыстарын жүргізуді дұрыс ұйымдастырумен жүзеге асырылады.

Соңғы кезде адам әрекетінен қалыптасатын алуан түрлі антропогендік жер бедер пішіндері қазіргі экзогендік процестердің дамуына өзгерістер әкеліп, оның бағыттылығы мен қарқындылығына әсер етеді. Сондықтан да табиғи процестердің жағымсыз көрініс беруімен күресуде жоспарланған шараларда міндетті түрде табиғи құбылыстардың дамуындағы антропогендік жер бедер пішіндерінің рөлі ескерілуі қажет. Қазіргі уақытта инженерлік-шаруашылық кешендер мен табиғи жүйенің өзара қатар өмір сүру мәселесі шындыққа айналып отырғанда, адам мен табиғи орта қарым-қатынастарын теория жағынан ұқыпты зерттеу мен ғылыми тұрғыдан талдау ерекше маңызды мәнге ие болып отыр. Антропогендік жер бедерін құрушы процесс қазіргі кезде ең бір күшті геологиялық әрекетке айналды. Оның қарқыны ешбір табиғи процестен кем емес және жер бедеріне тигізетін әсері айтарлықтай. Антропогендік жер бедерін құрушы процестер көптеген жағдайда зерттелу аймақтың геоэкологиялық кернеулігін елеулі күшейтеді.

Қазіргі таңда антропогендік әсерлер жер бедердің өзгеруінде ең маңызды фактор ретінде жылдан-жылға өсіп келеді, соның салдарынан қоршаған ортаның табиғи тепе-теңдік жағдайы бұзылып әр түрлі өзгерістер пайда болуда. Кейде мұндай әрекеттер ғаламдық көлемдегі ірі өзгерістерді туғызады. Сонымен қатар бұл әрекеттер табиғи экзогеодинамикалық процестердің, яғни эолдық процестер (дефляция және аккумуляция), сортаңдану, ластану және т.б. зиянды құбылыстар арқылы одан әрі жандана түседі.

Адамзат қоғамы даму барысындағы қарқынды өндірістік-шаруашылық әрекеттер табиғи ортаға айтарлықтай ықпал етті. Осы адамзат пен табиғат арасындағы өзара ықпалдасу қазіргі замандық геоэкологиялық жағдайды анықтайды. Геоэкологиялық жағдай табиғи және антропогендік факторлардың өзара әрекеттілік нәтижесінде қалыптасады.

Жер бедерді жүйелі талдауда геоморфологиялық әдістер де қолданылады, олар: морфологиялық, морфометриялық, морфогенетикалық және морфоқұрылымдық, сонымен қатар геоморфологиялық

картографиялау. Бұл әдістерді қолдану барысында жағымсыз экологиялық жағдайдың дамуына әсер ететін басты жер бедерін пішіндерінің сипаттамалары арқылы айқындалады.

Зерттеулер тәсілдерінің көптігіне қарамастан әр түрлі табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларындағы геоэкожүйенің элементі ретінде жер бедері мен жер бедерін құрушы процестерді экологиялық тұрғыдан бағалау әдістері толықтыруды қажет етеді. Геоэкологиялық зерттеулердің ұстанымдары мен тәсілдерін талдау негізінде Оңтүстік Маңғыстаудың геоэкологиялық жағдайын зерттеу барысында жүйелік тәсілдер кеңінен қолданыс табады.

Зерттелу аймағының қазіргі табиғи жағдайының негізгі факторы геоэкологиялық жағдайымен сипатталынатын ауданның экологиялық ахуалы. Қазіргі кезде қарастырылып отырған аумақ ресми түрде экологиялық апатты аймақ болып есептелінбейді. Дегенмен бұл апатты аймақ емес екен деп жұбанбау керек. Бұл іске жеңіл-желпі, шалағай қараушылық деп есептеу ләзім. Шынында кейінгі бірнеше онжыл ішінде табиғи ресурстарды игеру істері экологиялық және әлеуметтік салаларды есепке алусыз жүргізілуде [6].

Оңтүстік Маңғыстау аумағында мұнай және газ кенорындарын игерудегі экологиялық қауіпсіздік мәселелері қанағаттанарлықсыз дәрежеде, себебі табиғи жер ресурстары орынсыз пайдаланылуда, оның жел және су эрозияларына ұшырауының қадағаланбауы нәтижесінде қарастырылған аумақ біршама апатты жағдайға ұшыраған және қазіргі уақытта геоморфологиялық жүйелердің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етпейді.

Елімізде және Маңғыстау өңірінде тұратын халықтың өмірін жақсартуға қажетті мұнай мен газ қорлары орасан зор экономикалық әлеует болып саналады. Алайда бұл әлеуетті көбірек ұтымдылықпен жүзеге асыру мақсатында мұнай-газ өндіру жұмыстары экологиялық қауіпсіздік нормаларына сәйкес жағдайда жүргізілуі тиіс. Сондықтан да, қоршаған ортаны қорғау – қарастырылып отырған аумақтың аса маңызды міндеттері.

Пайдалы қазбалар кенорындарын тиімді игеру аймақтың экономикалық дамуының негізін қалаушы фактор болып табылады. Осыған байланысты қоршаған ортаны қорғау мен аймақтағы табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелері айрықша маңызға ие. Зерттелу аумағында қалыптасып отырған экологиялық жағдайға байланысты табиғи ортаны қорғаудың келесі шаралары ұсынылып отыр: пайдалы қазбаларды (құрылыстық материалдар өндіретін ашық кеніштер) ашық әдіспен өндірілетін ауданның өсімдік-топырақ жамылғысын қайта қалпына келтіру; құрылыс барысында карстық және суффузиялық процестерге бейімділігін есепке алу; мұнайөнімдерімен ластанған жерлерді тазарту; сызықтық құрылыстарды (жолдар, мұнай-газ және су құбырлары) жыралық эрозия және дефляциялық процестерден қорғау; жағалау зоналарда орналасқан құрылыстарды абразиялық процесінен қорғау; қауіпті опырылымалар, жылжымалар және тағы басқа гравитациялық процестер дамыған беткейлерді бекіту; жайылымдық жерлерді тоздан қорғау үшін азықтық шөптерді үстемелеп қосымша егу; табиғи, археологиялық және тарихи ескерткіштерді қорғау.

Жер бедері – бұл күрделі ұйымдастырылған табиғи нысан. Жүйелі көзқарас тұрғысынан жер бедері басқа да табиғи жүйелермен тығыз әрекеттесуші динамикалық жүйе ретінде қарастырылады.

1 Клейнер Ю.М., Кузнецов Ю.Я. Структурно-геоморфологическая характеристика Южного Мангышлака и некоторые вопросы формирования рельефа этой территории // В сб.: Геоморфол. методы при нефтегазопроисковых работах / Тр.ВНИГРИ. - М., 1966. - Вып. 54.

2 Тимофеев Д.А. Экологическая геоморфология: объект, цели и задачи // Геоморфология. - 1991. -№1.

3 Қоңдыбаев С. Маңғыстау географиясы. -Алматы: Қанағат-ҚС, 1997.

4 Гохштейн В.И., Иванов Л.В. и др. Геоморфология и четвертичные отложения полуостровов Мангышлак и Бузачи: Окончательный отчет по работам 1964-1966. - Алма-Ата, 1967.

5 Геллер С.Ю. Бессточные впадины южного Мангышлака и возможное их промышленное использование // Изд. АН СССР. Серия геогр. - 1954. - №2.

6 Чигаркин А.В. Региональная геоэкология Казахстана. - Алматы: Қазақ университеті, 2000.

Резюме

Формирование геоморфологических систем и современное динамическое развитие

В данной статье рассматриваются факторы формирования геоморфологических систем, анализируются механизмы взаимодействия на рельеф. Определено, что изменение пространственных структур рельефа Южного Мангыстау влечет за собой негативные экологические последствия.

Summary

Formation of Geomorphological System and Modern Dynamic Development

Given article deals with the factors of formation of geomorphological system and mechanism of interaction on relief are analyzed. It has been identified that the changes spatial structure of the relief of South Mangystau brings negative ecological consequences.

ӘОЖ 911.(574.510)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰНАЙ-ГАЗ КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ ОРНАЛАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Д.И. Жангелдина - п.э.к., Абай атындағы ҚазҰПУ доценті

Батыс Қазақстан – шаруашылығы жағынан ерекше орын алатын мұнай-газ өндіретін және өңдейтін, сонымен қатар газ, хромит, никель, феррокорытпа, минералды тыңайтқыштар және мұнай өнеркәсібі үшін құрал-жабдықтар өңдейтін аудан.

Еліміздің батысында орналасқан бұл экономикалық аудан-Ресей Федерациясының Шығыс Еуропа жазығы мен Орта Азия шөлдерінің аралығында орналасқан.

Батыс Қазақстанға Шығыс Еуропа жазығының оңтүстік-шығысы енеді. Осы бөлігі Мұғалжар және Үстіртпен, оңтүстігінде Маңғыстаумен шектеседі. Жалпы Сырт қыраты, Каспий маңы ойпаты және Жем алды үстірті осы аймақтың құрамына енеді.

Бұл аймақ геологиялық дамуы мен тектоникалық құрылымы жөнінен ежелгі Шығыс Еуропа платформасының оңтүстік-шығыс бөлігі болып, ұзақ уақыт су астында жатып, біртіндеп көтерілу нәтижесінде қазіргі қалпына келген. Каспий маңы майысуға көп ұшыраған. Сондықтан мұнда әр түрлі жастағы шөгінді жыныстардың өте қалың қабаты таралған [1].

Каспий маңы ойпаты бергі дәуірдің өзінде теңіз табаны болған, онда күмбез тәрізді қыраттар да кездеседі. Мұнай, гипс, ас тұзы және тағы басқа пайдалы қазбалардың кен орындары осы тұз күмбездерімен байланысты.

Осы аймақтың негізгі байлығы мұнай мен газ. Олар жер қабаттарындағы тұзды күмбездердің көтерілуіне байланысты пайда болған жарықшақтарға жиналған. Қазір бұл ауданда Теңіз, Қарашығанақ, Жаңажол сияқты мұнай мен газ кен орындары жұмыс істейді.

Осындай географиялық жағдайына байланысты климаты шұғыл континентті, әрі құрғақ. Қысы суық, аумағының көпшілік бөлігін шөл және шөлейт алып жатқандықтан тұщы су тапшылығы байқалады.

Осы аймақ – республиканың халық сирек қоныстанған шөлді ауданы. Каспий маңы ойпатын, Жалпы Сырт пен Орал тауларының оңтүстік бөлігін, Маңғыстау түбегін, Үстірт, Мұғалжар тауларын, Туран ойпатының солтүстік-батысын алып жатыр.

Батыс Қазақстан республикамызда жер көлемі жөнінен бірінші орын алатын экономикалық аудан. Экономикалық ауданға Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстары кіреді. Аумағы -736,1 мың шаршы шақырым.

Бұл ауданның жер қойнауында пайдалы қазбалар көп. Бірақ бүгінгі күнге дейін кен көлемде пайдаланылмай келеді[2].

Мұнда, ең алдымен, Доссор және Мақат мұнай кәсіпшіліктері пайда болды. Содан кейін Ембі алабы, Маңғыстау түбегіндегі мұнай мен газды өндіру, Атырауда мұнай өңдеу, полиэтилен өндіру, ал Жаңаөзен мен Теңізде газ өнеркәсіптері дамыған.

Ақтау қаласында мұнай, газ және химия өнімдерінің негізінде пластмасса жасап шығарылады.

Еліміздегі ірі мұнай мен газ кен орындары Атырау-Ембі және Маңғыстау аумақтарында шоғырланған. Мұнай өндіру 1899 жылдан бастап Ембіде өндіріле бастады. 1911 жылдан Доссор, 1915 жылдан бастап Мақат кен орындары мұнайды тұрақты өндіруде. 1979 жылы Атырау облысында ашылған Теңіз - әлемдегі ірі мұнай кен орындарының бірі. 1993 жылы Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» компаниясы арасында «Теңізшевройл» серіктестігі құрылып, Теңіз және Королев мұнай кені игеріле бастады. Каспий қайраңында мұнайдың өте бай қоры шоғырланған. Каспий қайраңында қоры мол Қашаған, Құрманғазы, Ақтоты, Қайраң кендері бар. 2000 жылдың шілде айында Қашаған кен орнын бұрғылау барысында мұнайдың мол қоры бар екендігі анықталды.

Соңғы жылдары Бозашы түбегіндегі Қаламқас және Қаражамбас жаңа мұнай кен орындары игерілді. Батыс Қазақстанда республикада ең алғаш салынған Атырау мұнай өңдеу зауыты жұмыс істейді. Ол Атырау-Ембі және Маңғыстау алабы мұнайын өңдейді. Зауатты мұнаймен қамтамасыз ету мақсатында Ақтау – Атырау мұнай құбыры салынған.

Ембі мұнайының күкірті, парафині аз, технологиялық сапасы жоғары, одан алынған жанармай өте жоғары бағаланады. Маңғыстау мұнайының құрамында күкірт жоқ, қарамай аз, бірақ парафин көбірек болып келеді. Парафинді мұнай жылдам қатады, сондықтан оны құбырмен тасымалдау үшін қосымша жылу беріп отыру керек.

Газ өнеркәсібі дамыған жерлері. Газ – толық жанатын, ауаны ластанайтын, құбыр жолымен тасымалданатын отын түрі. Газ мұнаймен бірге және табиғи жеке түрде де кездеседі. Мұнайдың қосалқы газы Атырау-Ембі бассейнінде кездеседі. Маңғыстау түбегіндегі Теңге, Үстірт кен орындарында табиғи газ мол. Жалпы газдың ірі кен орындарына Қарашығанақ, Имаш, Жаңажол, Батыс Прорва, Тасболат, Шынар, Өзен т.б. жатады.

1980 жылдардан бастап, Батыс Қазақстан облысының солтүстігінде Қарашығанақ газ-конденсаты игерілуде. Ол Қазақстан газ қорының жетпіс пайызын құрайды. Оны өндіруге әлемнің ЭНИ (Италия)Бритишгаз, Шеврон Тексако (АҚШ) және Лукойл (Ресей) сияқты ірі компаниялары қатысуда. Газдың құрамында химия өнеркәсібінде пайдаланатын конденсат түріндегі шикізат мол. Атырау облысындағы Теңіз мұнай кенінде және Жаңажол қаласында газ өңдеу зауыттары жұмыс істейді.

Алпысыншы жылдардан бастап мұнай мен газ ірі кен орындарының ашылуымен Батыс Қазақстан экономикасы дами бастады. Мұнай, газ кен орындарын игеруге байланысты Мақаттан Ақтауға және Жаңаөзенге теміржол тартылды. Сөйтіп, Маңғыстау облысының аумағында Атырау – Ор теміржол жүйесі қалыптасты.

Батыс Қазақстан өнеркәсібінің дамыған салалары – мұнай, газ және химия өнеркәсіптері. Сонымен қатар, Атыраудағы машина жасау зауыты, Ақтөбедегі рентген аппаратурасы зауыты, сондай-ақ, Орал қаласындағы механикалық арматура, аспап, құрылыс-монтаж құралдарын жасайтын және кеме жөндейтін зауыттар кіреді.

Ірі химия өнеркәсібінде – Атырау полиэтилен зауыты, Ақтөбе хром қоспалары зауыты, Ақтөбе химия комбинаты кіреді. Осы химия комбинаты жергілікті фосфориттер мен Каспий маңының тұздарын пайдаланады[3].

Сонымен қатар, әктас, мергель, гипс сияқты құрылыс материалдарына бай. Маңғыстауда ұлутас өндіретін карьерлер жұмыс істейді. Әктас, ұлутас – Ақтаудың негізгі құрылыс материалдары болып табылады.

Тамақ өнеркәсібінде балық өңдеу саласы жақсы дамыған. Бұл экономикалық ауданда балық зауыттарымен қоса, балық өңдейтін бірнеше кәсіпорындар да бар. Солардың ішіндегі ең ірісі – Атырау балық өңдеу комбинаты. Одан басқа Ералиев және Баутино қалаларында орналасқан балық-консерві зауыттары жұмыс істейді.

Мұнай мен газ өніруді дамытуда осы аймаққа кіретін әрбір облыстың өзіндік ерекшеліктері мен орасан зор үлестері бар. Олардың қатарына Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары жатады.

Ақтөбе облысының орталығы –Ақтөбе қаласы. Облыстың солтүстігінде халық тығыз орналасқан. Жаңа кендердің ашылуына өнеркәсіп пен жол қатынастарының қаулау дамуына байланысты Алға, Октябрь, Хромтау, Ембі қалалары, Батамшы, Біршоғыр, Шұбаршы қала типтес елді мекендері

қалыптасты. Облыста бір мың бір жүздей ірілі-ұсақты кәсіпорын бар. Көпшілігі Ақтөбе қаласында. Кенқияқ пен Шұбарқұдықта мұнай, Үстірттегі Бозойда газ өндіріледі.

Атырау облысы 1938 жылы қаңтардың 15-інде құрылған. Орталығы –Атырау қаласы. Атырау облысының жер қойнауы пайдалы қазбаларға бай. Мұнай мен газдың, Индер көліндегі борат пен калий тұзының маңызы орасан зор. Бұдан басқа гипс, ас тұзы, натрий сульфаты, қоңыр көмір, фосфорит кен орындары бар.

Өнеркәсіптің басты саласы – мұнай өндіру және мұнай өңдеу. Ірі мұнай кәсіпшіліктері - Мақат, Доссор, Қосшағыл , Құлсары, Прорва. Теңіз, Ембі мен Маңғыстаудағы 18 мұнай кәсіпшілігі өндірген мұнайдың жеті миллион тоннасын Атыраудағы арнаулы мұнай өңдеу зауыты өңдейді. Жетекші өндіріс салалары – балық және мұнай-химия өндірісі. Атырау химия зауыты Индер көлінен борат өндіреді.

Жетекші өндіріс салалары – балық және мұнай-химия өндірісі болып табылады. Атырау машина жасау зауыты мұнай өнеркәсібіне қажетті құрал-жабдықтар шығарады.

Облыс орталығы - Атырау қаласы. Қалада мұнай өңдейтін, аса ірі балық консерві комбинаты, кеме жөндеу, бөшке-жәшік және сүт зауыттары, ет, нан комбинанттары, электр станциялары бар.

Батыс Қазақстан облысы – орталығы Орал қаласы. Батыс Қазақстан облысында қазіргі уақытта тоқсаннан астам ірі өнеркәсіп орындары жұмыс істейді, оның көбі халық тұтынатын өнімдер шығарады.

Бұл экономикалық ауданда химия өнеркәсібі дамыған. Облыс экономикасында мұнай мен табиғи газ өндіруге қатысты өнеркәсіп салаларының кешендері үлкен орын алады. Облыстағы ірі өнеркәсіп орындары – Орал арматура зауыты, Орал механика зауыты, металл бұйымдарын жасау зауыты және ірі машина жасау зауыты, металл бұйымдарын жасау зауыты және ірі машина жасау зауыттары. Сондай-ақ, мұнай және химия өндірісіне керекті құрал-жабдықтар дайындау, аспап жасау, құрылыс-монтаж құралдарын жасау және кеме жөндеу өндірістері де жақсы жолға қойылған [4].

Маңғыстау облысы Каспий теңізінің шығысында орналасқан. Құрамында 3 аудан, 3 қала, 11 елді мекен бар. Орталығы – Ақтау қаласы.

Маңғыстау облысы теңіз деңгейінен едәуір төмен жатқан жазықта орналасқан. Облыстың орталық бөлігінде солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай мезозой, кайнозой шөгінділерінен тұратын жазықтар мен Маңғыстау тауының жотасы созылып жатыр. Тау жотасы терең аңғарлармен тілімденген. Маңғыстау облысының солтүстік-шығысында теңіз деңгейінен төмен Қаракия (-132 м) ойысы бар. Маңғыстау тауының оңтүстік-шығысында Маңғыстау үстірті орналасқан. Маңғыстаудың аласа таулы өлкесі мезозой дәуірінде пермь-триас құмтастары мен әктастарынан , тағы басқа жыныстардың қосындыларынан түзілген. Тау жотасы ғана тік, жалаңаш, жартасты. Қаратаумен қатарласа оның солтүстігі мен оңтүстігінде солтүстік және оңтүстік Ақтау созылып жатады. Олар жоғары бор дәуірінің әктасынан тұрады. Ақтау деп аталуы осыдан. Ақтаудан оңтүстікке қарай қыратты жартылай шөлді дала басталады. Ол түгелдей ұлутасты –солитті әктастардан, Каспий жағасына таяу беті саз балшықтарынан түзілген.

Маңғыстау еліміздің мұнайлы аймағының бірі. Ондағы Өзен, Жетібай кеніштерінде өндірілген мұнай Қазақстаннан тысқары жерлерге де теңіз порттары арқылы тасымалдануда. Маңғыстауда және басқа аймақтарда темір, мыс, фосфорит, марганец кендері ашылған.

Облыс жартылай шөлейтті шөл аймақта орналасқан. Бұл ауыл шаруашылығын өркендетуді қиындатады. Ауыл шаруашылығының жетекші саласы мал өсіру, оның ішінде қой және түйе шаруашылығы.

Бұл облыста балық өнеркәсібі жақсы дамыған. Балық шаруашылығының ірі орталықтары – Баутино балық-консерві комбинаты және Ералиев балық зауыттары.

Тамақ өнеркәсібінің басқа саласынан елеулі орынды ет комбинаты мен Ақтау қаласындағы сүт зауыты алады. Ақтауда сонымен қатар химия зауыты, құрылысқа керекті қабыршақ тас өндіретін карьер, темір-бетон конструкцияларын өндіретін зауыт, жылу және атом электр станциясы орналасқан. Ералиев қала типтес елді мекенінде тоқыма фабрикасы бар.

Ақтау - Маңғыстау облысының орталығы тез өсіп келе жатқан мұнай өнеркәсібін ұйымдастырушы орталық.

Жылу электр орталығы табиғи газбен жұмыс істейді. Қалада су тұщыландыратын қондырғы, атом электр станциясы, пластмасса , тіс пастасын шығаратын зауыттар, құрылыс кәсіпорындары бар. Мұнда 1992 жылы мұнай өңдейтін зауыт салынып, іске қосылды.

Жалпы алғанда Батыс Қазақстанда мұнай-газ өндірісі дамыған. Мұнайдың болашағы зор бассейндері белгілі, олар Атырау-Ембі және Маңғыстау аумақтарында, Каспий қайраңында шоғырланған.

Мұнай-газ кен орындарын игеру жұмыстарын жетілдіру - Батыс Қазақстан аймағының ролін арттыра түседі. Себебі, мұнай-газ өндіру еліміздің экономикасын дамытудың бірден-бір көзі болып табылады.

1.Бейсенова Ә.С., Карпеков Қ.Д. Қазақстанның физикалық географиясы. - Алматы: Атамұра, 2004. - 255 б.

2.Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы /Е.Ахметов, Н.Кәрібаева, Б.Асубаев. - Алматы, 2005. - 175 б.

3.КаргажановЗ.К., Баймырзаев К.М. Экономической механизм природопользования. –Алматы: Ғылым, 2000

4.Надиров Н.К. Нефть и газ Казахстана. - Алматы, 1995. - 445 с.

Резюме

В статье проанализировано состояние развития, особенности месторасположения нефте-газовой промышленности Западного Казахстана. Раскрыты особенности и влияние факторов данной отрасли на развитие территориально-производственного комплекса Западного Казахстана.

Summary

In given article the state of development of industry in West Kazakhstan and the features of location of industry is analyzed. The features and the impacts of factors of given sphere on development of territorial-production complex of West Kazakhstan are revealed.

УДК 91(091)

АЛАКӨЛ КӨЛІНІҢ АКВАЛЬДЫ АУМАҚТЫҚ КЕШЕНДЕРІН РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ БОНИТИРОВКАЛАУ ӘДІСІ

Б.Қ. Асубаев - *д.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ*

Тұрғындардың демалысын ұйымдастыруда көлдер мен су қоймалары ерекше орын алады. Олар ландшафттардың көріктілігі мен тартымдылығын біршама арттырып, алуан түрлі рекреациялық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Дүниежүзілік статистиканың деректеріне сәйкес ұзақ мерзімді демалыс мекемелерінің 85-90% , қысқа мерзімді демалыс мекемелерінің 90-95% көлдер мен су қоймаларының жағалауларында шоғырланған [1].

Қазақстан Республикасында су нысандарын рекреациялық мақсатта пайдалануға деген сұраныстың тұрақты түрде жылдан-жылға артуы мен қатар су ресурстарының сапалық және сандық тапшылығының артуы Алакөл, Балқаш, Шортанды, Зайсан көлдері мен Қапшағай, Шардара, Бұқтырма сыяқты су қоймаларын туризм мен демалысты дамыту мақсатында тиімді пайдалану үшін рекреациялық бонитировкалауды қажет етеді.

Аридті аймақта орналасқан еліміз аумағындағы көлдер мен су қоймаларын рекреациялық пайдалану дәрежесіне қарай республикалық, өңірлік және жергілікті деп үш ірі топқа бөліп қарастыруға болады. Көлдер мен су қоймаларын рекреациялық пайдалануды оңтайландыру үшін олардың аквальды-аумақтық кешендерін (ААК), немесе су нысандарының жеке телімдерінің рекреациялық құндылықтарын бағалау жұмыстарын жүргізеді.

Көлдер мен су қоймаларының ААК бонитировкалау табиғи ортаның құрамдас бөліктерінің демалыстың жекелеген түрлерін дамытуға қолайлылығын бағалау арқылы жүзеге асырылады. Бағаланатын табиғаттың әр бір құрамдас бөліктері үшін оңтайлы бағалау шегі таңдалып, оларға сәйкес келетін сандық өлшемдер жасалады [2]. Су жинайтын аумақтық табиғат кешендерін бонитировкалаудың

мақсаты мен ауқымына, аумақтың ландшафттық құрылымының күрделілігіне, шаруашылықтық мақсатта игерілу сипаты мен дәрежесіне сәйкес сандық өлшемдер 5-20 аралығында ауытқиды.

Бонитировкалау нәтижелерін математикалық өңдеу үшін әр құрамдас бөліктеріне тең келетін мөлшерде анықтайтын өлшемдер алынады. Атап айтсақ, топырақ үшін қарастырылатын рекреациялық іс-әрекет түрлерінде ерекше орын алатын маңызды бес негізгі көрсеткіштер іріктеліп алынады. Ол көрсеткіштер жер бедері, климат, өсімдіктер жамылғысы сыяқты бағаланатын табиғаттың басқа да құрамдас бөліктерін қамту сипатын ескеруі тиіс. Алынған нәтижелерді өңдеу мен әр бір сандық өлшемдерді салыстыру қолайлы болу үшін оларды сәйкес келетін балмен бағалайды. Ең жоғарғы балл жиынтығы ресурстық бонитеттің бірінші (жоғарғы) сыныбына жатқызылып, бағаланатын аумақ барлық көрсеткіштері жағынан демалыстың белгілі бір түріне сәйкес келіп, оның кері әсерінен өзгеріске ұшырау дәрежесі төмен болады.

Бірінші (I) сыныпты қолайлы рекреациялық жерлер мелеоративтік шаралар жүргізілместен рекреациялық мақсатта қолданылады. Екінші (II) сыныпты салыстырмалы қолайлы шамалы жақсартуды ал, үшінші (III) қолайсыз сынып демалыстың белгілі бір түрін дамыту мақсатында қолдану үшін жағалауларды түзету, жағажайларға құм төгу, көл табанын тазалау сыяқты аумақтың рекреациялық сипатын жақсартуды қажет ететін мелеоративтік кешенді өңдеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының шөлді аймақтарында Алакөл көлдер жүйесін болашақта рекреациялық игеру үшін алты рекреациялық бонитеттік сыныпқа жіктеуге болады. Олардың қатарына алдын-ала мелеоративтік шараларды жүргізбестен рекреациялық іс-әрекеттің барлық түрлерін жүргізуге болатын қолайлылығы аса жоғары жарамдылығы I сыныпты жерлер; алдын-ала мелеоративтік шараларды жүргізбестен рекреациялық іс-әрекеттің барлық түрлерін жүргізуге болатын қолайлылығы жоғары жарамдылығы II сыныпты жерлер; рекреацияның жекелеген түрлерін жүргізуге пайдаланылуы мүмкін қолайлы жарамдылығы III сыныпты жерлер; қарапайым мелеорациялық шараларды жүргізген жағдайда рекреациялық іс-әрекеттердің құрылымын кеңейтуге мүмкіндік беретін демалыстың жекелеген түрлерін дамытуға болатын салыстырмалы қолайлы жарамдылығы IV сыныпты жерлер; рекреациялық іс-әрекеттің тиімділігін арттыру үшін кешенді мелеорациялық шараларды жүргізуді қажет ететін тек рекреациялық іс-әрекеттің жекелеген түрлерін дамыту мақсатында қолданылатын қолайлылығы төмен жарамдылығы V сыныпты жерлер; табиғи немесе антропогендік факторлардың салдарынан жарамсызданған қолайсыз, жарамдылығы VI сыныпты жерлерді жатқызуға болады [3].

Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы отандық және шет елдік демалушылар бір шама көп келетін аймақ Алакөл жүйесіндегі көлдер болып табылады. Тарбағатай және Жетісу Алатауы аралығындағы өзі аттас тектоникалық ойыста орналасқан Алакөл Ақтоғай-Транссібір, Достық-Алашанқай темір жолы мен Алматы-Семей автомобиль жолына жақын орналасқан көліктік қолжетімділігі жоғары және жағалауында жазғы рекреацияның барлық түрлері дамыған. Халық жиі қоныстанған Алматы қаласы мен халықаралық маңызы бар күре жолдарға жақындығы жоғарыда аталған табиғи қоймаларының рекреациялық құндылықтарын арттырады.

Өңірдің рекреациялық ресурстары ерте орта ғасырлық «Көктұма», «Ақши», «Қоскеліншек» қаласы сыяқты өлке тарихына қатысты тарихи-мәдени және «Көласу», «Аралтөбе» тәрізді басқада табиғи нысандарды қамтиды. Шөл мен интерзональды табиғат кешендерінің бір-бірімен үйлесуі туризм мен демалыстың көптеген түрлерін дамытуға қолайлылығын айқындап аумақтың рекреациялық құндылығын арттырады. Жоғарыда көрсетілген алты бонитеттік класс бойынша Алакөлдің жағалық аймағында жүргізілген рекреациялық бонитировкалау туристік-рекреациялық іс-әрекетке қолайлылығы жағынан жағалық кешендер төменде көрсетілген топқа жіктелетінін көрсетті:

Рекреациялық іс-әрекетке қолайлылығы аса жоғары I сыныпты жерлер:

- көліктік қолжетімділігі жоғары, миералды жерасты су көздерінің мол қоры бар Барлық-Арасан шипажайына, Жарбұлақ, Қарабұлақ ауылдарына жақын маңдағы Еміл, Қатынсу, Арасан өзендері мен уақытша ағын сулардың ысырылу конусының шилейфі болып табылатын қоғалы-қамысты, шалғынды астық тұқымдас әр түрлі өсімдікті табиғат кешендері таралған рекреациялық салмақтың рұқсат етілген шегі 40-50 ада/га жететін қойнаулармен, шығанақтар мен тілімденген *аккумулятивті-құмды* жағалаулы Алакөл жүйесіндегі көлдердің солтүстік-шығыс жағалау ауданы;

- Ақтүбек пен Жайпақ ауылдары маңындағы көліктік қолжетімділігі жоғары, халық жиі қоныстанған шалғынды астық тұқымдас әр түрлі өсімдікті, жиделі тоғайлы табиғат кешендері таралған, рекреациялық салмақтың рұқсат етілген шегі 30-40 ада/га жететін көлдік-алювиальды ұсақ түйіршікті

құмды және сазды шөгінділерден тұратын потамогенді – аккумулятивті жағалауы Алакөл жүйесіндегі көлдердің оңтүстік жағалау ауданы;

Рекреациялық іс-әрекетке қолайлылығы жоғары II сыныпты жерлер:

- жер асты суы жер бетіне жақын жатқан жатық жағалаулы ысырылу конусының шилейфі болып табылатын қоғалы-қамысты, сулы-батпақты табиғат кешендері таралған рекреациялық салмақтың рұқсат етілген шегі 30-40 ада/га жететін төрттік дәуір жасындағы жыныстардан тұратын Алакөл мен Сасықкөлдін абразиялы – аккумулятивті жағалаулы оңтүстік – батыс жағалау ауданы.

Рекреациялық іс-әрекетке қолайлы III сыныпты жерлер:

- абразиялық кемерлердің қазіргі сипаты қарқынды жүріп жатқан көлдің соқпа толқындарының бұзушы әрекеті байқалатын қиыршық тасты-сазды жыныстардан тұратын жағалауы биіктігі 2- 8 метрге дейін жететін кемерлер мен жар қабақты болып келуімен ерекшеленетін саздақты-жусанды әртүрлі шөптесін өсімдікті рекреациялық салмақтың рұқсат етілген шегі 40-50 ада/га жететін Көктұма мен Ақши ауылдары аралығын қамтитын фитогенді-аккумулятивті қиыршық тасты жағалаулы Алакөл жүйесіндегі көлдердің оңтүстік жағалау ауданы.

Рекреациялық іс-әрекетке салыстырмалы қолайлы IV сыныпты жерлер:

- Бірғайты өзені мен мен уақытша ағын сулардың ысырылу конусы болып табылатын табылатын қоғалы-қамысты, шалғынды астық тұқымдас әр түрлі өсімдікті, теректі-жиделі тоғайлы табиғат кешендері таралған рекреациялық салмақтың рұқсат етілген шегі 10-20 адам/га жететін аккумулятивті жағалаулы Алакөл жүйесіндегі көлдердің шығыс жағалау ауданы.

Рекреациялық іс-әрекетке қолайлылығы төмен V сыныпты жерлер:

- көліктік қолжетімділігі төмен, халық сирек қоныстанған Үржар өзенінің төменгі ағысын қамтитын тұратын қоғалы-қамысты, шалғынды астық тұқымдас әр түрлі өсімдікті, теректі-жиделі тоғайлы табиғат кешендері таралған, рекреациялық салмақтың рұқсат етілген шегі 10-20 ада/га жететін көлдік-альювиальды ұсақ түйіршікті құмды және сазды жыныстардан шөгінділерден тұратын Алакөл жүйесіндегі көлдердің потамогенді-аккумулятивті жағалаулы солтүстік жағалау ауданы;

Рекреациялық іс-әрекетке жарамсыз VI сыныпты жерлер:

- көліктік қолжетімділігі төмен, халық сирек қоныстанған Алакөл мен Ұялының су айрығы болып табылатын ұсақ құмды-сазды жыныстардан тұратын қамысты-қоғалы, сулы-батпақты, шалғынды әр түрлі астық тұқымдас өсімдікті табиғат кешендері таралған рекреациялық салмақтың рұқсат етілген шегі 5-10 ада/га жететін жағалауы ежелгі Ұялы өзенінің ескі арнасы мен тілімденген Алакөл жүйесіндегі көлдердің аласа кемерлі абразиялы- аккумулятивті солтүстік-батыс жағалау ауданы;

- көршілес жазықтармен ұштасып кететіндіктен жағалауы аласа әрі жатық болғандықтан көктемде судың деңгейі көтерілгенде біртіндеп су басып кететін құмды шалғынды әр түрлі шөптесін өсімдікті, рекреациялық салмақтың рұқсат етілген шегі 5-10 ада/га жететін аккумулятивті-эолды жағалаулы батыс жағалық ауданы.

Балқаш, Алакөл көлдері жүйесі мен Қапшағай су қоймасында су нысандарына тән табиғатты рекреациялық пайдаланудың көптеген түрлері дамыған. Алакөл көлдер жүйесіне ұйымдастырылған экспедициялық зерттеулер көліктік қолжетімділігі жоғары халық жиы қоныстанған жағажайлық демалысты дамытуға қолайлы аумақтардағы жағалаулардың су қорғау аймағында сырты қоршалған жеке меншік туризм мен демалыс инфрақұрылым нысандарының шектен тыс мөлшерде салынуы су нысандарының қолжетімділігін төмендетіп, меншік иелерімен жергілікті тұрғындар арасында жанжалды даулы жағдайлар тудыруның жиілеуін арттыруда.

Соңғы жылдары демалушылардың автокөліктерді пайдалану көрсеткішінің күрт көбеюі Балқаш пен Алакөл, Қапшағай су қоймасы жағалаулар мен оның таяз сулы бөліктерінің, Іле, Тентек, Қаратал өзендерінің өндірістік қалдықтарымен, демалушылардың тұрмыстық қалдықтармен ластануын біршама артуда.

Алматы облыстық туризм және спорт басқармасының деректеріне сәйкес Алакөл жағалауындағы демалыс аймақтарына күнделікті 5-6 мың демалушы, бір шомылу маусымында 70-80 мың демалушы келеді.

Балқаш пен Алакөлдің оңтүстік жағалауындағы жағажайлық демалыс аймақтарындағы ААК түсірілетін рекреациялық салмақты кеміту үшін көліктік қолжетімділігі жоғары жағалауларда жаңа демалыс аймақтарын ашып, жағалық су қорғау аймақтарында демалыс инфрақұрылым нысандарын

салуды шектеп, көл суы сапасына геоэкологиялық мониторинг жүргізу арқылы аумаққа түсірілетін рекреациялық салмақты реттеу мәселесін шешу қажет.

Біздің ойымызша көлдер мен су қоймаларының аквальды аумақтық кешендерін рекреациялық бонитировкалау олардың рекреациялық әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді. Рекреациялық әлеуетті бағалау демалыстың белгілі бір түрлеріне сәйкес нақтылы бір бір рекреациялық аумақтың гектар есебімен алынған ауданына түсірілетін салмақты есептеуге мүмкіндік береді. Аудан бірлігіне шаққандағы адмдар түсретін рекреациялық салмақтың алынған шамасы демалыстың жекелеген түрлерінің белгілі бір уақыт шегіндегі сыймдылығын көрсетеді. Демалыс аймағы рекреациялық әлеуетінің жиындығы жекелеген телімдердің рекреациялық әлеуетін жинақтау арқылы анықталады.

1. Мухина Л.Н. *Принципы и методы технологической оценки природных комплексов в районных планировках //Тезисы докладов к рабочему совещанию по географическим проблемам организации туризма и отдыха.* -М., 1969.-С. 15.

2. Данилова Н.А., *Биоклиматическое оценка черноморского побережья для цели отдыха //Вопросы географии.* - М.: 1973, -Вып.89. С-80-85.

3. Благовещенский В.П., Гуляева Т.С. *Ландшафтно-экологический метод оценки рекреационных территорий.* -Ландшафтоведение: теория, методы, региональные исследования, практика: материалы XI Международной ландшафтной конференции. –М., 2006. –С.87-90.

4. Веселова Л.К., Гельдыева Г.В., Чупахин В. М. *Ландшафтная карта Каз ССР. М 1:2 500 000.* -М.: ГУК, 1979.

Резюме

Метод рекреационной бонитировки аквально-территориальных комплексов система Алакульских озер

В статье раскрыты методы, принципы и критерии рекреационной бонитировки аквально-территориальных комплексов систем Алакульских озер. Раскрыты проблемы классификации побережий, пригодных для развития туристско-рекреационной деятельности, планирования зоны отдыха и их частичном или полном обустройстве, а также перераспределение рекреационных нагрузок на перспективные участки побереже озер и водохранилище.

Summary

Method of recreational appraisal of water-territorial complex of Alakul lakes

Given article covers the methods, principles and criteria of recreational appraisal of water-territorial complex of Alakul lakes. The issues of classification of Alakul shores suitable for the development of tourism-recreational activity, planning of recreation zones and provision of the necessary facilities are determined. Also, the issues of redistribution of recreational load in perspective sections of shores of lakes and water reservoirs are determined.

УДК 373.1.02:37(034:796.7)

РАЗНООБРАЗИЕ ЛАНДШАФТОВ И УНИКАЛЬНОСТЬ БИОРЕСУРСОВ ЖЕТЫСУСКОГО АЛАТАУ

Ж.А. Буламбаев – к.ф.н., профессор КазНПУ им. Абая,
Г.К. Шаймерденова – магистрант II курса КазНПУ им. Абая

Жетысуский Алатау – расположен в восточной части Казахстана и имеет протяжение с юго-запада на северо-восток вдоль границы Казахстана и Китая, между р. Или и озером Алаколь. На востоке он ограничен Джунгарскими воротами (аналог Гибралтара, и также как Суэцкий и Панамский каналы не только геополитически, но и геоэкономически важный узел), от находящихся на территории Китая хребтов Барлык и Майлы, на юге - отделен от Тянь-Шаня долиной р. Или. Общая протяженность Жетысуского Алатау около 400 км. К северу Жетысуский хребет резко низвергается к Великой Степи, в западные степи проникает веером постепенно понижающихся хребтов. Подобно хребтам Саур и

Тарбагатай, Жетысуский Алатау по характеру природы занимает промежуточное положение между Тянь-Шанем, типичнейшей среднеазиатской горной системой, и горами юга Сибири. Район этот заслуживает большего внимания. Не малый по размерам - протяженность гор его в широтном направлении достигает 400 км, по высоте и оледенению он уступает лишь широкоизвестным высокогорным районам: Памиру, Тянь-Шаню, Памиро-Алтю и Кавказу. Как показали исследования гляциологов Казахстана, общая площадь оледенения хребтов Советской Джунгарии 1100-1200 кв.км; т.е. почти вдвое больше, чем на Алтае, и составляет 60% оледенения всего Кавказа. Горная страна была белым пятном на карте туризма из-за жесткого пограничного контроля, но сейчас ситуация изменилась. Горный массив Жетысуского Алатау занимает особое географическое положение, находясь не только в центре континента, но и в сложной системе пояса гор. Жетысуский Алатау является его форпостом и располагается на границе планетарного ранга, которая разделяет Великие равнины Евразии и Высокогорную Азию. Нигде более нельзя увидеть исполинские снежные гребни, поднимающиеся непосредственно, над низменностью на 1800 метров над зрителем. В более высоком Туркестане, Тянь-Шане колоссальные снежные хребты видны лишь только с больших абсолютных высот, с трудных перевалов, но не так близко, с равнины. Природные зоны здесь отличаются потрясающим разнообразием. Спускаются со склонов ледники, в подножия горных пиков упираются степи, звенят прозрачные речки.

Эта горная страна, несмотря на её близость и легкую доступность, осталась в стороне от туристских троп, потому что экспедиции хорошо подготовленных туристов шли на Памир, Терской, Тянь-Шань, и у них не нашлось времени и сил для исследования этой страны, потому что их манили более далекие и интересные задачи на Памире и Тянь-Шане. Поэтому Жетысускому Алатау доставались только беглые попутные наблюдения, здесь много "белых пятен", мест ещё не пройденных туристами. В настоящее время все туристические группы "пасутся", в основном там, где когда-то в 80-ых годах прошла экспедиция турклуба МАИ под руководством Тихонова. Пока же Жетысуский Алатау остается, по словам Ч.Ч. Валиханова, одного из выдающихся исследователей края, "трудным научным ребусом". Только в одной этой горной стране находятся такие четырёхтысячники: 4098 м, 4062 м, 4024 м, 4160 м, 4055 м, 4010 м, 4082 м, 4066 м, 4177 м, 4168 м, 4370 м (пик Панфилова), перевал Самуйлова 3А* в плече 4247, пер. Хорогосский 3А. Именем героя Панфилова названы также ледник Панфилова и перевал Панфилова (с ледника Воейкова на лед. Панфилова). Три самые высокие вершины: пик Семенова-Тянь-Шанского (4562 м), пик Абая (4490 м) и пик Шумского (4442 м). Вообще, здесь 4-ёх тысячников гораздо больше, чем на уважаемом всеми Алтае. Алтай просто лучше "раскручен". Почему бы не сделать то же самое и в Жетысуском Алатау?

Жетысуский Алатау является барьером, разделяющим горы Средней Азии и западносибирские хребты. Также уникальной является и её растительность. Многие растения являются эндемиками.

Особое значение имеют леса Жетысуского Алатау. Всем известно, что лес играет в жизни человека и человечества тройную роль. С одной стороны, лес, являясь одной из главных составляющих частей окружающей среды человека, в большой степени влияет на климат, наличие чистой воды, чистого воздуха, защищает сельскохозяйственные земли, обеспечивает места для комфортного проживания и отдыха людей, сохраняет разнообразие живой природы (средообразующая, или экологическая роль леса). С другой стороны, лес - источник множества материальных ресурсов, без которых человечество пока не может обойтись и вряд ли сможет обойтись в обозримом будущем - древесины для строительства, производства бумаги и мебели, дров, пищевых и лекарственных растений и других (экономическая, или ресурсная роль леса). С третьей стороны, лес - часть той культурно-исторической среды, под воздействием которой формируются культура и обычаи целых народов, источник работы, независимости и материального благополучия значительной части населения, особенно тех, кто живет в лесных деревнях и поселках (социальная роль леса).

Лесные массивы Жетысуского Алатау играют важную роль в экономике Алматинской области. Они имеют большое почвозащитное и водоохранное значение, служат источником получения ценной деловой древесины, топлива, а также пастбищным угодьем.

Жетысуский Алатау является частью Северо-Тянь-Шанской лесной провинции. Горная часть Жетысуского Алатау представляет собой самостоятельную лесную подпровинцию, простирающуюся от «Джунгарских ворот» до долины р. Или – на юге. Продольные долины рек Коксу и Бортала делят провинцию на две главные горные цепи, образующие Северный и Южный лесорастительные округа.

Лесорастительные округа значительно отличаются один от другого как растительностью, так и характером высотной поясности ландшафтов.

Нерациональные способы рубок, неоднократные пожары в прошлом заметно нарушили целостность лесного покрова, создали значительную разобщенность лесных массивов [1].

На территории Жетысуского Алатау согласно Постановлению Правительства РК № 370 от 30 апреля 2010 года был создан Жонгар-Алатауский национальный парк с целью сохранения биоразнообразия (в том числе генофонда глобально значимых дикоплодовых лесов) и естественных горных ландшафтов, имеющих особую экологическую, генетическую, историческую и эстетическую ценность. Особое внимание уделяется сохранению и восстановлению уникальных яблоневых лесов (яблоня Сиверса, яблоня Недзвецкого) — источника генетических ресурсов мирового значения.

Это важный шаг по совершенствованию процесса управления природными ресурсами, выполнению международных обязательств по Конвенции ООН «О биоразнообразии» и ряда других международных соглашений, участником которых является наша страна.

Открытие нового природного парка явилось результатом многолетней работы экологов, специалистов в области лесного хозяйства, общественности, государственных органов. Содействие в разработке обоснования и технической документации для создания парка оказал Проект Правительства Республики Казахстан/Глобального Экологического Фонда/Программы развития ООН «Сохранение *in situ* горного агробиоразнообразия в Казахстане»[2].

Общая площадь Жонгар-Алатауского государственного национального природного парка составляет 356 022 га.

Местоположение: в административном отношении парк располагается на территории трех районов Алматинской области – Аксуского, Саркандского и Алакольского. Согласно лесорастительному районированию относится к Северо-Жунгарскому лесорастительному округу.

Жонгар-Алатауский национальный парк имеет филиалы:

1. Саркандский, Алматинская область, Саркандский район, г. Сарканд;
2. Лепсинский, Алматинская область, Алакольский район, с. Лепсинск;
3. Алакольский, Алматинская область, Алакольский район, с. Кокжар.

Флора: во флоре Жетысуского Алтау представлено 2168 видов растений (из которых 76 эндемичных, встречающихся только на этом хребте). На территории парка представлено не менее 75% от числа всех видов растений, произрастающих в Жетысуском Алатау. На территории парка встречаются редкие и находящиеся под угрозой исчезновения виды растений, занесенные в Красную книгу Казахстана, такие, как яблоня Сиверса, рябчик бледноцветковый, горечавка джунгарская и др.

Фауна: Жетысуский Алатау является одним из наиболее насыщенных районов Казахстана по видовому разнообразию животных, уступая только Алтаю. Фауна парка включает в себя 2 вида костных рыб, не менее 2 видов земноводных и 8 видов пресмыкающихся, не менее 238 видов птиц, порядка 52 видов млекопитающих. Редкие и исчезающие виды, встречающиеся на территории парка: данатинская жаба, черный аист, беркут, бородач, балобан, филин, тьянь-шанский бурый медведь, каменная куница, туркестанская рысь, снежный барс и др. [2]

Регион расположения парка – Жетысуский Алатау – отличается богатым ассортиментом диких плодово-ягодных видов растений, что в полной мере отражается и на территории парка: абрикос обыкновенный, барбарис круглоплодный, вишня тьянь-шанская, шиповник Альберта, смородина Мейера и т.д.

Этот регион является важным центром сосредоточения горного агробиоразнообразия, среди которого особое место занимает яблоня Сиверса, представляющая собой ценный генетический материал. Необходимо отметить, что 1,05% от общей площади Жонгар-Алатауского ГНПП занимают дикоплодовые насаждения яблони Сиверса, которая является прародительницей всех культурных сортов яблонь мира [3].

Дикоплодовые леса произрастают на высоте 900-2000 метров над уровнем моря и тянутся почти на 110 километров (Зайлийский Алатау) и 150 километров (Жетысуский Алатау). Они представляют собой ленту шириной 1-5 километров, отдельные массивы (площадь 5-20 гектаров) и узкие "языки" по ущельям и руслам рек и ручьев. Дикоплодовый пояс не сплошной, промежутки между местами произрастания дикой яблони составляют 1 - 10 километров. Состояние, в основном удовлетворительное. Характерной особенностью является незначительное количество естественного возобновления -

молодняка, а также высокий средний возраст древостоев, в котором снижена репродуктивная способность. Плодоношение неравномерное, на многих участках отсутствует вследствие погодных условий последних лет (холодная дождливая весна, град, поздние заморозки [4].

Яблоня Сиверса, или Алма-атинская. Мощные ее деревья достигают в высоту 14 метров при окружности ствола до 360 сантиметров. По качеству плодов яблоня Сиверса очень близка к культурным формам. Она послужила основой для создания многих среднеазиатских сортов. В Киргизии и Таджикистане ее плоды используются не только для приготовления компотов, джемов и варенья, но и в свежем виде. Вес отдельных яблок превышает 100 граммов, а диаметр доходит до 6 сантиметров. Их окраска чрезвычайно разнообразная: зеленая, желтая, красная, иногда полосатая, а порой плоды как бы поджарены с одного бока. Яблоня Сиверса служит прекрасным подвоем для ценных среднеазиатских сортов, она вступает в плодоношение на 3-4 году жизни, а после 10 лет каждое дерево дает до трех центнеров сочных кисло-сладких плодов.

Яблоня Недзвецкого считается одной из самых декоративных. У нее плоды шаровидные, фиолетово-пурпурные, с розоватой мякотью, покрытые сизым восковым налетом; цветки крупные, ярко-красные, да и листья не совсем обычные — с красноватым оттенком. Этот вид широко культивируется на юге Казахстана. Его можно видеть во многих ботанических садах. А вот в природе численность яблони Недзвецкого сокращается, и она занесена в Красные книги СССР и Казахской ССР [3].

Культурные сорта - это конструкция временная. Ведь 90% яблок - дети всего двух деревьев-родителей. Со временем в них накапливаются генетические изменения и мутации, теряется иммунитет, производительность, качество плодов. Без систематического притока «свежей крови» - родительских генов - все знаменитые сорта обречены на деградацию и вырождение. Кроме прочего, им угрожает гибель из-за потери сопротивляемости к болезням - своего рода СПИД культурных сортов. Что сейчас и наблюдается в Европе, Африке и других регионах мира. Фермеры вынуждены проводить химические обработки более 15-20 раз за сезон. Однако, в горах Тянь-Шаня заболевания яблоневого дерева, никогда не подвергавшихся культивации и обработке химикатами, большая редкость. Генная структура яблок развивалась здесь в изоляции от мира на протяжении тысячелетий [5].

Спасение яблок всего мира нужно искать в этих диких лесах, потому что местные казахстанские яблоки имеют потрясающую сопротивляемость к болезням. Многообразие природных условий (различная высота над уровнем моря, экспозиция склонов, почвы, условия увлажнения и прочие) сформировало необыкновенно широкий спектр генотипов дикой яблони, обусловленный полиморфизмом (внутривидовой изменчивостью). Ведь здесь можно найти любую форму или особь - с плодами разного вкуса и качества, обусловленных различным химическим составом, рано- и поздноцветущие, засухо- и морозоустойчивыми, обладающих естественным иммунитетом к вредителям и болезням. Ученые полагают, что, вернувшись к месту происхождения тех или иных растений (например, редиса в Китае, клюквы в Северной Америке), они смогут найти гены, которые помогут создать суперстойкие гибриды.

В настоящее время проблема сохранения дикоплодовых лесов вышла за рамки национальной и приобрела глобальный характер. На протяжении тысячелетий дикие яблони развивались в сложных горных экологических условиях, что обусловило чрезвычайно разнообразное внутривидовое разнообразие, которое в настоящее время представляет исключительную ценность в качестве генетического ресурса для селекции новых культурных сортов, отвечающих самым высоким требованиям по экологическим свойствам, вкусовым качествам, содержанию микроэлементов, витаминов и пр.

Таким образом, ценным массивам дикой яблони на территории Жонгар-Алатауского национального природного парка придан статус лесных генетических резерваторов с особым режимом использования этих участков для целей науки и воспроизводства естественных массивов этой ценной лесной породы.

Реализация деятельности Жонгар-Алатауского государственного национального природного парка проводится по нескольким компонентам, в числе которых:

- сохранение экосистем дикоплодовых лесов;
- совершенствование законодательства и управления лесными дикоплодовыми экосистемами;
- развитие альтернативной (дружественной для горного агробиоразнообразия) деятельности местного населения;

- информирование местного населения о значимости и ценности плодовых экосистем для снижения на них антропогенной нагрузки.

Для современного человека одной из важных проблем является сохранение биологического разнообразия и экологического равновесия на планете. Не случайно в Казахстане возрастает число особо охраняемых территорий. Ярким примером этому является создание на территории Жетысуского Алатау Жонгар-Алатауского государственного национального природного парка.

Так уникальные природные объекты Жетысуского Алатау представляют высокую ценность для познавательного туризма (организация экологического просвещения и ознакомление с достопримечательностями ООПТ), что позволяет рассматривать ООПТ как важные природные рекреационные ресурсы, использование которых в туризме должно быть строго регламентировано.

1. *Рекомендации по лесорастительному районированию и типологической классификации темнохвойных лесов Жунгарского Алатау.* – Кайнар, 1975. – с 3-5.

2. http://ru.wikipedia.org/wiki/Жонгар-Алатауский_национальный_парк.

3. <http://www.greensalvation.org/index>.

4. «Дикая яблоня», Журнал «Наука и жизнь» №08 за 1989 год

5. *Kazakhstan Today*

6. *Лангенфельд В.Т. Яблоня: Морфологическая эволюция, филогения, география, систематика.* - Рига: Зинатие, 1991. - С. 171 - 176.

Түйін

Жер бедерлерді әр түрлілік және Алатау Жетісуінің биоресурстерін қайталанбаушылық

Бұл мақалада Жетісу Алатауының қайталанбас ландшафты мен биокорлары қарастырылады. Бұл таулы елді мекенге тән өсімдіктер түрлері еш жерде қайталанбайды. Экологиялық тепе-теңдік пен биологиялық түрлерін сақтау үшін осы елді мекенде Жонғар Алатауы ұлттық бағы ұымдастырылды. Бұл жерде жабайы алманың құнды түрлеріне орман резерваторы мәртебесі берілген.

Summary

Diversity of landscapes and bioresources Zhetysu Alatau

This article discusses the diverse landscape and unique flora Zhetysu Alatau. Many plants are endemic to the mountainous country. In order to preserve biological diversity and ecological balance in Zhetysu Tau was founded Zhongaro-Alatau National Park. Here a valuable array of wild yavloni given the status of forest genetic rezervators.

УДК 911.52(574.5)

ҚАРАТАУ ЖОТАСЫНЫҢ ЛАНДШАФТТЫҚ-ШАРУАШЫЛЫҚ КАРТАСЫН ЖАСАУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Д.Т. Алиаскаров - Абай атындағы ҚазҰПУ, ғылыми орталық қызметшісі,

Ш.А. Уразбекова - Қайнар университетінің оқытушысы

Қазақстан Республикасының көптеген аймақтары бүгінгі күнде шаруашылық әрекеттердің ықпалында және табиғат жағдайларының өзгеру сатысында. Осындай аймақтардың табиғат жағдайларының тұрақтылығын сақтау, қайта қалпына келтіру мәселелерін география ғылымдарының теориялық және тәжірибелік білімдерін қолдана отырып шешудің маңызы зор. Аталған мәселелерге байланысты, Қаратау жотасының ландшафтық-шаруашылық картасын жасау мәселелері осы мақалада қаралатын болады.

Бұл мақала «Қаратау жотасы геожүйелерінің қазіргі жағдайы» тақырыбы бойынша орындалып жатқан магистрлік диссертация жұмысына іздену барысында туындаған дерек көздерімен, мәліметтермен толыққан.

Қаратау жотасы – орташа биіктіктегі, ассиметриялы пішінде солтүстік-батыс бағытында 400 километрге созылып жатқан, Тянь-Шанның солтүстік-батыс бөлігі. Әдетте Қаратау жотасын үш аймаққа

бөледі, олар: 1. Оңтүстік-шығыс Қаратау – Шоқпақ асуынан Боралдай өзенінің аңғарына дейін; 2. Орталық Қаратау - Боралдай өзенінің аңғарынан Майдантал өзенінің алабына дейін; 3. Солтүстік-батыс Қаратау – Майдантал өзенінен солтүстік-батысқа қарай.

Құрылымдық жағынан Қаратау жотасы көптеген ұсақ қатпарлықтардан құралған, кең байтақ антиклинорий түріндегі аймақ. Жота геологиялық дамуы тұрғысынан оңтүстік-шығыс Қазақстанның басқа таулары секілді палеозойлық тау жасалу кезеңінде көтерілген, мезозойда жазықтық деңгейіне дейін төмендеп, төрттік кезеңінде қайта көтеріліске ұшыраған. Көтерілу жотаның әр бөлігінде әркелкі жүрді, бұрынғы бірдей биіктіктегі жерлер жотаның әр жерінен кездесетін болды. Жотаның қазіргі кездегі жер бедерінде абсолюттік биіктігі 1400-1500, 1000-1100, ал төмен деңгейде 800-900 м болатын сатылы баспалдақтар және 200-400 м тереңдікте болатын тау аңғарлары сақталып қалған. Жотаның климаттық ерекшелігі белгілі бір географиялық жағдайына байланысты анықталады, бұл аймақта қыста Сібірлік антициклон, жазда Азиялық минимум әсер етеді. Жылдық радиациялық баланс Түркістан аймағында 3400 ккал/см^2 құрайды, $+11,5^\circ\text{C}$ орташа жылдық температурада абсолюттік максимум 40° , абсолюттік минимум -30° болады. Орташа көп жылдық жауын-шашын мөлшері – 190 мм. Қаратаудың өсімдіктер әлемі өте ерекше ксерофитті, көне типті болып келеді. Топырақ жамылғысы құрғақ-далалы және шөлді-далалы типке жатады [1,2].


Қаратау жотасының ландшафттары сонау ерте кезден-ақ техногендік әрекеттердің ықпалында болып келеді. Мұндағы алғашқы зерттеулердің өзі жотаның пайдалы қазбалар қорын игеруге байланысты жүргізілді. Қаратау жотасын зерттеу XVI ғ. «Үлкен сызба кітабы» атты географиялық атласына енгізілуден басталған болатын. Ал «Чертежная книга Сибири, составленная тобольским сыном Боярским Семеном Ремезовым» атты еңбекте тек жота туралы ғана емес, ондағы мырыш кені жайлы да айтылады. Ал арнайы мамандардың жотаны зерттеуі тек қана XIX ғ. басынан ғана басталды. 1864 ж географ, геолог, ботаник Н.А. Северцов аймақты зерттеп, жотаның биіктік ерекшеліктерін анықтап, алғашқы геологиялық картасын жасады. 1874 ж. Г.Д. Романовский және И.В. Мушкетовтар да аймаққа егжей-тегжейлі зерттеулер жүргізді. Қаратауды геологиялық зерттеудің келесі кезеңі В.Н. Вебер есімімен байланысты. Ол М.М. Бронниковпен көмір іздеу мақсатында зерттеді. В.Н. Вебер мырыш кенінің өте көп көлемде тарағандығын дәлелдегеннен кейін, геологтар Байжансай және Мырғалымсай кен орындарын ашты. 1935 ж Қаратау жотасына толық геологиялық түсірілім жасалған болатын. Осы жылы И.И. Машкара фосфор кендерін алғаш тапқан. Міне осындай зерттеулер жота аймағының ландшафттарына алғашқы техногендік әсер етуді бастаған болатын. [3]. 1935 ж Қаратау жотасына толық геологиялық түсірілім жасалған болатын. Осы жылы И.И. Машкара фосфор кендерін алғаш тапқан. 1937 ж И.И. Машкара Кіші Қаратау аймағында фосфор рудасын зерттеу ісін бастауды сұрайды.

1939 ж Шолақтау, 1940 ж Көкжон, 1959 ж 1959 ж Ақсай, 1965 ж Жаңатас және т.б. фосфор кеніштері ашыла бастады. Міне осы алғашқы кезеңдердің өзінде жота аймағында жүргізілетін жұмыстар оның пайдалы қазбаларын игерумен байланысты болды, ал бұл өз кезегінде жота геожүйесіне әсерін тигізбей қойған жоқ [5].

Фосфор – Қаратау жотасының қара байлығы болып табылып, оны жан-жақты өндіруге кірісті. Қаратаудағы фосфорит алабының ұзындығы – 115 км, ені – 20 километрге созылып жатыр. Фосфор алабының схемасы 1- суретте берілген. Аймақта ашылған фосфор кен орындары адам күшін көп қажет еткендіктен, аймаққа халық барынша көп орналаса бастады. 1945 ж Қаратау кен байыту комбинатының Қаратау өндірістік бірлестігі құрылысын бастады. Кәсіпорын 1946 ж іске қосылып, алғашқы товарлы фосфорит рудасын бере бастады. Өндіріс күші де, өнім көлемі де жылдан жылға артып отырды.

Қаратау фосфор алабында негізгі өнеркәсіптік ресурстар Жаңатас, Ақсай, Түйесай, Көкжон, Шолақтау, Көксу кен орындарында шоғырланған (сурет 15). Қазіргі кезде фосфор шикізатының шамамен 70 % жуығы отандық және әлемдік тәжірибеде фосфориттерді терең байыту технологиясы схемасының болмауына байланысты сығынды өңдеуге жарамсыз. Қаратау фосфорын өндіру барысында шығару коэффициенті 60-62 %, ал қалдықтар құрамында 38-40 % қалып қояды. Бұл қалдықтар құрамындағы фосфор қоршаған ортаға топырақтан бастап, өсімдіктерге және жануарларға, тіпті адам ағзасына да әсер етіп жатыр. Осының бір көрінісі қазіргі кезде бұл аймақтағы өсімдік түрлері трансформацияға ұшырауда. Мұндай қалдықтардан басқа Қаратау фосфорына негізделіп салынған Жамбыл және ОҚО-ғы химиялық кен өнеркәсіп орталықтары жылына 5 млн. т шлактарды ауаға қалдырады. Қазіргі кездегі олардың жалпы көлемі 30 млн. т асып түседі. Фосфор шлактары күрделі поликешендік құрылымға ие, құрамы негізінен 83-93 % кальций және кремний оксидінен тұрады. Басқа қоспалардың көлемі негізгі шикізат құрамына

және технологиялық процестің жүруіне байланысты болып келеді. Түйіршіктелген фосфор шлагында түссіз мөлдір шыны болады. Шынылы фразалардың құрамы суыту жылдамдығы мен фосфор ангидридiнiң құрамына байланысты 65-97% құрайды [63].




Сурет 1 – Қаратау жотасындағы фосфор алабының кен орындары

Қаратау жотасы геожүйелеріне әсер етіп жатқан факторлар осы өңірдегі тау-кен өндірісі әрекеттерінің нәтижелері екені белгілі. Сондықтан да біз Қаратау жотасының ландшафтық-шаруашылық картасын (сурет 2) жасау барысында, мұндағы ландшафт типтерінің үстінде кездесетін пайдалы қазбалар кен орындарын анықтап алып, оларды ландшафттар картасы үстіне түсіріп шықтық.


Қаратау жотасында кездесетін ландшафт типтері 9 топқа ажыратылады, табиғаты бойынша орманды дала, дала, шөлей, шөл зоналарында орын тепкен және биіктік белдеулері бойынша тауалды, аласа таулы және орта таулы биіктіктерді қамтиды.

Қаратау жотасының бұл картасы геожүйенің құрам бөліктеріне техногендік факторлардың әсер ететін аймақтары мен шекараларын көрсетеді. Осындай жаңа карта негізінде жаңа қорытындылар жасалатын болады.

ҚАРАТАУ ЖОТАСЫНЫҢ ЛІАНДШАФТТЫЛЫҚ-ШАРАУШЫЛЫҚ КАРТАСЫ
1:2 500 000



Қаратау жотасы аймағындағы техногендік факторлардың бірі, фосфор кен орындарының орталығы - Қаратау Жаңатас аймағының табиғи шаруашылық жүйесіндегі геожүйелердің қазіргі жағдайына тоқталатын боламыз. Мұндағы техногендік факторлардың геожүйенің құрам бөліктеріне әсер ету бағыттарын төмендегі үлгіден (сурет 3) көруге болады.



Сурет 3 - Фосфор өндіру барысында геожүйеге әсер етудің негізгі бағыттары

Бұл үлгінің мағынасын келесі мәліметтер айқындай түседі:

Литосфера. Геожүйелердің тұрақтылық реті бойынша қарастыратын болсақ, ең тұрақты құрамбөлік литосфералық қабат екені белгілі, фосфор өндіруде бұл қабатқа әсер етпеу мүмкін емес. Сондықтан, ең алғашқы және ең қарқынды әсер осы құрам бөлікке түседі, бұл әсерді ашық әдіспен қазылған қазындылар мен жер асты шахталарынан көруге болады.

Атмосфера. Фосфор кенін өндіруден қалған үйінділерден 2-5%-дық фосфоры бар шаңдар көтеріледі. Ол бейорганикалық шаңдар ауа құрамын өзгерте отырып, ауыл шаруашылығы жерлері өнімдерінің де азаюына алып келеді. Ал ол шаңдардың қаншалықты көп таралатыны сол жердің жел жылдамдығына, беткі қабатының ылғалдығына байланысты. Фосфорды ашық әдіспен өндіру барысында олардың дәл өндіру алаңынан жалпы өндіріс алаңы үш есеге ұлғаяды, ал шаңдарының таралу аймағы 100 еседен артық ұлғаяды. Аумақтағы атмосфераның жағдайы тұрғын халыққа әсер ететіні белгілі. Мұнда өкпе ауруымен ауыратын ерлер саны әйелдерге қарағанда 4,4 есеге көп және 100 мың адамға шаққанда - 287,7 өкпе құрты ауруына шалдыққандар (республика бойынша бұл көрсеткіш 322,2).

Гидросфера. Қаратау жотасының су жүйесіне әсер ететін техногендік әсер өте жоғары. Ең алдымен судың құрамында сульфаттар, хлоридтер, нитраттар, ауыр металдарды көбейтеді. Жер асты грунт суларының да төмендеуіне (жоғарылауына), құрамының өзгеруіне алып келеді. Мысалы, Қаратау Жамбыл аумақтық өндірістік шаруашылық аймағында 70-тен аса ірілі-ұсақты жер асты суларын ластайтын мекемелер мен ұйымдар жұмыс істейді. Осы аймақтағы өндірістік нысандарға өте жақын (1,5 км қашықтықта) орналасқан скважиналардағы су құрамынан табылған фтор мен фосфор бұған дәлел бола алады [3].

Бұл құрам бөліктерінің өзгерістері енді аймақтың өсімдік жамылғысына әсер етпей қоймайды. Мысалы, аумақтың өзен аңғарларындағы табиғи жайылымдардың өнімділігі 1960 жылдармен салыстырғанда 400 мыңнан 80-150 мың тоннаға азайған. Өсімдік жамылғысының трансформациялануының бірден-бір факторы – ағын сулардың азаюы, өрттің көбеюі. Мысалы, 2001-2002 жж 31 өрт тіркелген, нәтижесінде 1829 га жер зардап шеккен.

Жоғарыдағы ластаушы көздер жотаның геожүйелерінің тек аталған құрам бөліктеріне ғана емес, барлық құрам бөліктерге де әсер етіп жатыр. Деректерге қарайтын болсақ, жылдар бойы ең жоғары өнім өндірілген жылдар ХХ ғасырдың 80-жылдарына сәйкес келеді. Демек осыған орай қоршаған геожүйеге де қарқынды әсер ету осы жылдарға сәйкес келеді. Мысалы бұл кезеңдері жылына 82,9-34,01 мың тоннаға дейін зиянды қалдықтар тасталған. Қазіргі кезде бұл аймақта 3 фосфор заводы, «Нодфос» АҚ, «Химпром – 2030» және де фосфор өндіру барысында сары фосфор, суперфосфат, нитроаммофос, трипомофосфат минералдарды өндіру заводы жұмыс істейді. Ал бұларды кенмен және фосфор ұнымен камтамасыз ететіндер «Қаратау» АҚ, Қазфосфат ЖШС.

1. Калецкая М.С., Матаева С.Н. Горы юго-восточного Казахстана. - Алматы, 1945. 34-43 бб.
2. Чупахин В.М. Физическая география Тянь-Шаня. - Алма-Ата, 1964. 78-90 бб.
3. Бейсенова Ә.С., Қазақстан табиғатының зерттелуі. – Алматы, 2008. 23-27 бб.
4. Ландшафтная карта Казахстана. Под ред. Г.В.Гельдыевой. - Алма-Ата, 1980. 78-79 бб.
5. Мұқтаров М., Шайманов Б. Қазыналы Қаратау. - Алматы, 1983. 30-32 бб.
6. Амандосова С.С. Современная геэкологическая ситуация в Каратау-Жамылской территориальной природно-хозяйственной системе и пути ее стабилизации: Автореф... канд. геогр. наук. - Тараз, 2006. - 28-29 бб.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы разработки ландшафтно-хозяйственной карты хребта Каратау. Чтобы получить названную карту, авторы использовали карты ландшафтов и полезных ископаемых данного хребта. Определив влияние горно-обогатительных производств на типы ландшафтов, дана ландшафтная характеристика района.

Summary

In the article the problems of development of landscape-economic map of Karatau mountain range are considered. In order to get abovementioned map the authors combined landscape map and map of minerals of given mountain range. Landscape characteristics are given to district by means of determining the impact of mountain-concentrating production on landscape types.

ХИМИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ ХИМИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘӨЖ 625.752; 625.851/853

АУЫР МҰНАЙ ҚАЛДЫҚТАРЫНАН АЛЫНАТЫН АСФАЛЬТБЕТОН ҚОСПАЛАРЫ

Е.Е. Ерғожин - *х.ғ.д., профессор, ҚРҰ ғылым академигі,*

Н.Ә. Бектенов - *х.ғ.д., профессор Ә.Б. Бектұров атындағы ХФИ-ның бас ғылыми қызметкері,*

В.М. Рашова - *Абай атындағы ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институтының
2-курс магистранты*

Ауыр мұнай қалдықтарынан алынатын асфальтбетон қоспалары. Ел экономикасының қарыштап дамуына әсер ететін бірнеше фактор бар. Солардың бірі – жол. Қазіргі үкіметтің жолға деген көзқарасы оң. Жол қатынас қазба байлықты сыртқа шығару, сауда-саттықты арттыру рөлдерін атқарып отыр. Осы ретте Қазақстанның батысы мен шығысын, оңтүстігі мен солтүстігін жалғастырып және іргелес мемлекеттермен сауда-саттық, транзиттік бағыттарда жиі пайдаланылатын жол асфальтбетондардың халықаралық талапқа сай болуы маңызды.

Асфальтбетон дегеніміз бұл қиыршық тас немесе шағыл тастан, құмнан, минералды ұнтақ және битумнан тең үлесте құралған арнайы қоспаны нығыздау нәтижесінде пайда болатын материал. Асфальтбетон тиісті ретте нығыздалғаннан соң ғана қажетті физика – механикалық қасиетке ие болады. Минералды материалдарды битуммен біріктіргеннен соң, физика – механикалық процестер орын алады, олардың сипаты материалды құрайтын заттардың қасиеттері мен ерекшеліктеріне байланысты болады.

Асфальтбетонды қолданудың бастапқы кезеңінде оны дайындау үшін түрлі тас материалдардың шектеулі мөлшері пайдаланылған. Асфальтбетонның қаңқалық бөлігі әдетте қиыршық тас пен шағыл тастың түрлі фракцияларынан құралды. Минералды ұнтақ майдалап бөлу құралдары арқылы дәрекі ретте ұсақталған әктас өнімді түрінде болды [1].

Асфальтбетонның құрамы мен көлемін құрайтын маңызды заттар – ұсақ, ірі, минерал ұнтақтары сияқты толтырғыштар. Асфальтбетон ерігіндісін дайындауда минерал толтырғыштар алдымен қыздырылып, соңынан тұтқыр заттар ретінде битум қосылады. Ыстық толтырғыштармен араластырылған битум оның бетін қаптап, қасиеттерін өзгертеді. Кенеттен оксидтену реакциясы басталып, минерал толтырғыш бетіндегі битумның жабындық сапасы жақсартады.

Минералдық ұнтақты мықтылығы 20 МПа кем емес және саздық қоспасы 5% аспайтын карбонаттық тау жыныстарын (ізбес тасын, доломитті), асфальттық жыныстарды, сілтілік металлургиялық шлактарды ұтақтап алады. Сонымен қатар цемент тозаңын және басқа минералдық материал ұнтақтарында қолданады. Минералдық ұлпалардың меншікті беті, яғни ұнтақтылық дәрежесі 2500-5000см²/г. Битум шығынын төмендету мақсатында минералдық ұнтақтың кеуектігін 35% асырмауға тырысады. Ұнтақтық битуммен аралас массасының 5-6% кеуектігі шамасындағы судағы ісіну деформациясы 2,5% аспауы керек [2].

Минералдық ұнтақтың структура құру ықпалын күшейту үшін оның физикалық – химиялық активтігін сырттай активті заттар – (САЗ) қосу арқылы дамытады. Осы мақсатпен 1,5-2% битум мен аниоактивті заттар араласын қоса біріктіріп диірменге тартады. САЗ минералдық ұнтақ түйіршігі беттеріне битумның жұғылуын жақсартып, үзіліссіз жұқа битум қабығымен қапталуына ықпалын тигізеді. Осы битумнан құралған жұқа пленка асфальттық байланыстырушыға гидрофобтық қасиет береді. Активтелген ұнтақтың кеуектілігі аз, меншікті беті үлкен, асфальтбетонда біркелкілікпен араласқан болады және асфальтбетонның битум сыйымдылығын азайтуға, мықтылығын, тығыздығын, жылу тұрақтылығын, су өткізбейтіндігін жоғарлатуға септігін тигізеді. Оның үстіне, активтелінген ұнтақты пайдаланғанда бетон араспасының температурасын төмендету, араластыру уақытын қысқарту және ыңғайлы төсемділігін жақсарту мүмкіншілігі туады [3].

Асфальтбетондарда қолданылатын шағыл тас пен құмға қойылатын талаптар цементтік бетондар үшін жұмсалатын толтырушыларға қоятын талаптар сияқты. Шағыл тас түйіршігінің ең

үлкен мөлшері төселетін асфальттық бетонның үстіңгі қабат қалыңдығының 0,6 астыңғы қабатының 0,7 аспау керек.

Құм кәдімгі асфальтбетон көлемінің басым бөлігін иеленеді, өзі арқылы қиыршық тастың ірі бөлшектері арасындағы кеңістіктерді толтырады. Асфальтбетон үшін қолданылатын құм таза, берік тау жыныстары дәндерінен құралған, лас қоспалары жоқ болуы қажет. Тозаң тәрізді, сазды және балшықты бөлшектерінің мөлшері табиғи құмда 3% -дан, бөлшектелген құмда 5%-дан аспауы керек. Асфальтбетонды жабындар құрылысы жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес №014 електен өтетін дәндердің құрамы 15%-дан аспауы тиіс.


Жол құрылысында ең көп қолданылатын тұтқыр зат – мұнай битумдары. Жол мұнай битумдарын өндіру үшін екі әдіс қолданылады:

- мөлдір мұнай өнімдерін алғаннан соң, қалған екінші дәрежелі өнімді қайта өңдеу, яғни тотықтыру;

- мұнайды қайта өңдеуден қалып қойған екінші дәрежелді өнім, яғни қалдық битум [2.4].

Біз бірінші әдісті қолдана отырып гудронды S-катализаторымен тотықтыру арқылы тотыққан битум алдық. Ол үшін алдымен үш түтіккі колбаңың бір түтігіне термометр, бір түтігіне қайтымды тоңазытқышты орнатамыз. Гудроннан 50мл алып сұйық күйге айналғанша қыздырамыз. Қыздырылған гудронды колбаға құйып 1,67г күкірт қосамыз содан кейін араластырғышты іске қосамызда құмды моншада 170⁰С-да қыздырамыз. Тотығу үрдісі басталады. Бұл кезде температура 170⁰С –тан төмендемеу керек. Латрдың көмегімен температураны 270⁰С-ға дейін жоғарылатамыз. Оптималды температура 250⁰С. Осылайша тотығу үрдісін 4-сағат жүргіземіз.

Бастапқы зат гудрон мен соңғы өнім тотыққан битумды ИҚ-спектрлік анализ арқылы зерттеп салыстырамыз.



1-сурет. Гудрон (а) және тотыққан битумның (б) ИҚ-спектрі

Тігуші агент рөлін атқаратын элементтік күкірт, -S-S- және -C-S- байланыстарын түзумен анықталынады. Тотығу кезінде шайыр молекулалары арасында көпіршелерінің түзілу реакциясы каучукты күкіртпен вулканизациялау процесіне ұқсайды. Бұл кезде алынған үлгілерде ароматты құрылымдарға тиісті жолақтардың қарқындылығы өседі. Бұл күкірт қатысында тотықтыру процесінің нәтижесінде мұнай құрамындағы асфальтенді-шайырлы қосылыстар мен күкірт арасында химиялық әрекеттесудің өту мүмкіндігімен түсіндіріледі.

Бастапқы қоспада параформның болуы 1030-1118см⁻¹ облыстарындағы жұтылу жолақтарын формальдегидті компонент екендігімен түсіндіріледі. 1030-1032, 1088, 1104-1118см⁻¹ жұтылу жолақтарында диоксиметилден тізбегінің -CH₂-O-CH₂-O- валенттік толқынын көрсетеді бұл макромолекулалар арасындағы осындай мостиктердің түзілуін көрсетеді [4].

Элементтік күкірт және параформ қатты битумға ұқсас материалдарды алуда тігуші агент ретінде атқаратын рөлі зор екендігі анықталынды.

1. Гезенцевей Л.Б. Дорожный асфальтобетон. - М.: Транспорт. -1976. –Стр.346
2. Кулембаев А.А, Бішімбаев У.Қ, Қасымов Е.О Жол құрылысы материалдары. - Алматы: Триумф «Т», 2008. –Б. 530
3. Сәтеков Б.С Табиғи және жасанды құрылыс материалдары мен бұйымдары. - Тараз: Сенім, 2007. –Б.297
4. Руденская И.М Лабораторные и практические занятия по испытанию дорожно-строительных материалов. - М.: Транспорт, -1967. –Стр171
5. Кулембаев А.А, Бішімбаев У.Қ, Қасымов Е.О Жол құрылысы материалдарынан зертханалық жұмыстар. - Алматы: Триумф «Т», 2009. –Б. 368

Резюме

Получение асфальтобетонных смесей из остатков тяжелой нефти

Е.Е. Ергожин, Н. А. Бектенов, В.М. Рашова

В этой статье рассмотрено как можно получить качественный асфальтобетон из остатков тяжелой нефти с помощью дешевого материала, состав асфальтобетона, получение битумоподобного материала окислением гудрона. ИК-спектральным методом исследована химическая структура новых органических вяжущих, полученных путем модификации гудрона, различных добавок. Установлено, что элементарная сера и параформ играют роль сшивающих агентов для получения твердых битумоподобных материалов.

Summary

Reception asphalt concrete mixes from the rests of heavy oil

Е.Е.Ergozhin, N.A.Bektenov, V.M.Rashova

In this article it is considered as it is possible to receive qualitative asphalt concrete from the rests of heavy oil by means of a cheap material, structure asphalt concrete, receptions bitumen a material oxidation of tar. The IR-spectral method investigates chemical structure new organic knitting, received by updating tar by various additives. It is established, that elementary sulfur and perform play a role of sewing agents for reception firm bitumen materials.

ӘОК 544.726:502:665:6

ТАБИҒИ СОРБЕНТТЕРДІ ҚОЛДАНЫП ТЕҢІЗГЕ ТӨГІЛГЕН МҰНАЙДЫ ТАЗАЛАУ

Н.Ә. Бектенов - х.ғ.д., профессор, бас ғылыми қызметкер Ә.Б. Бектұров атындағы

Химия ғылымдары институты,

А. Пидрахмет - кіші ғылыми қызметкер Ә.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институты,

Ж.Б. Шалабаева - Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2-курс магистранты

Мұнай өнімдерінен ағын суларды тазарту проблемасы басты негізде қалып отыр, себебі мұнай өнімдері биологиялық тазарту кезіндегі активтілігінің тазартқыштық қасиетін төмендетеді. Мұнай өнімдерінің суды бүлдіруінің нәтижесінде халық шаруашылығына келетін зиян әртүрлі болып келеді, яғни олар ауыз судың органолептикалық қасиетін төмендетеді, суды тазартуға кететін шығын көбейеді, коррозия салдарынан құрал-жабдықтар ауыстыруды керек етеді, мұнай төгілген жерлерде өсімдіктер және микрофлора жойылады.

Сондықтан қазіргі кезде табиғи және жасанды сорбенттерді қолдана отырып, адсорбциялық әдіспен тазарту ең тиімді әдіс болып табылады. Мысалы, ағаш сүрегінің қалдықтарының негізгі сорбенттері. Ағаш сүрегінің қалдықтары – ағаш сүрегінің көгі, жаңқа, ағаш үгіндісі бұйымдарын өңдеу өнімдері, мыс, өндірісінің тілімтасы болуы мүмкін.

Ағаш сүрегін тікелей, мыс,ағаш үгіндісін өңдейтін өнімдердің мұнай көлемі оның көлемімен гидрофобтылығына байланысты болады. Ағаш үгінділерінің мұнай сыйымдылығын анықтау әдістемесін қарастырамыз. Стаканға зерттелініп отырған суды түбін жабу мен су айнасын құратындай етіп құяды. Су беткейіне мұнайдың берілген көлемін қосады, одан соң мұнай бетіне аз көлемде ағаш үгіндісін сеуіп, оны шыны таяқшамен араластырады. Ағаш үгіндісі мұнайды сіңіріп алғанша су бетінде стаканда

устаймыз. Себілген ағаш үгіндісінің салмағы мен сіңірілген мұнай сыйымдылығына байланысты оның мұнай сыйымдылығын анықтайды. Ағаш үгіндісінің гидрофобтылығының дәрежесін түбіне батпаған сорбент санының жалпы санға қатынасын алып және пайызға шағады. [1]

Ағаш үгіндісі мен ағаш жаңқасының олардың мұнай сыйымдылығына әсер етуі туралы зерттеулердің нәтижесі келесі кестеде көрсетілген.

1-кесте. Ағаш үгіндісінің мұнай сыйымдылығы

Материалдың сипаттамалары	Бөлшек өлшемі, мм	Гидрофобтылығы, %	Сорылған мұнайдың сыйымдылығы, кг/кг
Ағаш үгіндісінің шаңы	0,5-ден кем	20	7,7
Майда үгінді	1-ден кем	40	5,2
Орташа үгінді	1...3	60	4,8
Ірі үгінді	3...7	80	4,6
Жаңқа	7...15	100	4,0

Ағаш үгіндісі мен оның гидрофобтылығының мұнайды сорып алу сыйымдылығы шикізатты әртүрлі заттармен өңдеу процессінде өзгеруі мүмкін. Минералды бейорганикалық қышқылдардың ағаш үгіндісінің гидрофобтылығы мен мұнайды сорып алу сыйымдылығына әсер етуі 2- кестеде көрсетілген. Қышқылдардың активтілігін таңдау олардың жоғарғы реакциялық қабілеттілігі мен кең таралуымен айқындалады. Бастапқы шикізат ретінде 0,5...2,5 мм бөлшек түріндегі үгінділер пайдаланды. Минерал қышқылдарының үгіндіге әсер етуі оған зерттелінетін ерітінділерді қосу да, әсер ету уақыты мен кейінгі құрғату процесіне тәуелді болып табылды.

2-кесте Минералды қышқылдар әсер етіп болғаннан кейінгі үгіндінің мұнай сыйымдылығы мен гидрофобтылығының өзгерісі.

Үгіндіге әсер еткен реагенттер	Реагент концентрациясы %	Гидрофобтылығы %	Мұнайды сорып алу сыйымдылығы, кг/кг
Бастапқы үгінді	-	50	4,3
Тұз қышқылы	10	50	5,0
Фосфор қышқылы	10	70	5,3
Азот қышқылы	10	60	4,4
Күкірт қышқылы	1	70	5,2
Күкірт қышқылы	5	80	6,2
Күкірт қышқылы	10	80	6,6
Күкірт қышқылы	25	70	5,0
Күкірт қышқылы	70	60	4,0
Натрий гидроксиді	10	30	5,0

Минералды химиялық қосылыстармен үгіндіге әсер ету жолымен бастапқы шикізаттың мұнай сыйымдылығы мен гидрофоблығын 1,5 есе арттыруды алуға болатындығы арнайы әдебиеттерде тұжырымдалған. [2,3]

Органикалық қосылыстардың үгіндісінің мұнай сыйымдылығы мен гидрофоблығына әсер ету сипаты 3-кестеде көрсетілген.

Келтірініп отырған нәтижелерден көрініп тұрғандай, органикалық қосылыстардың бастапқы шикізатқа ықпал ету диапазоны әртүрлі, ал оның диапазоны едәуір кең. Осыған байланысты мұнай сорбенттерін алуға арналған бастапқы материал ретінде үгіндінің сорбциялық қабілеттілігін арттыру үшін органикалық қосылыстарды қолдану мүмкіндігімен жаңа болашағы ашылады.

3-кесте. Органикалық қосылыстардың әсерінен кейінгі ағаш үгіндісінің мұнай сыйымдылығы мен гидрофобтылығы

Үгіндіге әсер еткен реагенттер	Реагент концентрациясы %	Гидрофобтылығы %	Мұнайды сорып алу сыйымдылығы, кг/кг
Бастапқы үгінді	-	50	4,3
Сульфанилді қышқыл	10	50	5,0
Сульфа салицилдік қышқыл	10	50	6,3
Триэтанол-гидрохлорид	10	0	2,0
Машина майы	10	80	3,6
Шымтезектің бензол негізі	10	80	5,0
Глицерин	10	70	4,5
Парафин	10	100	8,3

Өңделген абсорбентті алу барысы оның гидрофобизациясына байланысты. Абсорбентті өңдеу барысында шайырды қарқынды араластыру арқылы сілтімен қыздыра отырып, ерітіндіге айналдырады, одан соң оның құрамына алюмокаливтік қвасцты қоса отырып, салқындатады. Шайырды салқындату үшін кез-келген алюминийдің еріген тұздарын қолдануға болады. Алюмокалий қвасцтары қол жетерлік тұздардың арзан түрлері ретінде таңдалады.[4]

Ағаш үгіндісі өз құрамында 6-8%. Шайыры болатындықтан гидрофобизация процесін азайту үшін сілтімен экстракциялап активті сілтінің 10-15 % құрайтын қағаз өндірісімен іске асырады.

Абсорбентке түйіршік формасын беру үшін сілті ерітіндісіне тілімтаспен бірге 2...3% массасы қолайлы болып келеді, өйткені ол сорбентті акваторий беткейінен жинауды жеңілдетеді.

Жоғарыда аталған технологиялардан жаңа өсімдіктерден алынған сорбенттер статикалық жөнінде 4,6-5,6 г/кг шамасында, суды сіңіреді және 1,2-2,1 кг/кг мөлшері ерітіндіден мұнайды сорып алады.

Шикізаттан тұратын лигнин пиролизінің төмен температуралық процесінің технологиясы химиялық реагенттер ортасында мұнай өнімдерін инертті көміртектік сіңірушісі азот ортасында 70...80° С температурада құрғатып, одан соң гидрофобиялық және оленофилді сіңірушіні алу үшін 230-280° С температурасында үгінділерді карбонизациялауды жүзеге асырады. [5] Карбонизация процесінде үгінділер галоген құрамдас, күкірт пен қышқыл құрайтын заттардың қоспасымен әрекеттеседі. Галоген құрамдас зат ретінде үгіндінің бастапқы массасынан 0,3-1% көлемінде фторлы аммоний, күкірт құрамдас заттар – калийперсульфаты мен қарапайым күкірт 3,5-6 масса мөлшерінде, ал қышқыл құрамдас зат ретінде калий перманганаты 0,01-0,5 % мөлшерінде қолданады. Карбонизациялық сатысында түзілген инертті көміртектік сіңіруші инертті газ ортасында салқындатыла түсіріледі.

Алынған сіңіруші төмендегідей шамалардан тұрады.

- сіңіруші бөліктерінің өлшемі 0,3-6 мм
- меншікті беті: - 0,1-1м/г
- макропордың бос көлемі – 3,7-4,2см/г
- қуыстықтардан көлем бойынша бөлу негізінде оның орташа радиусы 1000нм болады.

а) 10 нм кем радиусы қуыстықтары - 1- 5

б) 10-1000 нм радиустағы қуыстықтар – 4-10

в) 100-5000 нм радиустағы қуыстықтар- 75-80

г) 5000 нм артық болса – 10-15

Алынған сорбенттің мұнайды сору сыйымдылығы 4,4 кг/кг құрайды. Суды сіңіру деңгейі төмен болғанда, 0,005 кг/кг сорбент ұзақ уақыт бойы су беткейінде болып және тіпті құбылмалы қабатты сорбаттай алады. Мұнай жұтудың төменгі дәрежесі (24 сағаттан кейін небәрі 0,0007 %) мұнай мен

мұнай өнімдеріне судың салдарынан шығып кетуге және қайтадан бетінде қалқып жүруге мүмкіндік бермейді.

Қорыта келгенде, бұл жұмыста ағаш үгіндісімен жаңқасының әртүрлі өлшемдерінің мұнай сору қабілеттілігі анықталды. Минералды қышқылдар мен органикалық қосылыстарды қолдану арқылы олардың мұнай және мұнай қалдықтарын сору қабілетілігін арттыру қарастырылған.

Қазіргі кезде қоршаған ортаның көп мөлшерде мұнай және мұнай өнімдерімен ластануы әлемдік деңгейіндегі проблемалардың бірі болып отыр. Әдетте, кең ауқымды ластанған табиғи экожүйелердің өздігінен қайта қалпына келуі, өте ұзақ уақытқа созылатын процесс. Осыған байланысты, қазіргі кезде ағынды суларды мұнай және мұнай өнімдерімен ластануынан тазалау үшін, қоршаған ортаны қалпына келу процесін жылдамдату мақсатында түрлі әдістер жасауға көңіл бөлуде. Солардың ішінде ластанған ағынды суларға табиғи және жасанды сорбенттерді қосу, соңғы кездерде едәуір қолайлы әрі тиімді әдіс болып табылады.

1. Кучин, А.В. Способ получения абсорбента для очистки водных поверхностей от загрязнений нефтью, нефтепродуктами и органическими растворителями / М.Ю Магний В.А Демин и др. РФ.- № 96105798/25. Заявлено 26.03.1996 опубл 27.11.1997. Бюл № 33

2. Гончаренко, Г.К. Способ отчистки сточных вод от нефтепродуктов/ В.Я. Шутеев, Ю.В. Леоненко и др.(СССР) №1791349/23-26; Заявлено 01.06.1972; Опубл. 30.11.1974, Бюл.№44

3. Нестерова М.П., Ануфриева Н.М. Состав для удаления нефти с поверхности воды / (СССР) №2065487/26 Заявлено 30.09.1974. Опубл. 15.01.1977. Бюл. №2.

4. Пелевин Г.Н., Позднышев Ю.Х. Способ очистки поверхности воды от нефти / (СССР). №2164199/26 Заявлено 23. 07. 1975. Опубл. 28. 02.1977. Бюл.№8.

5. Курбаков А.Р., Долгин В.Н. Способ очистки поверхности воды от нефти/СССР.№3789329/22-26.Заявлено 27.07.1984.Опубл.15.02.1992.Бюл.№6.

Резюме

В этой работе представлены разные размеры нефтеемкости древесной стружки и опилки. Также рассмотрено повышение нефтеемкости, нефти и их остатков, древесной стружки и опилки с помощью минеральных кислот и органических соединений.

Summary

In this work the different sizes of petroc capacity of a wood shaving and sawdust are presented. Also increase of petroc capacity, oil and their rests, a wood shaving and sawdust by means of mineral acids and organic connections are considered.

ӘОЖ 625. 752:625.851/853

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙ ҚАЛДЫҚТАРЫНАН ЖОЛ ТӨСЕНІШТЕРІН АЛУ

Н.Ә. Бектенов - х.ғ.д., *Магистратура және PhD докторантура институтының профессоры,*

Н.Т. Даулеткулова - *А.Б.Бектуров атындағы химия ғылымдары институты мембрана және ионалмастырғыш смолалар зертханасының инженері,*

С.И. Байбатырова - *Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2-курс магистранты*

Қазіргі кезде жетілдірілген жол төсеніштері ішінде асфальтбетон төсеніштері кең қолданылуда (таралуда). Олар көлік пен жүргіншілердің қозғалысына максимальды ыңғайлы жағдай жасайды. Бұл жол төсеніштерін әртүрлі жүктемелі автокөлік жолдарында қолданады. Соңғы жылдары асфальтбетон төсеніштері аэродром және гидротехникалық құрылыстарында кең қолданылуда. Біздің елімізде жол құрылысының әрі қарай дамуы үшін асфальтбетон төсеніштерінің сапасы мен тарамдылық уақытын арттыруды қолға алу керек. Бұл мәселе зерттеу жұмыстарын жүргізумен қатар, оларды және жиналған тәжірибені іс жүзінде қолдану, асфальтбетон төсеніштерін салудың техникалық деңгейін көтеру арқылы шешіле алады.

Мақаланың негізгі мақсаты Маңғыстау өңіріндегі ауыр мұнай қалдықтарынан арзан материалдардан сапалы асфальтбетон суыққа және ыстыққа төзімді тас қиыршықтары қосылған жаңа асфальтбетон маркаларын алу.

Битум қасиеттері мұнай қасиетіне және алыну әдісіне байланысты. Жол битумдарының ең жақсы шикізаты құрамында асфальт-смодалық заттың үлкен мөлшері (20% көп) бар жоғары смолалы аз парафинді мұнай болып табылады. Осындай мұнай тұтқырлығымен және жоғары үлес салмағымен ерекшеленеді.

Алыну әдісіне қарай жол битумдарының 2 түрі болады: тотыққан - мұнай өңдеудің қалдық өнімдерінің тотығуы нәтижесінде алынады; қалдықты - мұнай өңдеуде түзілетін қалдық өнімдер.

Эксперименттік бөлім:

Экспериментте БНД90/130 маркалы битумын қолданамыз.



Сурет 1. БНД90/130 маркалы битум.

Әртүрлі факторлардан құралған эксперименттерді жүргізу арқылы жаңа маркалы асфальт-бетонды синтездеп алу үшін әртүрлі компоненттер қолданылды.

Тұтқыр заттармен берік байланыса алатын, тау жыныстарын ұнтақтау нәтижесінде алынатын қиыршық тасты асфальт-бетон дайындау үшін қолданылады.

Қиыршық тасқа қойылатын талаптар: асфальт-бетон қоспасының түріне, қолдану аймағына және қабылданған гранулометриялық құрамға тәуелді. қиыршық тасты метаморфты жыныстардан, ыстық және жылы асфальт-бетон үшін ұнтақтау бойынша маркасы 800-ден 1200-ге дейін жетеді (гранулометрия типіне және асфальт-бетон маркасына тәуелді). қиыршық тас көп болатын асфальт-бетон дайындауға қолданылатын қиыршық тасқа аса жоғары талаптар қойылады. қиыршық тас беріктігі бойынша біртекті жыныстардан тұру керек. Оның құрамында ластайтын қоспа болмау керек.

Қиыршық тастың өлшемі асфальт-бетон типіне сәйкес таңдалады. қиыршық тас құрамында пластинка немесе ине пішінді қиыршық тастар мөлшері 15-20%-дан аспау керек.

Ең алдымен біз, тастарды фракциялап аламыз.



а)



ә)



б)



в)

Сурет 2. а) фракциялауға арналған құрал; ә),б) фракцияланған тастар
в) пайдаланылған құм

Кесте 1. Жүргізілген тәжірибенің 6 үлгісі

№1 үлгі	№2 үлгі	№3 үлгі	№4 үлгі	№5 үлгі	№6 үлгі
Мұнай мен битумды қыздырып, оны тастың үстіне құямыз.	Құм, мұнай және битумды араластырып, дайын болған композицияны тастың үстіне құямыз.	Құм, әк, цемент, кірпіш, мұнай және битумды араластырып, тастың үстіне құямыз.	Құм, әк, цемент, резина, мұнай және битумды араластырып, тастың үстіне құямыз.	Құм, әк, цемент, шлак, мұнай және битумды араластырып, тастың үстіне құямыз.	Құм, әк, цемент, ракушка, мұнай және битумды араластырып, тастың үстіне құямыз.

Алынған асфальтбетон маркаларының суға тұрақтылығын анықтау үшін 15 күн суға салып қояды.



Сурет 3. Суға тұрақтылығын анықтауға арналған су құйылған ыдыс
15 күннен кейін судан алып, 3 тонналық күші бар құралда сығамыз.



Сурет 4. 3 тонналық құрал

Зерттеулер көрсеткендей, қазіргі уақытта қиыршық тас асфальт-бетон сапасының төмен болуы, битумның қышқыл тау жыныстарынан алынған қиыршық тастармен берік емес байланысуымен түсіндіріледі. Себебі, қиыршық тасты асфальт-бетонның суға қанығуы жоғары болғандықтан, битумды кабаттар тасты бөлшектердің бетінен жеңіл бөлінеді.

Битумның минералды қиыршықтармен байланысын беттік-активті заттарды қосу арқылы жақсартуға болады. Битуммен байланысатын минералды материалды электрогидравликалық ұнтақтау үрдісінде активтендіру процесін жүргізу тиімді болып келеді. Қазіргі кезде ұнтақтау және алынған өнімдерді органикалық тұтқыр материалдармен өңдеу процесін қатар жүргізу ерекше мәнге ие болып отыр. Осы жағдайда, ұнтақтау процесі жүретін сұйық фаза ауысады: әдетте қолданылатын судың орнына битумды эмульсия, беттік-активті заттардың сулы ерітіндісін пайдаланады. Сұйық фаза ретінде битумды эмульсия қолдану арқылы қара қиыршық тас алуға болады. Ал, беттік-активті заттардың сулы ерітіндісін қолданғанда бөлшектер бетінің модифицирлену процесі жүреді.

Битумның тұтқырлығын сипаттау үшін, келесі шартты көрсеткіштер қабылданған: иненің ену тереңдігі (пенетрация), битумның жұмсару температурасы. Иненің ену тереңдігі битумның температурасына тәуелді. Пенетрацияның бірлігі иненің ену тереңдігінің ұзындығы 0,1 мм-ге тең. Тұтқыр жол битумы үшін 25⁰ С температурада ену тереңдігі 41-ден 200-ге дейін. Битумның жұмсару температурасы да шартты көрсеткіш болып есептеледі.

Битумның сапасы үшін ену тереңдігі және жұмсару температурасы арасындағы көрсеткіштердің қатынасы үлкен мәнге ие.

Сезімталдық температурасы. Битумның жол құрылыс қасиеттерін бағалау үшін төменгі температурадағы тұтқырлықтың сипаттамаларының алатын орны ерекше. Осындай сипаттамалардың бірі - сезімталдық температурасы, ол Фрас құрылысында анықталады. Битумның сезімталдығы, яғни асфальтбетонның сезімталдығы жол төсеніштерінің эксплуатациялық қасиетіне кері әсер етеді: сынуға, деформацияға, бұзылуға қабілеті артады. Сондықтан сезімталдық температурасы битумның негізгі сипаттамасы. Сезімталдық температурасы төмен болған сайын оның эксплуатациялық қасиеті жақсы болып келеді.

Қорыта келгенде, мақалада Маңғыстау өңірінен алынған ауыр мұнай қалдықтарын тотықтыру арқылы жаңа мұнай битумдары алынды. Осы битумдарды пайдаланып, жаңа асфальтбетон маркалары алынды. Оларды ҚазҒЗ жолдар институтында сынақтан өткізіп, физика-механикалық қасиеттері анықталуда.

1. Колбановская А. С., Михайлов В. В. *Дорожные битумы*. - М.: Транспорт, 1973, - С. 264.
2. Богуславский А. М., Богуславский А. А. *Основные реологии асфальтобетона*. - М.: Высшая школа, 1972, - С. 200.
3. Будников П. П. и др. *Технология керамики и огнеупоров*. - М.: Госстройиздат, 1962, - С. 253.
4. Бутт Ю. М. и др. *Технология вяжущих материалов*. - М.: Высшая школа, 1965, - С. 320.
5. Гезенцевей Л. Б. *Асфальтовый бетон*. - М.: Стройиздат, 1964, - С. 446.

Резюме

В настоящее время для дорожных покрытий в большинстве случаев используют асфальтобетон. Он предоставляет максимальные удобства для машин и людей. Эти дорожные покрытия используются и для дорог грузовых автомашин. В нашей стране для развития строительства дорог нужно взять в руки качество и распространение асфальтобетонного покрытия. Эта проблема решается не только ведением научно-исследовательской работы, но и применением ее в эксперименте и поднятием технического уровня асфальтобетонного покрытия.

Summary

Now for road coverings in most cases use asphalt -concrete. It gives the maximal convenience to machines and people. These road a covering utilization and for roads of cargo motor vehicles. In our country for development of construction of roads it is necessary to take in hands quality and distribution asphalt -concrete a covering. It is a problem its application in experiment and a raising of its technological level asphalt -concrete a covering will be solved not only conducting by research work, but also.

УДК-547.917

ТОПИНАМБУРДЫҢ ӘР ТҮРЛІ СОРТТАРЫНЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫН САЛЫСТЫРУ

К.Б. Бажықова - х.э.к., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің доценті

Табиғи ресурстарды зерттеу мен оған қызығушылық күнен-күнге артуда. Сондай-ақ Қазақстандық өсімдік түрлеріне де қызығушылық артып келеді. Бірақ та әлі күнге дейін зерттелмеген жабайы өсетін өсімдіктер де кездеседі. Осындай өсімдіктің бірі – *Топинамбур өсімдігі*.

Топинамбур (жер алмұрты – землянная груша – *Helianthus tuberosus*) – Топинамбур бір жылдық жеміс беретін, күрделі гүлділер тұқымдасына жататын өсімдік. Көптеген ғалымдар топинамбурды көп жылдық өсімдіктерге жатқызады, өйткені ол тек жемісіне ғана емес, қыстап шыққан сабағынан да көбейеді [1].

Helianthus тегі кең және полиморфты. Бент және Гукер өз кезеңдеріде осы тектің 50 түрін, Уотсон - 108 түрін, Коккерель -180, ал Кеңестік монограф Ф.А. Сацыперов 264 түрін сипаттап жазған [2].

Сипатталған түрлердің көпшілігі шөптесін өсімдіктер. Олардың тек 25 – біржылдық, 23 түрі жартылай бұталы, 5 түрі биіктігі 5-7 м дейін жететін бұталы, 45 түрі тамырлы немесе түйнекті сағақты, 5 түрі «тамыр жемісті» және ертеректен бері топинамбурды Солтүстік Америка үндістері тамаққа қолданып келген.

Топинамбурдың әзірге арнайы жемістік сорты жоқ. Көбінесе жемдік сорттары өсіріледі.

Жұмыста топинамбурдың әр түрлі сорттарының жемісіндегі биологиялық белсенді заттарды іздестіру мақсатында олардың химиялық құрамын салыстыру міндеті қойылды.

Осыған байланысты зерттеу нысандары ретінде: Алматы облысында (Қаскелең, Еңбекші Қазақ, Талғар, Талдықорған), Алматы қаласы маңында, Шымкент облысында өсетін топинамбур өсімдігінің Интерес, Вадим, Ақ кочанды, Киевтік ақ және фюзозорттарының жемісі алынып зерттелінді.

Ең алдымен дәрілік өсімдік шикізатына қойылатын мемлекеттік стандартқа сай шикізаттың экстрактивтілігі, күлділігі мен ылғалдылығы анықталды [3].

Әр түрлі физика-химиялық талдау әдістері пайдаланылып топинамбур жемістері құрамындағы ББЗ мөлшері анықталды [4,5].

Анықтау нәтижелері 1-кестеде және 1-диаграммада көрсетілген.

Анализ нәтижесінде топинамбур жемісінен бұрын анықталмаған ББЗ жаңа кластары: терпеноидтар, илегіш заттар, флаваноидтар, алкалоидтар анықталды. Зерттеу нәтижесі ББЗ көп мөлшері негізінен Талғарлық «Вадим» және Еңбекші қазақ ауданының «Киевтік ақ» сортынан, ал Интерес сорты бойынша Қаскелең ауданында өсірілетін топинамбур жемістерінде болатындығын көрсетті.

Алынған нәтижелерді әдеби деректермен салыстыра отырып біріншіден, топинамбурды тек көмірсулар мен аминқышқылдарының негізгі көзі ғана емес сондай-ақ анықталған жаңа қосылыстардың да (ББЗ) шикізат көзі деп айтуға болады.

Екіншіден топинамбур жемісі құрамындағы ББЗ бөлу үшін осы алынған мәліметтерге негізделуге болады және жаңа қосылыстарды іздестіруге мүмкіндік береді.

1. Михальцова Н. В. Новые сорта топинамбура и топинсолнечника. Кормопроизводство, 1985, №9, с.37.
2. Марченко И.И. Урожайность и химический состав новых сортов по топинамбура на Украине. – Киев: Наукова думка, 1981г.
3. Музычкина Р.А., Корулькин Д.Ю., Абилов Ж.А. Качественный и количественный анализ основных групп БАВ в лекарственном растительном сырье и фитопрепаратах.- Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2004, 250с.
4. Государственная фармакопея СССР. - М.: Медицина, 1990. - Т.1, 2. с.112-115.
5. Государственная фармакопея СССР. Изд.ХІ. - М.: Медицина 1990 ч. 2.

Резюме

Сравнения химического состава различных сортов топинамбура.

Для сравнения химического состава были взяты 8 сортов топинамбура произрастающих на территориях Казахстана. Проведен количественный анализ основных групп БАВ методами физико-химического анализа и сделаны заключения о химическом составе топинамбура.

Summary

The Comparisons of the chemical composition different sort topinambure.

For comparison of the chemical composition were take 8 sorts topinambure topinambure sprouting on territory Kazakhstan. It Is Organized quantitative analysis of the main groups BEATEN by methods physico-chemical analysis and is made conclusions about chemical composition topinambure.

УДК 541.128+669.2/.8(04)

ЖИДКОФАЗНОЕ ГИДРИРОВАНИЕ КОРИЧНОГО И ГИДРОКОРИЧНОГО АЛЬДЕГИДОВ НА ЭЛЕКТРОЭРОЗИОННОМ МИКРОПОРОШКОВОМ Cu-Zn СПЛАВЕ

У.С. Кадыркулов - Институт химии и химической технологии НАН КР

ВВЕДЕНИЕ. Ранее [1], на примере гидрирования малеиновой кислоты была показана высокая каталитическая активность микропорошков Cu-Zn сплава, полученного методом электроэрозии металла в среде этанола[2]. Особенность этих микропорошковых Cu-Zn сплавов - высокая дисперсность с преобладанием частиц микронных и субмикронных размеров в сочетании с аморфизированной структурой, наличием кристаллических быстрозакалённых α -{3 фаз (Cu-Zn), содержание полых и пористых частиц.

Целью настоящей работы было установление селективности данных микропорошковых Cu-Zn сплавов на примере жидкофазного гидрирования коричневого альдегида, который является согласно работам [3] удобным объектом для определения селективности катализаторов, вследствие наличия альдегидной группы, сопряженной двойной связи и ароматического кольца. Также было проведено гидрирование гидрокорицевого альдегида для сразнения протекания процесса в однотипных условиях и для однозначной идентификации продуктов катализа.

ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНАЯ ЧАСТЬ. Получение аморфных микропорошков Cu-Zn сплавов было осуществлено на лабораторной установке гранульного типа периодического действия, с генератором электрических импульсов на базе тиристора ТЧ-100 с частотой следования импульсов 50 Гц, ёмкости разрядного контура 10 мкФ, питающим напряжением 220В и рабочем напряжении пробоя 100-180 В.

В качестве исходных материалов использовались латунь марки Л-62 в виде гранул габаритами в среднем не более 15-20 мм. Токоподводящие электроды - из той же марки сплава. Содержание цинка в сплаве - не менее 38% и примесь других металлов менее 0,5%. В качестве рабочей жидкой среды применяли 95% этиловый спирт марки ректификат. Порошки полученных сплавов отделялись от жидкой среды центрифугированием и высушивались при комнатной температуре.

В качестве исходных реагентов для гидрирования использовались: коричневый альдегид марки «ч», гидрокоричный альдегид «хч», диметилформамид «ч». Процесс гидрирования во всех случаях проводился однотипно: в 2-4% - растворах альдегидов в диметилформамиде, содержание катализатора ~2% весовых, при интенсивном перемешивании для достижения кинетической области протекания процесса и при атмосферном давлении с подачей водорода на проскок со скоростью 2л/мин. Эксперименты проводились в течение 2 часов для каждой серии опытов. Далее, катализат отделялся от микропорошка сплава фильтрацией и промывкой чистым диметилформамидом, с доведением до точного объёма в мерных колбах.

Качественный анализ продуктов реакции проводился методом ИК-спектроскопии, на приборе ИК-Фурье спектрометре Nicolet модели Impact 420 и тонкослойной хроматографией на пластинах Silufol (200x200 мм, УФ - чувствительные) при применении элюента гексан-этилацетат (7:3). Проявление хроматограмм производилось 10% спиртовым раствором фосфорномолибденовой кислоты [4].

Количественный анализ на содержание остаточного количества альдегидов проводился методом оксимирования согласно методике [5], а на содержание непредельных соединений (т.е. определение селективности) бромид-броматным методом [6].

РЕЗУЛЬТАТЫ. Исследование влияния температуры на процесс гидрирования коричневого и гидрокоричного альдегидов на Cu-Zn электроэрозионном микропорошке показало следующее (Рис.1). Выход коричневого спирта (кривая 1) в диапазоне от комнатной температуры до 60° С при атмосферном давлении и подаче водорода на проскок быстро увеличивается, далее в диапазоне температур от 80°С до 150°С изменяется плавно. Селективность гидрирования альдегидной группы (кривая 2), не затрагивая двойную связь, сохраняется стопроцентной при температурах от 20°С до 80°С. Далее в диапазоне 100°С-150°С резко падает с образованием гидрокоричного спирта и примесями сложного неуставленного состава, вероятно образующимися в результате деструктивного разложения коричневого альдегида и продуктов его гидрирования, склонных к полимеризации, и их взаимодействия с растворителем - диметилформамидом. При сравнении с процессом гидрирования коричневого альдегида на скелетном цинке (кривая 4) обнаружено гораздо более высокая каталитическая активность Cu-Zn микропорошка, полученного электроэрозией металла в этаноле, что объясняется синергетическим эффектом воздействия медно-цинковой пары с одной стороны, а с другой - особенностями электроэрозионного порошка: высокой дисперсностью и аморфизированной структурой, отличающийся наличием высокого числа дефектов структуры - каталитически активных центров. Известно, что скелетная Cu-Zn пара, полученная по Ренею, ведёт себя аналогичным образом и немного превышает по каталитической активности скелетный цинк [7].





Рис 1. Влияние температуры на процесс гидрирования альдегидов. 1-Выход коричневого спирта при гидрировании коричневого альдегида; 2-Селективность при гидрировании коричневого альдегида на электроэрозионном Cu-Zn микропорошке; 3-Выход гидрокоричного спирта при гидрировании гидрокоричного альдегида; 4-Выход коричневого спирта при гидрировании коричневого альдегида скелетным цинком.

Гидрирование гидрокоричного альдегида (кривая 3) показало значительно более высокий выход гидрокоричного спирта. ИК-спектр продукта гидрирования коричневого альдегида на микропорошке Cu-Zn сплава, показал образование спиртовой группы - на спектрограмме появляется полоса поглощения в области 3500 см^{-1} (Рис 2). Кроме того, селективное образование коричневого спирта после гидрирования коричневого альдегида на электроэрозионном микропорошке Cu-Zn сплава однозначно подтверждается тонкослойной хроматографией (рис.3.).

При сравнении данных анализа катализаторов коричневого и гидрокоричного альдегида методом тонкослойной хроматографии установлено, что в продуктах гидрирования коричневого альдегида нет



гидрокоричного спирта и гидрокоричного альдегида. Рис 2. Инфракрасный спектр продукта гидрирования коричневого альдегида на электроэрозионном микропорошке Cu-Zn сплава.




Рис 3 Тонкослойная хроматография коричневого и гидрокоричного альдегидов, а также их катализаторов.

Таким образом, на основании выше изложенного следуют следующие выводы:

Микропорошковый Cu-Zn сплав, полученный электроэрозионным способом в среде этанола, обладает высокой каталитической активностью и селективностью, в процессах гидрирования непредельных карбонильных соединений, сопоставимой со скелетными катализаторами.

Оптимальный температурный диапазон жидкофазного гидрирования коричневого альдегида лежит в области 80°C.

Электроэрозионные Cu-Zn микропорошки выгодно отличаются от скелетных катализаторов простотой получения, применения и хранения, непиррофорностью, а высокая каталитическая активность обеспечивается аморфизированной структурой.

1. Кадыркулов У.С. Особенности жидкофазного гидрирования малеиновой кислоты на электроэрозионных Cu-Zn микропорошках. // Наука и новые технологии. - Бишкек, 2009. - №4 - С. 264-266.

2. Пат. №785 (KG) Способ получения порошков латуни / Дильдаев Н.С., Кадыркулов У.С.- Заявка № 20030151.1.-08'. 10.03; Зарегистрирована 31.05.05. - 12 с.

3. Пак А.М., Сокольский Д.В. Селективное гидрирование непредельных оксосоединений. - Алма-Ата: Наука, 1983. -С.157.

4. Ахрем А.А., Кузнецова А.И. Тонкослойная хроматография. - М.: Наука, 1964.-С. 60.

5. Препаративная органическая химия / Под общ. ред. д.х. н Н.С. Вульфсона.- М., Л.: Химия, 1964. -С. 860.

6. Сигуа С., Хана Дж. Г. Количественный органический анализ по функциональным группам. - М: Химия, 1983. -С. 300.

7. Фрейдлин Л.Х., Горшков В.И. Восстановление 1,3 диметилциклопентен-1-она-5, коричневого альдегида и 2-метилгептен-2-она-6 на цинковом и цинк-медном катализаторах. //Известия АН СССР. Отд. хим.н. 1959.-№11-С. 2027-2031.

Түйін

Альдегидтердің қорық және гидрокорық сұйық фазалы электро-Cu-Zn микроұнтақтағы эрозионды үлгісінің каталитикалық белсенділігі мен селективтілігіне зерттеулер жүргізілген.

Summary

The investigation of catalytic activity and selectivity of electro erosive Cu-Zn micro powders in liquid phase hydrogenation of cinnamaldehyde and hydro cinnamaldehyde was performed.

УДК-547.917

SONCHUS OLERACEUS L. ӨСІМДІГІ ҚҰРАМЫНДАҒЫ БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ЗАТТАРДЫ АНЫҚТАУ

К.Б. Бажықова - х.ғ.к, доцент,

А.Ш. Ережепова - магистрант

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Қалуен өсімдігі зерттелмеген немесе өте аз зерттелген, тек оның барлық бөліктерінде витамин, каротин, микроэлементтер, фитонцидтердің бар болуы оның адамзат баласына қажет екенін көрсетеді. Тамырында табиғи инсулин бар. Бұл өсімдік нағыз диабеттердің тағамы. Химиялық құрамы толық зерттелмеген. Және де өсімдіктің құрамы оның өскен жеріне байланысты. Тек жапырағында С витамині, көмірсутек, ақуыз бар екені белгілі. Ең қызықтысы бұл өсімдікті Индонезияда мәдени өсімдік ретінде өсіреді [1].


Бақша қалуені өт, зәр айдайтын және қабынуға қарсы әсері бар дәрілік шөп ретінде қолданылады. Бақша қалуенің сулы тұнбасын ішкі органдардың (асқазан, өкпе, бауыр) ішек қабынуларында, сары ауруда, гемморойда, кеуде ауруларында, бала емізетін әйелдерде сүтті көбейткіш ретінде қолданылады. Жаңа қайнатылған шөпті ауырған жерлерді булау үшін қолданылады. Бұдан басқа да пайдалы қасиеттері жайлы әдеби деректер бар [2,3].

Бақша қалуені құрамындағы ББЗ анықтау үшін шикізатты бензолмен экстракцияладық. Бензолды экстрактыда ҚХ әдісімен БУВ (Б:СҚ:СУ, 4:1:5) арнайы айқындауыштарды (аммиак буы, Либерман-Бурхард) пайдалана отырып хлорофилдер (жасыл түстер), флаваноидтар, терпеноидтар анықталды.

Бензолды экстрактыны май тәрізді массаға дейін концентрлеп (5г) силикагельді колонкаға енгіздік [4].

Бензолды экстрактыны бөлу 1-суретте көрсетілгендей жүргізілді.

Колонканы алдыменен гексанмен соңынан әр түрлі қатынастағы гексан : бензол қоспасымен элюирледік. Нәтижесінде 30 фракция алынды (1-сурет). Заттардың бөліну барысын жоғарыда аталған жүйе және ЖҚХ әдісімен (метанол:хлороформ 6:4) бақыладық. 1-5 фракциялардан хлорофилдер және липофильді заттар анықталды. 6-10 Фракциялар май тәрізді түстері қоңыр-сары каротиндерге ұқсас. 11-20 Фракциялардан ЖҚХ, ҚХ көмегімен терпеноидтар анықталды. 11-20 Бөлінген фракциялардың құрамын ЖҚХ арқылы бақылап біріктіру арқылы 5 фракция алдық. 1-фракцияға 1-5 фракцияны біріктіріп жасыл түсті хлорофилдер, 2-фракцияға 6-10-фракцияларды біріктіріп қоңыр сары түсті каратиноидтар, ал 3-фракцияны 11-20-фракцияларды біріктіріп концентрленгенде жеке түрде ақ түсті кристалды 1-зат алынды. 4-Фракция 21-25-фракцияларды концентрленгенде жеке түрде ақ түсті ұнтақ 2-зат алынды. 5-Фракцияда 26-30-фракциялардан сары түсті май тәрізді 3-зат түзілді.



1-сурет. Бензолды экстрактыдағы заттарды бөлу

Бензолды экстрактыны метанол:хлороформ (5:5) жүйесінде жұқа қабатты хроматография пластинкасында хроматографиялап, CeSO_4 айқындауышымен айқындадық. Нәтижесі 1- кестеде көрсетілген.

1-кесте. Бензолды экстрактан бөлінген заттар хроматографиясы.

Жүйе		Айқындауыш	Rf	Түсі
Метанол :хлороформ (5:5)	1-зат	CeSO ₄	0,362	Малина түс
	2-зат		0,579	Жасыл қоңыр
	3-зат		0,724	Сұр түс
	1-зат	3% ванилин	0,333	жасыл
	2-зат		0,50	Сарғыш жасыл
	3-зат		0,666	малина
	1-зат			-
	2-зат			-
	3-зат	AlCl ₃		Сары

Кестеде көрсетілгендей CeSO₄ және ванилиннің 3%-тік ерітіндісімен айқындағанда терпеноидтар және олардың гликозидтеріне сәйкес жасыл және малина түс береді. Ал ҚХ көмегімен флаваноидтар анықталды.

Алынған заттардың құрылысын дәлелдеу үшін физика-химиялық әдістер қолданылды: 3-зат аморфты, балқу температурасы 170°C.

Бөлінген заттардың ИК-спектрі 2-кестеде, ал элементтік анализ нәтижелері 3-кестеде көрсетілген.

2-кесте. Бензолды экстрактыдан бөлінген заттардың ИК –спектрлерінің нәтижесі.


	ИК-спектрі, см ⁻¹								
	ОН	CH ₂	C=O	C=C	CH _{ар}	CH _{ар} -O	C-O-C	C-OH	CH ₂ , CH ₃
1	3401	2925, 2894	-	1645	1463	-	-	1010	724
2		2950, 2850	-	1640	1450	-	-	-	760
3	3376	2925, 2852	1740	1642	1463	1382	1297 1189	1041	723 пираноза

3-кесте. Бензолды экстрактыдан бөлінген заттардың элементтік анализ нәтижелері.

№	Анықталғаны, %			Брутто-формула	Есептелгені, %		
	С	Н	О		С	Н	О
1	31,7	13,6	5,8	C ₂₀ H ₄₀ O	31,8	13,5	5,4
2	51,25	1,79	-	C ₁₅ H ₂₃	51,30	1,81	-
3	56,06	4,72	38,9	C ₂₃ H ₂₄ O ₁₂	56,09	4,78	39,02


Соныменен бензолды экстрактыдан жеке түрде 1-3 зат бөлініп құрылысы хроматография, элементтік анализ, ИК-спектрі көмегімен және әдеби деректерге сүйене отырып төмендегіше қорытынды жасалды:

1.1-зат сары түсті май тәрізді каратиноид 2-фитол (дитерпенді спирт) деп жорамалданды. 2- фитол C₂₀H₄₀O– дитерпенді спирт. Е, К витаминдерінің құрамына кіреді.




2-фитол

2.2-зат терпеноид фарнесен $C_{15}H_{23}$ (сесквитерпен) деп жорамалданды.



фарнесен

3 –зат балку температурасы 169-170°C флаваноидты гликозид – изорамнетиннің 3-рутинозиді деп жорамалданды.



изорамнетиннің 3-О-β-D-глюкопиранозил(6-1)- α-L-рамнопиранозиді

Аталған қосылыстар *Sonchus oleraceus* (қалуен) өсімдігі құрамынан алғаш рет анықталып, бөлініп отыр. Бөлінген қосылыстардың құрылысын нақты толығырақ дәлелдеу үшін ЯМР, масс-спектрокопия сияқты спектрлік әдістерді қажет етеді.

1. Рычин Ю.В. Сорные растения. Определитель. // Москва. Учпедгиз 1952г. –с.238-243.
2. Antidepressant-Like Activity of *Sonchus oleraceus* in Mouse Models of Immobility Tests. //Journal of Medicinal Food. 2010, 13(1): -р. 219-222.
3. Лагерь А.А. фитотерапия. Красноярск: Изд. Красноярского ун – та, 1988г.
4. Гринкевич Н.И., Сафронич Л.Н. Химический анализ лекарственных растений. - М., 1983г. с.50-52, 64.

Резюме

Из бензольного экстракта растений рода *Sonchus oleraceus l.* методами качественного анализа были определены биологические активные вещества хлорофильного, каротиноидного, терпеноидного и флаваноидного типа. Методом колоночной хроматографии в индивидуальном виде были выделены 3 новых соединения, структура которых предполагалась на основании физических методов исследования.

Summary

The biological active material were determined from benzened of the extract of the plants of the sort *Sonchus oleraceus l* methods of the qualitative analysis, chorofilles, karatinoids, terpenoids and flavanoids of the type. The Method to columned chromatography 3 new joins were chosen in the individual type, which structure suggestions on the grounds of physical methods study.

УДК 547.979.733.

ЭЛЕКТРОННЫЕ СПЕКТРЫ ПОГЛОЩЕНИЯ ПРОИЗВОДНЫХ ПОРФИРИНОВ, ВЫДЕЛЕННЫХ ИЗ РАСТИТЕЛЬНОГО СЫРЬЯ КРАПИВЫ ДВУДОМНОЙ

Н.Б. Сарова – к.х.н.

К.М. Калмуратова – магистрант 2 курса

Казахского национального педагогического университета имени Абая
Институт магистратуры и PhD докторантуры

Порфириносодержащие объекты широко распространены в природе. Прежде всего, это хлорофилл – зеленый пигмент растений, с помощью которого растения улавливают световую энергию и осуществляют фотосинтез.

Хлорофилл обладает многочисленными функциональными группировками, способными в определенных условиях к изменению при действии различных химических реагентов [1, 2].






Рисунок – 1. Клетки зеленого листа с хлоропластами внутри. Снимок под микроскопом.

Быстрорастающие потребности в металлопорфинах в нашей стране требуют поиска доступных источников порфирина и эффективных методов их получения. Дешевым, удобным и практически неограниченным источником хлорофилла и порфиринов на его основе в Казахстане является крапива двудомная.

В связи с этим в работе выделен порфирин (смесь феофитина а+b) из растительного сырья Казахстана – крапивы двудомной [3]. Количественное содержание выделенных порфиринов на азот и хлор определяли по данным элементного анализа, в соответствии с которым процентное содержание С составляет 71,40 %; Н – 8,03 %, Cl – 0; N – 5,18.



Феофитин а



феофитин b

Структурная формула феофитинов а и b

Особенности молекулярной структуры порфиринов наиболее отчетливо проявляются в их электронных спектрах поглощения (ЭСП) и испускания, в ИК- спектрах [4].

ИК-спектры дают дополнительную информацию о структуре молекул порфиринов и их комплексов. Особенно тесно связано с ИК-спектрами состояние N–H-группировки и координационного центра MN_4 . Всякое изменение структуры молекулы порфирина, которое приводит к изменению σ и π -электронной плотности макрокольца, а вместе с тем его ароматичности, тотчас отражается на состоянии связей N–H и N–M и выражается в изменении частот их колебаний.

Нами сняты ИК-спектры феофитина (Pfp), кобальтфеофитина (Co-Pfp) и тройного комплекса – полиакриловая кислота-кобальт-феофитин (ПАК-Co-Pfp). Данные ИК-спектры приведены в табл.

Таблица – Частоты NH– и CH– колебаний (cm^{-1}) порфиринового цикла


Соединения	ν (NH)	ν (CH)
Феофитин	3398	2925,4
Co+Феофитин	3417,3	2925,9
ПАК+Co+Феофитин	3406,8	2923,1

Как видно при добавлении соли кобальта хлорида к феофитину интенсивность полосы увеличивается на $\sim 20\text{ см}^{-1}$. Это небольшое увеличение является следствием образования металлопорфиринов, благодаря замещению двух атомов водорода координирующего центра порфиринового лиганда на атом металла [3]. При добавлении к двойному комплексу ПАК наблюдается изменение частот, что говорит о взаимодействии линейной полиакриловой кислоты с металлофеофитином.

Путем взаимодействия феофитина а и b с Co^{2+} получено внутриклеточное соединение кобальтфеофитина.

ЭСП феофитина а и b и его комплексов с Co^{2+} и полиакриловой кислотой (ПАК) снимали в среде органических растворителей: эфире, диметилформамиде (ДМФА) и изопропиловом спирте [5]. Различие в спектрах феофитина а и феофитина b снятых в среде изопропилового спирта состоит в наличии полосы поглощения в районе $\nu=28800\text{--}26500\text{ см}^{-1}$ и соответственно, длине волны 347–377 нм, соответствующей наличию альдегидной группы в макроцикле феофитина b (рис. 2).

Нами получен спектр феофитина (рис. 2) во многом напоминающий спектр порфирина [6]. Разница состоит в том, что полоса $Soret$, спектра полученного в эфирном растворе, несколько понижает свою интенсивность, а полосы в области 650 нм сильно уменьшаются по интенсивности, и появляется новая полоса в районе 700 нм. Можно полагать, что это батохромно смещенная полоса 650 нм, возникшая в результате воздействия циклопентадиеновой группировки енола на π -систему макрокольца. Наше предположение подтверждается литературными данными [7], где авторам удалось снять ЭСП интермедиатов, которые представляют собой еноляты хлорофиллов а и b – неустойчивые соединения, возникающие в эфирном или пиридиновом растворах. В связи с чем делается вывод об значительном вкладе природы растворителя, в нашем случае, эфир смещает кето-енольное равновесие в сторону енола.



Обозначение кривых: Спектры феофитина b (1), феофитина a (2)

Рисунок 2 – Спектры феофитина а и b ($C=10^{-5}$ моль/л) в среде изопропилового спирта





Рисунок 3 – Электронные спектры поглощения порфирина в эфире.

Интересным было сопоставление спектров феофитина b ($C \cdot 10^{-5}$ моль/л) снятых в среде органических растворителей с различной полярностью (рис. 4). Показано, что в спектрах, снятых в растворе ДМФА, резко уменьшается длинноволновое поглощение и возникает интенсивное поглощение в области волновых чисел $26000-23400 \text{ см}^{-1}$ при больших оптических плотностях. Это явление связано с полярностью органического растворителя ДМФА, превалирующей над полярностью изопропилового спирта [8].



Обозначение кривых: $C=10^{-5}$ моль/л в ДМФА (1), $C=10^{-5}$ моль/л (2) в изопропиловом спирте
Рисунок 4 – Зависимость оптической плотности раствора от волнового числа феофитина b в среде полярных растворителей

Таким образом, выделена смесь феофитина а и b из растительного сырья Казахстана – крапивы двудомной, определены температуры плавления двух разных фракций, обнаружено влияние органических растворителей с различной полярностью на электронные спектры поглощения феофитина а и b.

1. Кутюрин В.М. Хлорофилл. - Минск: Наука и техника, 1974. – С.85.
2. Исляйкин М.К., Данилова Е.А., Кудрик Е.В. Макрогетероциклические соединения. Строение. Синтез. Свойства. – В кн. Успехи химии порфиринов. - СПб.: НИИ химии СПбГУ, 1999. - Т. 2. - С. 300-319.
3. Березин Б.Д. Координационные соединения порфиринов и фталоцианина. – Москва: Наука, 1978. – 280 с.
4. Жунусбекова Н.М., Сарова Н.Б., Долгова Н.А., Бектуров Е.А., Джумадилов Т.К. Механизм образования металлопорфиринов в изопропиловом спирте //Вестник КазНУ, сер. хим. – 2005. - №4, вып. 40. – С. 15-18.
5. Жунусбекова Н.М., Сарова Н.Б., Корганбаева Ж.К. Физико-химические методы исследований новых композитов металлофеофитинов на полимерных носителях //Сб. матер. Международной школы-конференции молодых ученых «Физика и химия наноматериалов». -Томск, Россия, 2005. -С. 602-605.
6. Соловьев К.Н., Гладков Л.Л., Старухин А.С., Шкирман С.Ф. Спектроскопия порфиринов: колебательные состояния. – Минск: Наука и техника. – 1985. – 415 с.
7. Райхардт Х. Растворители в органической химии. – Ленинград: Химия, 1973. – С. 93-96.
8. Janson T., Kayz Y. The porphyrins Ed. D. Dolphin N.Y.:Acad. Press. – 1975. – V. 4. – P. 1-60.

Түйін

Қалақай өсімдігінен алынған порфирин туындысы - феофитин b қосылыстарының электрондық жұтылу спектрлері

Мақалада хлорофилл, феофитин а және b қосылыстарының құрылыс формулалары, ИҚ спектрлері нәтижесінде NH және CH порфиринді тізбектердің тербеліс жиіліктері және порфириннің эфирдегі, диметилформамаидте және изопропил спиртіндегі электрондық жұтылу жолақтары қарастырылған.

Summary

Electronic spectrums absorption derivative porphyrins, discharged from plant roughage of nettles stinging

In article are considered structural formulas of the chlorophyll, phaeophytin a and b, frequencies NH and CH oscillations porphyrins cycle and electronic spectrums absorption porphyrins in ether, dimethyl formamide, isopropyl alcohol.

УДК 541.123.3

CH₃COOLi – H₃PO₄ – H₂O үштік жүйенің өзара ерігіштігін 20°C және 40°C температураларда зерттеу

У.С. Ахынова – магистрант, ҚазМемҚызПУ,
Г.Е. Азимбаева – х.ғ.к., доцент ҚазМемҚызПУ,
Б.М. Бутин – х.ғ.д., профессор ҚазМемҚызПУ

CH₃COOLi – H₃PO₄ – H₂O үштік жүйенің өзара ерігіштігін 20°C және 40°C температураларда изотермиялық ерігіштік әдісі бойынша қаныққан ерітіндінің рН, тығыздығы, сыну көрсеткіштері анықталды. Жүйеде үш тұз кристалданатыны анықталды. Олар: Li₃PO₄, Li₃PO₄·12H₂O, LiH₂PO₄. Синтездеген литий фосфаттарының құрамы химиялық, ИҚ-спектроскопия және рентгенфазалық әдістермен дәлелденді[1-8].

Бұл жұмыстың мақсаты «литий ацетаты - фосфор қышқылы – су» жүйесінің өзара ерігіштігін 20°C және 40°C температураларда зерттеу және реакция өнімдерін анықтау.

Жұмыста H_3PO_4 «ч» маркалы және $\text{CH}_3\text{COOLi} \cdot 2\text{H}_2\text{O}$ «ч» маркасы қолданылды. Литий ацетатының екі рет қайта кристалданған түрі пайдаланылды. Изотермиялық жағдайда гетерогенді жүйенің ерігіштігін зерттеу үшін тұрақты қыздыратын немесе суытатын және температураны автоматты реттейтін «ТВЛ-1» термостаты қолданылды. Реакциялық қоспа $\pm 0,1^\circ\text{C}$ дәлдікпен термостатталды. Жүйенің 20°C температурадағы тепе-теңдігі 2 сағатта, ал 40°C температурада 1сағатта орнады.

Литийдің мөлшері жалынды фотометрлік әдіспен [8], фосфор фотоколориметрлік [7] әдіспен анықталды. Бөлінген қатты фазалар химиялық ИҚ-спектроскопия және рентгенфазалық әдістермен анықталды.

Қатты фазаның ИҚ-спектрі NIKOLET 5700 FT-IR спектрофотометрінде КВг таблеткасының қатысында $400-4000\text{ см}^{-1}$ сіңіру аймағында анықталды [3-4]. Рентгенофазалық анализ Дрон - 3 дифрактометрінде жүргізілді. Түзілген фазаларды идентификациялау кестелік мәліметтер бойынша жүргізілді [5]. Тәжірибе мәліметтері 1 және 2 кестелерде, 3-4 суреттерде келтірілген.

Фосфор қышқылы литий ацетатымен әрекеттесіп, сұйық фазаға сірке қышқылын бөліп шығарады. 1 - 2 кестелерде келтірілгендей ерітіндідегі монокарбон қышқылының мөлшері фосфор қышқылының концентрациясымен анықталады.

Фосфор қышқылының концентрациясы артқан сайын литий ацетатының ерігіштігі төмендеп, әлсіз сірке қышқылын ығыстырып шығарады.

$\text{Li}_2\text{O}:\text{P}_2\text{O}_5$ 3,3-2,65:1 ара қатынасында ерітіндідегі P_2O_5 21 % шамасында болса, жаңа қатты фаза $\text{Li}_3\text{PO}_4 \cdot 12\text{H}_2\text{O}$ күйінде түзіледі. Сұйық фазадағы рН - мәндері 4,20 - 4,39 -ға тең болады.

$\text{Li}_2\text{O}:\text{P}_2\text{O}_5$ 0,86 -1,29 :1 / 20°C / және 1,0 -1,6:1 / 40°C / ара қатынасында ерітіндідегі P_2O_5 мөлшері орташа 61% болғанда қатты фаза Li_3PO_4 түзіледі. Сұйық фазадағы рН -3,87- 3,15 және 4,04 - 3,26 мәндері аралығында болады.

$\text{Li}_2\text{O}:\text{P}_2\text{O}_5$ 2,1-1,70:1 ара қатынасында ерітіндідегі P_2O_5 мөлшері 52 - 43,2% болғанда, $\text{Li}_3\text{PO}_4 \cdot 12\text{H}_2\text{O} + \text{Li}_3\text{PO}_4$ қоспа күйінде қатты фаза түзіледі.

$\text{Li}_2\text{O}:\text{P}_2\text{O}_5$ - 0,86:1 ара қатынасында ерітіндідегі P_2O_5 68% болғанда, жаңа қатты фаза LiH_2PO_4 күйінде түзіледі. Сұйық фазадағы рН - мәні 1,12-ге тең болады.

$\text{Li}_2\text{O}:\text{P}_2\text{O}_5$ - 0,73- 0,65 :1 және 0,9-0,8:1 ара қатынастарында ерітіндідегі P_2O_5 мөлшері 56,8-50,4-ге тең болғанда, $\text{LiH}_2\text{PO}_4 + \text{Li}_3\text{PO}_4$ қоспа күйінде қатты фаза түзіледі. Бөлінген қатты фазаны химиялық талдау мынаны көрсетеді:

Табылғаны, % : Li_2O -38,2-38,7; P_2O_5 = 61 - 61,6.

Li_3PO_4 үшін есептелген, % : Li_2O =38,79; P_2O_5 =61,2.


Табылғаны, % : Li_2O =13,13; P_2O_5 =21,2.

$\text{Li}_3\text{PO}_4 \cdot 12\text{H}_2\text{O}$ үшін есептелген, % : Li_2O =13,55; P_2O_5 =21,3.

Табылғаны, % : Li_2O =14,41; P_2O_5 =68,60.

LiH_2PO_4 үшін есептелген, % : Li_2O =14,42; P_2O_5 =68,2.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден, литий ацетаты мен фосфор қышқылының әрекеттесуі мынадай реакциялар бойынша жүреді:



Қатты фазалардың ИҚ - спектрлері 3 - 4-суреттерде көрсетілген. Алынған қосылыстардың ИҚ- сіңіру спектрлерін салыстыру үшін бастапқы зат $\text{CH}_3\text{COOLi} \cdot 2\text{H}_2\text{O}$ спектрі келтірілген.

$\text{Li}_3\text{PO}_4 \cdot 12\text{H}_2\text{O}$ ИҚ- спектрінде әлсіз 402,9; 862,9; 1350,4 см^{-1} және 438; 499,3; 592,9; 1035,3; 1086,7; 1425,5; 1573,3 см^{-1} сіңіргіш сызықтарының аймақтарында байқалады. 402,9; 862,9; 1350,4 см^{-1} сіңіргіш сызықтары HPO_4^{2-} ионының деформациялық тербелісіне және 438; 499,3; 592,9; 1035,3; 1086,7; 1425,5; 1573,3 см^{-1} сіңіргіш сызықтары HPO_4^{2-} ионының валенттік тербелісіне сәйкес келеді. 3415,8 см^{-1} аймағында сіңіргіш сызықтарының болуымен су молекуласының барлығын анықтайды. $\text{Li}_3\text{PO}_4 \cdot 12\text{H}_2\text{O}$ тән спектрдегі сіңіргіш сызықтары әдеби деректермен сәйкес келеді. Алынған рентгенографиялық мәліметтері каталог кестесінің мәндерімен салыстырғанда қатты фазада түзілген заттың құрамы $\text{Li}_3\text{PO}_4 \cdot 12\text{H}_2\text{O}$ ұқсастығын көрсетеді [сурет 1].


Li_3PO_4 ИҚ- спектрінде 485, 1398,8 см^{-1} аймақтарында әлсіз сіңіру жолақтары және 461; 464; 516; 590,4; 1032 см^{-1} аймақтарында күшті сіңіру жолақтары бар. 485, 1398,8 см^{-1} сіңіру аймақтары

HPO_4^{2-} ионының деформациялық тербелісін , 461; 464; 516; 590,4; 1032 см^{-1} жолақтары HPO_4^{2-} ионының валенттік тербелістерін көрсетеді. Алынған Li_3PO_4 спектрі әдеби мәліметке сәйкес келеді.

LiH_2PO_4 ИҚ – спектрінде 403,5; 423,3; 438,8; 566,6; 788,4; және ; 901,5 см^{-1} аймақтарында әлсіз сіңіру жолақтары және 512; 535; 727,7; 828,9; 881,9; 881,1; 957,7; 1043,3; 198,9; 1151; 1236; 1322; 1397; 1636 см^{-1} аймақтарында күшті сіңіру жолақтары бар 403,5; 423,3; 438,8; 566,6; 788,4; және ; 901,5 см^{-1} сіңіру аймақтары HPO_4^{2-} ионының деформациялық тербелісін, 512; 535; 727,7; 828,9; 881,9; 881,1; 957,7; 1043,3; 198,9; 1151; 1236; 1322; 1397; 1636 см^{-1} жолақтары HPO_4^{2-} ионының валенттік тербелістерін көрсетеді. Алынған LiH_2PO_4 спектрі әдеби мәліметтерге сәйкес келеді.

Литий ацетаты - фосфор қышқылы - су жүйесінің ерігіштігін зерттеу нәтижесінде 20°C температурадағы фосфор қышқылы мен литий ацетатының әрекеттесуі 2 сағат, ал 40°C температурада 1 сағат уақытта литий фосфаттарының түзілуі Li_3PO_4 , $\text{Li}_3\text{PO}_4 \cdot 12\text{H}_2\text{O}$, LiH_2PO_4 анықталды.

Сөйтіп, фосфор қышқылы - литий ацетаты - су жүйесіндегі әрекеттесулердің тәжірибелік мәліметтері бойынша маңызды синтетикалық фосфаттар Li_3PO_4 , $\text{Li}_3\text{PO}_4 \cdot 12\text{H}_2\text{O}$, LiH_2PO_4 алудың қолайлы жадайлары анықталды.



Сурет 1. Рентгенограммалар

CH₃COOLi-H₃PO₄-H₂O жүйесінің ерігіштігі /20⁰C/

Кесте-1.

№	Сұйық фазаның қасиеттері			Сұйық фаза,%		Қатты фаза,%			
	pH	N	P	CH ₃ COOH	P ₂ O ₅	CH ₃ COOH %	P ₂ O ₅	Li ₂ O	Қатты фаза
1	8,60	1,3850	1,0637	0,541	-	4,8	-	-	A
2	7,08	1,3800	1,1419	0,55	0,0063	1,2	4	14,4	A
3	5,30	1,3840	1,1378	10,39	0,0063	1,80	5,6	22,65	A+B
4	5,81	1,3810	1,1337	33,2	0,0362	3,6	20,8	15,41	A+B
5	4,20	1,3710	1,0946	49,47	0,311	2,4	21,2	13,13	B
6	3,71	1,3700	1,1049	67,41	0,972	2,04	52	34,8	B+B
7	3,87	1,3680	1,0967	59,43	0,963	1,68	61,1	38,7	B
8	3,50	1,3710	1,1094	68,63	0,929	1,92	60,0	38,21	B
9	3,15	1,3760	1,1543	76,57	0,865	1,68	60,6	38,21	B
10	2,90	1,3800	1,1831	82,64	0,865	1,8	56,8	29,03	B+Г
11	2,60	1,3870	1,2283	91,62	0,865	2,4	52,8	17,3	B+Г
12	1,12	1,4060	1,4074	95	0,667	3,36	68,6	14,41	Г


CH₃COOLi-H₃PO₄-H₂O жүйесінің ерігіштігі /40⁰C/

Кесте-2.


A -	Сұйық фазаның қасиеттері			Сұйық фаза,%		Қатты фаза,%			
	pH	n	P	CH ₃ COOH	P ₂ O ₅	CH ₃ COOH	P ₂ O ₅	Li ₂ O	Қатты фаза
1	8,50	1,3870	1,0640	0,543	-	4,8	-	-	A
2	5,35	1,3850	1,1440	10,89	0,00715	1,2	4	20,56	A
3	5,31	1,3870	1,1460	11,47	0,00715	2,1	5,6	18,56	A+B
4	5,82	1,3850	1,1481	27,6	0,00715	1,2	20	15,41	A+B
5	4,39	1,3720	1,0987	43,01	0,22	2,88	21,6	26,7	B
6	3,85	1,3690	1,0925	64,52	1,79	2,28	43,2	31,21	B+B
7	4,04	1,3680	1,0884	54,02	0,690	1,2	61,2	38,7	B
8	3,61	1,3680	1,0987	66,35	1,974	2,28	61,6	38,6	B
9	3,26	1,3720	1,1152	79,52	1,803	1,60	61,4	38,6	B
10	2,09	1,3770	1,1543	83,94	1,81	1,85	50,4	33,5	B+Г
11	2,74	1,3760	1,1584	93,83	1,73	2	50,4	32,36	B+Г
12	1,12	1,4030	1,3518	95	1,55	3,5	68,8	14,41	Г

CH₃COOLi
B - Li₃PO₄

B - Li₃PO₄·12H₂O
Г - LiH₂PO₄



Сурет.1 Литий тұздарының ИҚ-спектрі (20°C)



Спаривание лошадей отмечено в апреле 2005 года, в котором участвовали три кобылы и 1 жеребец «Балу». На сегодня жеребец «Балу» является единственным гаремным жеребцом и родоначальником нового стада лошадей Пржевальского в республике. В 2007 году получен первый приплод: жеребенок самец «Кулагер» и жеребенок самец «Тарлан», а в 2008 году от кобылы «Шанти» родился жеребенок-самец «Тайбурул». Однако двух кобыл для гаремного жеребца «Балу» явно не хватает, их должно быть минимум 8 кобыл. В этой связи выявилась аномальная, сексуальная активность жеребца «Балу». Из-за отсутствия необходимого количества кобыл воспроизводство стада лошадей Пржевальского в течении двух лет не было.

Количество завезенных в 2003 и 2008 годах в национальный парк лошадей было слишком мало – вначале 8 голов и через 4 года - 6 голов. С учетом, гибели от несчастных случаев, болезней, непредвиденных обстоятельств, гибели молодняка число лошадей сократилось, что негативно сказывается на воспроизводстве стада. Так из 8 животных 2003 года завоза в живых осталось только 1 жеребец и 1 кобыла, а из 6 лошадей завоза 2008 года – только 4. Согласно рекомендациям российских и казахстанских ученых, количество основателей популяции лошадей должно составлять 20-30 особей, с тем, чтобы достичь устойчивой безопасной численности в 250-300 голов. В настоящее время в национальном парке в условиях воли обитают всего 9 голов лошадей Пржевальского в виде одной гаремной группы из 4 лошадей (1 жеребец, 2 кобылы и 1 жеребчик) и одной холостяковой группы из 5 лошадей (жеребцы).

Лошадь Пржевальского представляет собой самостоятельную центральноазиатскую ветвь диких лошадей и может иметь большое значение для гибридизации, при выведении новых пород лошади. Лошадь Пржевальского хорошо размножается вне воли. По рекомендациям учёных Казахстана, эти лошади реакклиматизированы в пределах бывшего ареала - в ГНПП «Алтын-Эмель». Реинтродукция лошади Пржевальского на этой охраняемой территории оказалась успешной. Эти животные и будут стоять у истоков нового периода в разведении диких лошадей в Республике Казахстан.

Восстановление лошади Пржевальского на просторах Казахстана имеет важное значения не только для сохранения данного вида, но и станет моделью для восстановления других исчезающих и редких видов животных.

1. Банников А.Г. 1959. О лошади Пржевальского. Современное состояние и биология дикой лошади. Природа, М3, 50-51.
2. Гептнер В.Г., Насимович А.А., Банников А.Г. 1961. Млекопитающие советского союза. Т.1, 776 с.
3. Банников А.Г., 1954 Млекопитающие Монгольской Народной Республики. - М., 671 с.
4. Соколов В.Е., Орлов В.Н. 1988, Восстановление лошади Пржевальского в природе Лошадь Пржевальского и ее сохранение в природе в Монголии, сб. мат. совещания экспертов ФАО/ЮНЕП, Москва, стр. 118-131.
5. Паклина Н.В. 1997. По следам исчезнувших тахи Природа, М7, 91-101
6. Ахметов Х.А., Байтанаев О.А Биологическое разнообразие Национального парка «Алтын-Эмель». - Алматы: РНЦ Азия, 2005.-160 с
7. Климов В.В. Лошадь Пржевальского .- М.: Агропромиздат, 1990, 252 с.
8. Гржимек Бернгард . И снова лошади. – М.: Прогресс, 1990, с 42-45
9. Новиков Г.А. Полевые исследования по экологии наземных позвоночных. – М,1953.- 50с
10. Гептнер В.Г., Насимович А.А, Банников А.Г. Млекопитающие Советского союза. Парнокопытные и непарнокопытные.- М.: Высшая Школа, 1961.Т.1. 776с.
11. Флинт В. Е., Переладова О.Б. Экспериментальная программа по созданию вольных популяций лошади Пржевальского в Казахстанско-Среднеазиатском регионе. Редкие и исчезающие виды млекопитающих СССР.-М., 1990.-с. 98-113.
12. Бекенов А. Б., Ахметов Х.А., Хабибрахманов Р.М., Байтанаев О.А. О некоторых особенностях биологии лошади Пржевальского *Equus przewalskii* в условиях реинтродукции в ГНПП «Алтын-Эмель». Казахский национальный аграрный университет. вестник КазНУ. Серия биологическая .- Алматы, 2008. №3 (28). С.30-35

Түйін

«Алтын-Эмель» Мемлекеттік Ұлттық Табиғи бақтағы Пржевальскийдің аты

Н.А.Бекенова, С.М.Джамилова, А.А.Грачев, И.Т.Кумаева

Пржевальскийдің аты (*Equus przewalskii* Polikov, 1981) - жабайы азиялық атпен жалғыз өкіл. Дүниелік фаунаың сирек кездесетін өкілі, Орталық Азияның эндемигі. «Алтын-Эмель» ұлттық бақтағы болу шарттарындағы Пржевальскийдің атының популяцияның қазіргі күйі.

Summary

Horse przewalsky in snnp «altyn-emel»

N.A.Bekenova, S.M.Dzhamilova, A.A.Grachev, I.T.Kumaeva

Przewalski horse (*Equus przewalskii* Polikov, 1981) - the sole representative of the Asian wild horse. Unique representative of the world fauna, endemic to Central Asia. Current status of the Przewalski horse population in conditions of existence in the National Park «Altyn-Emel».

ЭКОЛОГИЯ

УДК 504.54(282.255.5)

БАЛҚАШ КӨЛІНІҢ ҚАЗІРГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛЫ

В.Ж. Жунисбекова - 2 курс магистранты,

К.Д. Каймулдинова - г.ғ.к., доцент

Балқаш көлі - Қазақстандағы ең ірі экожүйелердің бірі. Көл Балқаш – Алакөл ойысында орналасқан. Көлемі – 501 мың км², ұзындығы – 605 км, ені – 974 км аралығында. Ал, ең терең жері – 26 м. Бұл көлдің 1970 жылдарындағы сипаты болса, қазір мүлдем басқаша. Жетісу өзендерінің ішінде Іле, Қаратал, Ақсу және Лепсі өзендері Балқашқа құяды. Балқаш көлі шөл және шөлейт табиғат зоналарында орналасқандықтан, оның климаты шұғыл континентті болып келеді. Су айдынының булануы өте жоғары. Осыған байланысты судың деңгейі тез өзгеріп отырады.

Балқаш көлінің пайда болу тарихы, оның «ата тегі» ерекше болып келуіне байланысты өңірдің дүниесі қатал да әсем. Жазда мұнда құмды және шанды дауылдар патшалық құрса, ал қыста қарлы борандар құтырады. 48⁰С аптапты ыстық және жауын-шашынсыз жаз. Мұндай климаттық жағдайлар бұл өлкеде бұл өлкеде тіршілік болмайтындай көрсетеді. Алайда, олай емес. Табиғат бізге нешінші рет екені белгісіз, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің бейімделуі деген таңғажайып мүмкіндіктерін көрсетумен келеді. Мүмкін, сондықтан да, Балқаш өңірінің кез – келген тіршілік өкілімен (сорақ немесе жыңғыл тоғайы, немесе кішкене кесіртке тағы басқа) кездесу таң қалдыруынан танбайды [1].

Кезінде арнасынан асып жатқан Балқаш көлінің Арал мен Каспийден кейінгі орында тұрған экологиясы қауіпті аймаққа айналғаны қуантарлық жағдай емес. Адамның қоршаған ортаға келтіріп жатқан кешірілмес қиянаты, келіп жатқан зияны көбейіп отыр.

Балқаш көлінің маңындағы үлкен мыс қорыту зауытының және өзге де кәсіпорындардың бұл жердің экологиясына тигізген зардабы орасан зор. Соның зардаптарынан жергілікті тұрғындар мен Балқаш көлінің аң-құсы қасірет шегуде. Мысалға,

14 жасқа дейінгі балалардың 75%-ы, ересек жастардың 78%-ы, үлкендердің 64%-ы әр түрлі тіс ауруларына шалдыққан, онкологиялық аурулар, нәрестелердің шетінеп кетуі, құстардың жаппай қырылып қалуы кең етек алған. Балқаштың экологиялық жағдайы жылдан – жылға нашарлап барады. Ал ең қорқынышты ахуалдардың бірі - қытайлықтардың Балқаш көлінің нәрі – Іле өзенінің өз жерінен бастау алатын бөліктерінде қарқынды құрылыс жұмыстарын (каналдар салу, жаңа қалалар соғу, өнеркәсіпті дамыту сияқты) бастауы. Егер Қытай көршіміз, Іле өзенінің 15 пайызын бөгеп, сол мөлшердегі суды, Қазақстанға жібермесе, Балқашта экологиялық апат болуы мүмкін. Соған көл маңындағы, Іле бойындағы ирригациялық жұмыстарды нақты жүйеде жүргізілмеуі, оның байлығын (сексеуіл, қамыс және тағы басқа) керексіз пайдалану, Балқаштағы балықты заңсыз аулаудың кең етек жайылуы кінәлі. Сол себепті Балқаштың тағдыры тек Қазақстанның ғана емес, ол қытайдың көмегіне және Іле өзенінің суын дұрыс пайдалануына тікелей байланысты болып отыр. Сонымен қатар, Балқаш экожүйесінің одан ірі нашарлауына Іле өзені бойына салынған Қапшағай су қоймасы да әсер етті. 1970 жылы Қапшағай су қоймасындағы Іле өзенінің су бөгейтін Қапшағай бөгені салынды. Оған қосымша Іле өзенін қоректендіріп отырған Шелек өзені Бартоғай бөгетімен бөгеліп, онда көлемі 300 мың м³ су жинақталады. Осылайша Үлкен Алматы каналы (БАК) салынды. Каналдың салынуына баланысты Шелек өзені Ілеге құюын тоқтатты.

Іле-Балқаш алабының ауыл шаруашылығында барынша пайдаланумен 1965-1990 жылдар аралығында Балқашқа құятын судың көлемі 25%-ға азайды. Іленің орта ағысы мен төменгі ағысында Шарын күріш, Шеңгелді көкөніс, Ақдала күріш алқаптары пайда болды. Осының бәрі Іле-Балқаш су алабының табиғи жүйесінде қалыптасқан тепе-теңдік заңын бұзды.

Балқаш экожүйесінің бұзылуының зардаптары. Іле-Балқаш экожүйесіндегі өзгерістер (әсіресе Қапшағайдан төменгі бөлігі) өте сирек кездесетін Іле тоғайын, өзен жағасындағы шұрайлы жайылымдар мен оның сағасындағы қамыс - қоғаның жойылуына себепші болды. Көлдің жағалауы кеуіп, тұзды шаң жиі көтерілді. Ауа райы өзгеріп, қуаңшылық пен аңызак желдер үдеді.

Балқаш көлі соңғы жылдары 2 метрге жуық төмендеп отыр. Осының әсерінен көл жағалаулары батпақтанып, сорланып, тақырлар мен шөлдерге айналуда [2].

Іле - Балқаш экожүйесінің фаунасы мен флорасы зардап шегуде. Балық аулау соңғы жылдары 5 есеге төмендесе, уылдырық шашу (Қапшағай су қоймасы) тіпті азайды. Сонымен қатар балықтардың Іле өзені бойындағы егіс, көкеніс алқаптарына пайдаланылған пестицидтер, тербицидтер және минералды тыңайтқыштар қалдықтарымен улануы жиі байқалуда. Мысал ретінде алар болсақ, Балқаш көлінде шаршамай балығы тіршілік ететін. Іле, Қаратал, Ақсу, Лепсі, Аягөз өзендерінің және көлдің өзге де салаларының төменгі ағысында Балқаш шаршамайы оны тау етегі зонасында толық алмастыратын. Іле шаршамайы қатар жүретін. Шаршамайдың ең ірі тұқымы 80 см-ге жетіп, салмағы 10 кг-нан асатын. Бір ерекшелігі уылдырығы улы болған. Улы уылдырығының өзі Шаршамайды сақтап қала алмады.

Оның жойылып кетуіне себеп, көлге бәсекелес балықтардың жіберілуі, бейбіт көлде жыртқыштардың пайда болуы және ірірек ұрғашы балықтардың көбірек аулау болып табылады. Өз кезегінде шаршамай Тұран жолбарысы, Алматы апорты немесе Алатаудың қарлы шыңдары сияқты өлкенің символы болған жоқ па еді [3].

Іле – Балқаш алабы ит тұмсығы батпайтынын тоғайлар, кішігірім көлдер, аралдар, аңдар мен құстар мекені болатын. Әсіресе 1960 жылдары жылына 1,5 млн-ға жуық бұлғын терісі дайындалатын болса, қазір бұл шаруашылық жойылған. Іле бойында және көл жағасындағы тіршілік ететін құстардың түрлері де азайып кеткен. «Қызыл кітапқа» енген аққу, бірқазан, көкқұтан тағы басқа құстар қазір өте сирек кездеседі.

Іле - Балқаш алабы Қазақстандағы тарихи-табиғи ескерткіштерге бай өлке. Бұл өңірде Шарын тау өзені мен оның бойындағы Шарын тауларындағы тастағы таңбалар мен тас мүсіндер және көне қорғандар жүйесі. Өңірдің құм атты табиғи туындысы, Алтынемел ұлттық саябағы, Кербұлақ сияқты қорыққорлар бар. Жетісу деп аталатын бұл аймақта 3 млн. астам халық тұрады. Ең ірі қалалары – Алматы, Талдықорған, Жаркент.

Бұл өңірдегі экологиялық ірі мәселелер қатарына Балқаш көлі бойындағы Балқашмыс комбинаты, Приозер, Ақсүйек кен рудаларын байыту кешендері, Сарышаған полигоны және Текелі қорғасын-мырыш комбинаттары осы аймақта тұратын тұрғындарға өз зардабын тигізіп отыр. 1999 жылы «Балқаш көлін құтқару, оның бүгінгі мен болашағы» атты халықаралық деңгейде экологиялық форум өтті. Онда Балқаш көлін құтқару мәселелері қаралып, нақты шешімдер қабылданды. Оның негізгілері:

1. Іле өзені бойындағы өндіріс орындарында суды тиімді пайдалануды реттеу;
2. Қапшағай су қоймасынан Балқашқа жіберілетін судың үлесін тұрақтандыру;
3. Ақдала мен Шарын массивтеріндегі күріш алқаптарын азайту;
4. Жер асты суларын пайдалануды жүзеге асыру;
5. Суармалы жерлердің көлемін шектеу [4].

Қорыта келсек, қазіргі уақытта өзінде осыншама кереметтер мен ғажайыптарды өзінің бойына жинаған, дүниедегі «экологиялық парадокстың бірі» болып саналатын Балқаш көліне орасан зор қауіп төніп тұр. Адамның санасыз жүргізген саясатынан Балқаштың экологиялық тепе-теңдігі бұзылып, ол жақын уақыттың өзінде бұрын үлкен теңіз болып, кейін сол адамның ойланбай істелген істерінің нәтижесінде аз-ақ уақыттың ішінде құрып кеткен Арал теңізінің кейпін киюі мүмкін. Ал бұндай жағдай өріс алса, ол Қазақстан үшін тек қана зардабын көптеген жылдарға созылатын экологиялық апат қана болмайды, ол елдің экономикасын орасан зор көлемде материалды шығын ұшыратады, болашақ ұрпақты есіндегі өшірілмес қайғы – қасіретке айналады және біздің еліміздің жарқын болашаққа еркін аяқ басуымызға үлкен тежеу болады.

Сол үшін біз бұл Балқаштың экологиялық ақуалы болашақ ұрпақтарымыздың мойнына ауыр жүк болып ілінбеуі үшін, мүмкіндігінше өзіміздің бар қауқарымызды салып, ұлан-ғайыр жеріміздегі бұл бір таңғажайып өлкені сақтап қалуымыз керек. Себебі, қазіргі Қазақстан сонау байырғы заманнан бері, ата-бабамыздан келе жатқан, біз үшін тапсырылған аманат екенін ұмытпау керек. Ал, бізге оны болашақ ұрпақ үшін аталарымыз бергендей аман-есен аманат ретінде тапсыру міндет. Соған байланысты өкімет басшысынан бастап әр қарапайым қазақстандыққа дейін бір күнмен өмір сүрмей, тек өз басының қажеттіліктерін қамтамасыз етумен айналыспай, болашақтың қамында ойластырылғаны жөн. Ойланбай жасалған кез-келген қадам әпрқашанда қиындыққа ұрындыратынын және оның өзі жайлы күтпеген жерден хабар беретінін есте сақтау керек. Тарихтың сабағы үйрететіндей адамның қолынан ең жақсы

келетіні қирату, себебі оған дейін миллиондаған жылдар бойы тұрған табиғаттың кереметтері, адамның әрекетінің кері әсерінен не бәрі жарты ғасырда жоқ болып, жоғалып кетеді.

Бұл өлкелерде бұрын көрмеген және ауыз аштырар ғажайыптар өте мол. Бұл орындардың әсемдігі ежелден адам үшін шабыт көзі болатын. Ол дала және шөлдер, өзендер мен көлдер, құстар мен жануарлар туралы таңғажайып аңыздар туғызады. Әрбір геологиялық атау осы жерлердің ежелгі поэзиясынан ақпарат береді. Ежелгі адамдар табиғатқа аялай қарауды білді, ол өзінің жаны барға деген қатынасын сезінді, қазіргі жаһандық экологиялық апат және зілзалалар кезінде қоршаған әлемге деген адамның ойлы қатынасының проблемасы маңызға ие болды. Қазіргі адамның әрбір қадамы есепті және сақ болғаны жөн. Не үшін қолдан шөлдер жасауымыз керек, егер онсыз да Қазақстанда олар жеткілікті болса?

Табиғаттың тарылтпайық мөлдір кәусәр тынысын.

Пәк табиғат, жүрегімнің тамылжыған жырысың.

Ей, адамдар, қалай ғана қатыгездік жасайсың?!

Ол анаң ғой, ал сен кенже ұлысың!!!

1. «Экология» Ә.С.Бейсенова. – Алматы: Ғылым, 2004.

2. «Экология және табиғатты тиімді пайдалану». – Алматы: Ғылым, 2004.

3. «Қазақстанның қазіргі экологиясы». Н.Қ.Сейдақұлова. – Алматы: Мерей, 2002.

4. «Қазақстанның биосферасы: жер, су, радиоэкологиялық жағдайы». Н.Қ.Сейдақұлова. – Алматы, 2001.

Резюме

Современное экологическое положение озера Балхаш.

В данной статье рассматривается сегодняшнее экологическое положение озера Балхаша. Тем самым описывает его проблемы и пути его решения в будущем.

Summary

Today's ecological situation of the lake Balkash

This article investigates today's ecological situation of the lake Balkash. Furthermore it describes the problems of the lake Balkash and the ways to solve in the future.

УДК 551.465

ОХРАНА ВОДНЫХ РЕСУРСОВ – ВАЖНЫЙ ФАКТОР УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

*Д.Б. Джусупова – профессор кафедры экологии и охраны
окружающей среды КазНПУ им.Абая,*

*С. Нуртаев – магистрант Института магистратуры и докторантуры
PhD КазНПУ им.Абая*

В Казахстане, в результате антропогенных нагрузок, практически на всей территории нарушена естественная способность природной среды обеспечивать будущее экономическое и социальное развитие. Рост антропогенной нагрузки, превышающий способность водных экосистем к самовосстановлению, привел к экологическому неблагополучию всех основных речных бассейнов страны. Каждая область РК ощущает экологический прессинг проблем, приоритетными из которых, для действий на национальном уровне, были определены следующие [1]:

- дефицит водных ресурсов;
- деградация пастбищ и пахотных земель;
- загрязнение атмосферного воздуха урбанизированных территорий;
- загрязнение окружающей среды в районах нефтедобычи;
- загрязнение окружающей среды твердыми производственными и бытовыми отходами;

- недостаток лесов и особо охраняемых территорий;
- загрязнение водных объектов сточными водами.

На современном этапе среднегодовое водопотребление отраслей экономики РК снизилось с 35 до 20 км³, что связано с неблагоприятными периодами водности, а также происходящими в стране структурными преобразованиями. При этом водообеспечение на 85% осуществляется за счет поверхностных водных источников.

Проблема чистой воды в республике стоит очень остро. Это обусловлено не только неравномерностью распределения водных ресурсов по регионам, но и высоким уровнем загрязненности водоемов. Доказанным считается тот факт, что в Казахстане практически все водоёмы подвержены антропогенному влиянию. Качество воды в большинстве из них не отвечает нормативным требованиям.

На большей части водных объектов, по данным гидрометслужбы РК [2] качество воды не отвечает нормативным требованиям. Реки Нура, Сыр-Дарья, оз. Балхаш, Самаркандское водохранилище оценены как «загряз-ненные», а реки Ульба, Брекса, Тихая, Глубочанка, Красноярка, Илек, Кара-Кенгир и Кенгирское водохранилище – как «грязные» и «очень грязные».

В таблице приведены данные по влиянию городов и промышленных центров на уровень загрязненности вышеперечисленных поверхностных вод Казахстана, которые актуальны и на сегодняшний день.

Таблица - Влияние городов и промышленных центров на уровень загрязненности некоторых поверхностных вод Казахстана

Наименование пункта контроля	Индекс загрязненности	Загрязнители	Характеристика качества воды
р. Нура г. Темиртау	3,69	Медь, цинк, фено-лы, нефтепродукты	4 класс загрязненная
вдхр. Самарканд-ское г. Темиртау	2,69	Медь, фенолы, неф-тепродукты	4 класс загрязненная
р. Илек г. Актюбинск	3,75	Бор, хром (6), фенолы	4 класс загрязненная
р. Сыр-Дарья г. Шардара	2,81	Сульфаты, медь, фенолы	4 класс загрязненная
оз. Балхаш г. Балхаш	2,69	Медь, фенолы, нефтепродукты	4 класс загрязненная
р. Ульба рудник «Тишинский»	3,94	Медь, цинк, нефте-продукты	5 класс грязная
р. Глубочанка с. Белоусовка с. Глубокое	4,38 4,88	Нитраты, медь, цинк, нефтепро-дукты	5 класс грязная
р. Тихая г. Лениногорск	6,21	Медь, цинк, нефте-продукты	6 класс очень грязная
р. Брекса г. Лениногорск	7,31	Медь, цинк, нефте-продукты, нитраты	6 класс очень грязная
р. Кара-Кенгир г. Жезказган	6,89	Фенол, медь, нефте-продукты, азот аммонийный	6 класс очень грязная

Как видно из данных таблицы основными загрязнителями водоемов служат предприятия черной и цветной металлургии, предприятия нефтеперерабатывающей, химической и нефтехимической

промышленности. Большинство предприятий этих отраслей имеют несовершенную технологию, следовательно и физически изношенные основные производственные фонды, что способствует увеличению количества вредных выбросов в атмосферу, почву и водоемы.

Охрана водных ресурсов - одна из наиболее сложных проблем водного хозяйства. Основной причиной загрязнения поверхностных вод является сброс в реки и водоемы неочищенных промышленных и коммунально-бытовых стоков.

Сточные воды, отводимые с территорий промышленных предприятий, содержат различные примеси. Их разделяют по своему составу на три вида:

- производственные – использованные в технологическом процессе производства или получающиеся при добыче полезных ископаемых;
- бытовые – от санитарных узлов, производственных и непромышленных корпусов и зданий;
- атмосферные – дождевые и от таяния снега.

При размещении, проектировании, строительстве и вводе в эксплуатацию новых и реконструируемых объектов, при техническом перевооружении действующих объектов должно быть обеспечено соблюдение ПДК загрязняющих веществ в воде водоемов и водотоков на основе использования малоотходной и безотходной технологии, систем повторного и оборотного водоснабжения, а также мероприятий по очистке, обезвреживанию и обеззараживанию сточных вод и производственных отходов. Не допускается ввод в эксплуатацию новых и реконструированных объектов, которые не обеспечены очистными сооружениями для предотвращения загрязнения поверхностных и подземных вод.

Для сохранения и восстановления чистоты водоемов представляется необходимым осуществление следующих мероприятий [3]:

- усовершенствование и изменение технологии промышленного и сельскохозяйственного производства, разработка и внедрение технологий, направленных на уменьшение объемов водоотведения;
- обеспечение эффективной очистки коммунально-бытовых и промышленных стоков;
- широкое внедрение оборотного водоснабжения, расширение повторного использования очищенных сточных сбросов в реки;
- разработка и осуществление государственных планов конкретных действий водоохранных мероприятий в масштабах бассейнов рек и водоемов с учетом современного и перспективного размещения производств;
- с целью получения новых технологий, обмена опытом необходимо укрепление межгосударственного сотрудничества для эффективного управления трансграничными водами сопредельных речных бассейнов, а также сотрудничества с международными организациями в области продовольствия, ирригации, водных ресурсов;
- создание условий устойчивого функционирования водохозяйственных объектов;
- разработка законодательной и нормативной базы рационального использования и охраны водных ресурсов, осуществление государственного контроля за соблюдением водного законодательства.

Водоохранные органы - это бассейновые водохозяйственные управления, которые должны осуществлять планирование необходимых мероприятий, управление системами после их создания и контроль за качеством вод. Важным экономическим рычагом управления водными ресурсами должно стать совершенствование экономического механизма водопользования. Для достижения этих стратегических задач, определен план конкретных действий, в который входят следующие мероприятия:

- 1) прекращение сброса неочищенных хозяйственно-бытовых, производственных сточных вод промышленных предприятий, сельскохозяйственных объектов путем строительства новых и технического перевооружения и реконструкции существующих очистных сооружений;
- 2) обеспечение снижения загрязнения водоемов в зависимости от назначения до уровня санитарно-гигиенических и рыбохозяйственных требований со строгой регламентацией водным кадастром водных объектов, используемых для питьевого водоснабжения, воспроизводства, сохранения ценных пород рыб и других целей;
- 3) защита населенных пунктов, территорий промышленных предприятий, сельскохозяйственных угодий от подтопления;

4) обустройство водохранилищ, укрепление берегов, создание рекреационных зон, строительство новых и реконструкция существующих систем защиты прилегающих к водохранилищу территорий от подтопления и затопления.

В свою очередь, ограниченность водных ресурсов создает серьезные проблемы для устойчивого развития республики и охраны окружающей среды. Освоение располагаемых запасов нефти, газа, угля, цветных и черных металлов, земель для сельскохозяйственного производства требует более эффективных мер, чем существующие, по повышению водообеспечения регионов, имеющих слабый водоресурсный потенциал.

Следует отметить, что масштабы и острота экологических проблем, влияющие на социальное положение и здоровье населения, вызывают серьезную озабоченность. Так, за последний десятилетний период зарегистрировано около 50 локальных вспышек инфекционных заболеваний, из которых 48% - вследствие неудовлетворительного санитарно-технического состояния водопроводов; 24% - по причине неудовлетворительного состояния водопроводных сетей; 20% - по причине использования поверхностных вод и 8% - по причине загрязнения водоохраных зон. В первую очередь, это заболевания, переносимые загрязненной водой. При этом ключевой проблемой является дефицит водных ресурсов, препятствующий устойчивому развитию республики.

В условиях возрастающего дефицита воды в бассейнах трансграничных рек, ухудшения качества их вод, необходимо выработать политические и правовые меры урегулирования водных отношений, учитывающие интересы каждой стороны, и направленных на поддержание экологически безопасного режима этих рек.

С учетом этих обстоятельств, стратегической целью национальной политики по водным ресурсам, является осуществление долгосрочных мер комплексного характера, направленных на устранение негативных последствий ограниченности водных ресурсов и создание условий для экономического роста, решения социальных и экологических проблем, урегулирование межгосударственных водных отношений. При этом следует исходить из понимания того, что вода - это ресурс, имеющий экономическую ценность и определяющий устойчивость развития страны, и, что вопросы количества воды как на внутренних, так и на трансграничных реках, нельзя рассматривать в отрыве от качества воды.

1. Национальный План Действий по Охране окружающей среды для устойчивого развития - МПРООС, НЭЦУР, 1999.

2. Информационные материалы РГП «Казгидромет» по состоянию окружающей среды Республики Казахстан на 2001-2005 г.

3. Окружающая среда и устойчивое развитие в Казахстане: серия публикаций ПРООН Казахстан № UNDPKAZ 06.- Алматы, 2004. - 211 с.

Түйін

Бапта орнықты экономикалық өсуінде және тұрғындарының денсаулығына теріс ықпал ететін өнеркәсіптік өндірістің әр түрлі салаларының, су Қазақстан қорларының ластауының мәселелері қаралып шыққан. Сақтау және суаттардың тазалығының қалпына келтірілуі үшін шаралары тура келеді және суды пайдаланудағы экономикалық тетіктің әбден жетілдіруі бойынша.

Summary

The paper considers the problem of pollution of water resources of Kazakhstan by various sectors of industrial production, which negatively affects the sustained economic growth and health. Activities are to preserve and restore the waters and to improve the economic mechanism of water. improvement of economic mechanisms for water use.

ӘОЖ. 591.631

АВТОКӨЛІКТЕРДЕН БӨЛІНЕТІН ЗАТТАРДЫҢ ОРГАНИЗМГЕ ӘСЕРІ

А.М. Бабашев – ҚазҰПУ-дың профессоры,

С.М. Бабаева – ҚазҰПУ-дың студенті

Анотация: Жұмыстың құндылығы автокөліктерден бөлінетін заттардың организмге әсерін көрсетіп, автокөліктердің қоршаған ортаны ластауын азайту мақсатында қолданылатын шараларды ұсынады.

Жаңа Қазақстан барған сайын нық сеніммен алға беттеп келеді. Дамудың өзі таңдаған даңғылына түскен еліміздің атағы шартарапқа таралып әлемдік қоғамдастықтың алдындағы абыройы да, жылдан-жылға артып барады.

Бүгін біз басқа елдермен көкейтесті проблемалардың кең ауқымын шешуде ынтымақтасып отырмыз. Осы проблемалар ішінде негізгі бірі ол экологиялық мәселелер.

Энергетика, автотранспорт және автокөліктердің даму сатысында, көмір, мұнай және газды қажет етеді. Бірақ қазіргі уақытта жыл сайын жандыратын химиялық жанармай саны көбейіп кетті, сондықтан қоршаған ортаны қорғау проблемасы артып бара жатыр. Қоршаған ортаға кері әсер ететін жылу машиналары бірнеше факторлармен байланысты.

Біріншіден, жанармай жанғанда атмосферадан алынатын оттегі қолданылады. Сондықтан атмосферадағы оттегі құрамы кемейіп бара жатыр.

Екіншіден, жанармай жанғаннан кейін атмосфераға көмірқышқыл газы шығарылады. Жердің атмосферасының құрамына қазіргі уақытта 2600 млрд. тонна көмірқышқыл газы кіреді.(0,033%). Энергетика мен транспорт дамуына дейін атмосферада фотосинтез өсімдіктері мен мұхитта еритін көмірқышқыл газ құрамы, демалған кездегі бөлінетін көмірқышқыл газымен тең болған. Бірақ содан кейін осы баланс бұзылған. Қазіргі уақытта көмір, мұнай және газды жандыру арқылы жердің атмосфера қабатына жыл сайын 20 млрд.тоннаға жуық көмірқышқыл газ бөлініп шығады. Осы жағдай атмосферадағы көмірқышқыл газының концентрациясын арттырады. CO₂ молекулалары инфрақызыл сәулелерін жұтуға бейімделген. Көмірқышқыл газдың концентрациясының жоғарлауы температураның көтерілеуіне себепші болады

Жердің Атмосферсы - бұл жерді қоршап тұрған және жермен бірге айналатын ауа қабаты. Ауа қабаттары жоғарылаған сайын, тығыздық пен массасы тез төмендейді, жер бетінен 20 км биіктікте 1 метр куб ауа массасы 90г, ал 40 км биіктікте - 4г.

Атмосфераның газдық құрамы жердің үстінгі ауа қабаттарында 78,1%, азот 21%, көмір қышқыл газы 0,03%, аргон, сутек пен инертті газдар аздап кездеседі.

Атмосфераның астындағы ауа қабатында 20 км биіктікте су буы, газдар (Жердің үстінгі тропик ауа қабаттарында-3%, Антарктидада 2*10⁻⁵ % дейін) кездеседі. Су буының саны биіктеген сайын тез азаяды.

Газдық құрамы 100-110 км-ге дейін өзгермейді. Биіктей бергенмен ауа құрамы сақталады, бірақ ультракүлгін сәулелердің әсерінен молекулалық оттегі атомдарға бөлшектенеді, ал 200 км биіктікте азот атомдарға бөлшектенеді.

N ₂ O ₂ O ₃	N ₂ O ₂	N ₂ O ₂ O	N O	N O	N O
0	50	100	150	200	250

Азот-газ, ауа құрамының негізі, жанбайды және тыныс алуға болмайды, бірақ өсімдіктердің өсуіне қажет, ал олар адамдар мен жануарлар өмірі үшін қажет. Азотты жер қыртысындағы микроорганизмдер шығарады.

Оттегі - өмір үшін қажетті ең негізгі компонент. Жануарлар мен өсімдіктердің негізгі бөлігі болып табылады,

Оттегі өсімдіктердегі фотосинтез процесі арқылы бөлінеді, жылына 100 млрд. тонна. Оттектің көбін фитопланктон бөледі, бұл атмосфераның 70% құрайды. Жер бетіндегі өсімдіктер арқылы оттегінің толық жаңалануына 5200-5800 жыл қажет [9].

Табиғатта миллиондаған жылдар бойы жиналған оттегі атмосфераның 21% құрайды, бұл өте көп, бірақ қазір оның қоры азаюда оның басты себебі шаруашылық. Оттегінің табиғи қорының азаюның басты себептерінің бірі бұл жердің өсімдіктер мен ағаштарының жойылуына байланысты

Атмосфераны ластастайтын негізгі көзіне автокөліктер жатады. Мысалы: барлық шығарылған қалдықтар 11563 мың тонна болса, оның 10 955 мың тоннасын (94,7%) автокөліктер шығарады, [12].

Энергетика, автотранспорт және автокөліктердің даму сатысында, көмір, мұнай және газды қажет етеді. Бірақ қазіргі уақытта жыл сайын жандыратын химиялық жанармай саны көбейіп кетті, сондықтан қоршаған ортаны қорғау проблемасы артып бара жатыр. Қоршаған ортаға кері әсер ететін жылу машиналары бірнеше факторлармен байланысты.

Біріншіден, жанармай жанғанда атмосферадан алынатын оттегі қолданылады. Сондықтан атмосферадағы оттегі құрамы кемейіп бара жатыр.

Екіншіден, жанармай жанғаннан кейін атмосфераға көмірқышқыл газы шығарылады. Жердің атмосферасына қазіргі уақытта 2600 млрд тонна көмірқышқыл газы кіреді. Энергетика мен транспорт дамуына дейін атмосферадан фотосинтез өсімдіктері мен мұхитта еритін көмірқышқыл газ құрамы, демалған кездегі бөлінетін көмірқышқыл газымен тең болған. Бірақ содан кейін осы баланс бұзылған.

Атмосфера қабатының биіктігіне байланысты зиянды заттардың көлемі

Осы жағдай атмосферадағы көмірқышқыл газының концентрациясын жоғарлатады. CO₂ молекулалары инфрақызыл сәулелерін жұтуға бейімделген. Сондықтан көмірқышқыл газы атмосфера тазалығын, мөлдірлігін өзгертеді. Көмірқышқыл газының концентрациясының жоғарлауы температураның көтерілуіне себепші болмақ. Температураның жоғарлауы әр түрлі жағдайларға әкелуі мүмкін.

Атмосфераның ластануына негізінен транспорт кінәлі. Көмір оксиді мен азот қосылыстарынан басқа, автокөліктер жыл сайын атмосфераға 2-3 млн.тонна қорғасын шығарады. Қоршаған ортаның ластануын азайту үшін, жанармай ішіндегі қорғасын қосылыстары болмайтын отындарды қолдану немесе бензинмен жұмыс істейтін қозғалтқыштардың орнына электрқозғалтқыштар және бензиннің орнына жанармай ретінде сутегін қолдану тиімді [3].

Бір автокөліктен 1кг отын жанғанда бөлінетін улы заттардың көрсеткіші

Бөлініп шыққан газдардың негізгі компоненттері	Карбюраторлы қозғалтқыш		Дизельді қозғалтқыш	
	г	%	г	%
Көмірқышқыл оксиді	225	73,8	25	25,5
Азот оксиді	55	18,1	38	38,8
Сутекті көміртегі	20	6,6	8	8,2
Күкірт оксиді	2	0,7	21	21,4
Альдегидтер	1	0,3	1	1,0
Күйе	1,5	0,5	5	5,1
Барлығы	304,5	100	98	100

Зиянды заттардың атмосфераға шығатыннан басқа, энергетикалық жағынан да табиғатқа әсері

Қозғалтқыштардан жылудың бөлінуі, қоршаған ортадағы температураға әсер етеді. Қозғалтқыштардан бөлінген жылу қоршаған ортаның температурасын 5°C көтереді. Осындай жағдай гидросфера қабатына әсер тигізеді және көл мен өзендердің режимін өзгертеді, яғни бұзады. Сондықтан жылу электростанциялар жанында салқындатқыш су қоймалары салынады [10].

Қозғалтқыштардың дұрыс реттелмеген карбюраторы мен қыздырғандағы шыққан газдар 2-3 есе көп мөлшерде көмірқышқыл газын шығарады [6].

Іштен жану кезіндегі қозғалтқышта жанған отыннан шығатын газдар 200 компоненттен тұрады [11].

Іштен жануға қолданатын жанар – жағар майды мұнайдан алады. Карбюраторлы қозғалтқыш, мұнай өнімінің жеңіл фракциясы - бензинмен жұмыс істейді. Оның құрамы ($\text{C}_5 - \text{C}_{12}$) көмірсутектерінен тұрады. Бензин құрамындағы көмірсутектердің ауамен қоспасы поршеньге ұрылып, қопарылыс береді. Бұл құбылысты детонация деп атайды. Ол қозғалтқыштың уақытынан бұрын қызып, тозып кетуіне әкеледі. Бензиннің детонацияға төзімділігін октан санымен анықтайды, ал ол сан неғұрлым үлкен болса детонацияға төзімділігі жоғары болады. Бензин маркалары: Аи – 80, Аи – 93, Аи – 96 т.б. Бензин жанғанда қорғасын және қорғасын (II) оксиді бөлшектері түзіледі. Бұл бензин өте улы, нерв жүйелеріне әсер етіп, созылмалы ауыр науқасқа ұшыртады. Дизельді отын – бензинге қарағанда ауыр мұнай өнімі, техникада соляр майы, тұрмыста солярка деп аталады. Соляр майын анықтайтын цетан саны, қозғалтқыштар дұрыс қалыпты жұмыс істеуі үшін цетан саны 45 – 55 болатын солярка қолданылады, [3].

Автокөліктерден шығатын газдардың әсері. Бұл газдар өздерінің құрамымен, қасиетімен және адамның организміне тигізетін әсерімен топтарға бөлінеді .

I-ші топ: Бұл топқа улы емес заттар енеді : азот, сутегі, оттегі, су буы және көмірқышқыл газы. Бұлардың соңғысы, көмірқышқыл газы, ерекше **жылыжай эффектісіне** әсер етеді .

II-ші топ: Бұл топқа бір зат жатады, ол көміртегінің диоксиді немесе улы газ (CO). Оның гемоглобинмен реакцияға түсе алатын мүмкіндігі бар және оттегінің байланысуына кері әсер тигізетін карбоксигемоглобиннің түзілуін туғызады. Көміртегінің диоксиді (CO_2) әсерінен организмнің барлық функциясы бұзылады да, оттегі жетіспейтін гипоксия туындайды.

III -ші топ: Бұл топқа азот оксиді (NO) мен диоксиді (NO_2) жатады. Бұл газ іштен жанатын қозғалтқыштың ішінде 2800°C қызу және $1\text{кг}/\text{см}^2$ қысым пайда болады. Адамға ол өте зиянды, азот диоксиді ылғалды бетпен әсерлескенде азот қышқылы пайда болады, ал ол болса шырышты қабыққа, мұрынға, өкпенің қауыршығына әсер етеді. Азот оксидінің жоғарғы концентрациясында (0,004-0,008 %) өкпеде ісік пайда болады, адамдарды жүрек ауруларына, ішек қарын жолының ауруына әкеледі.

Азот оксидінің екінші реакциясында адам организміне нитриттер пайда болады, оларға қанға сіңіп, улануға себепші болады. Бұл гемоглобинді метабемоглобинге айналдырып, жүрек қызметінің бұзылуына әкеліп соғады. Азот оксиді өсімдіктерге де кері әсерін тигізеді, жапырақтардың бетінде азот ертіндісін және азот қышқылын түзейді .

IV -ші топ: Бұл топқа әр түрлі көмірсутегі (C H) енеді . Қорытылған газдарда бұлардың 160 компоненті болады, олар қозғалтқышта отынның толық жанбауынан пайда болады. Бұл қозғалтқыштың жану камерасында жұмысы кезіндегі қоспаның кеш от алуынан және төмен температурадан пайда болады.

Көмірсутегі улы және ол адамның жүрек қызметінің бұзылуына әкеліп соғады. Бұл газдың канцерогендік қасиеті бар, ол қатерлі ісіктің пайда болуына және дамуына себепші болады[12,17].

V -ші топты альдегидтар – органикалық қосылыстары құрайды. Қорытылған газдарда формальдегид, акролеин және сіркесу альдегиді сияқты түрлері, қозғалтқыштың бос жүрісінен, аз қуатынан және отынның төменгі температурада жануынан бөлінеді.

Формальдегид – түссіз, жағымсыз иісті, ауадан ауыр, суда тез еритін газ. Ол адамдардың тыныс жолына және орталық нерв жүйесіне әсер етеді

VI -ші топ: Бұл топтың құрамына күйе және басқа шашыранды бөлшектер (қозғалтқыштардың тозық бөлшектері, аэрозольдар, жанармайдың күйіктері) жатады. Күйе қара түсті көміртегі қатты бөлшегі, әдетте отындағы көміртегінің толық жанбауынан және ыдырамауынан пайда болады. Ол адамның денсаулығына тікелей әсер етпейді, бірақ тыныс жолдарын тітіркендіреді. Күйенің үлкен зияны, оның бетінде бензапиреннің пайда болуы .

VII -ші топ: Бұл топқа күкірт қоспалары - неорганикалық газдар, күкірт ангидридi, қозғалтқыштан шыққан пайданылған газ құрамындағы болатын көміртекті күкірт кіреді.

Көбіне күкірт басқа отындарға қарағанда дизельді отындардың құрамында көбірек болады. 1996 жыл қабылданған Европалық стандарт бойынша дизельдік отындардың құрамындағы күкірт 0,005 г/л, ал россия стандарты бойынша 1,7 г/л -дан артпауы керек. Күкірт қоспалары - иісі өткір, ауадан ауыр, суда еритін болады. Тамақтың, көздің, мұрынның шырышты қабықтарына әсер етеді. Жоғарғы концентрацияда (0,01%) ағзаның улануына әкеп соғады. Сонымен қатар күкірт ангидридi өсімдіктерді жояды .

VIII -ші топ: Бұл топтың компонентіне - қорғасын және оның қоспалары енеді. Оксидтік саны неғұрлым жоғары болса, соғұрлым бензин детонацияға қарсы күшті тұра алады. Қорғасын қан ауруларын тудырады, бүйрек функцияларын нашарлатады, нерв жүйесін күйзелтеді, белоктар түзілуіне, тұқым қуалаушылыққа әсер етеді. Сондықтан дамыған елдерде этил бензинін қолдануға тиым салынған. Оксидтері бу түрінде сыртқа шығып жол жағаларын да ластайды[12,18].

Автокөліктердің қоршаған ортаны ластауын азайту мақсатында қолданылатын шаралар
1.Конструкторлы - техникалық шара.

Ол келесі бағыттарға бөлінеді. Қозғалтқыштардың үнемділігін арттыру, конструкцияның массасын азайту, қозғалыстың кедергісін азайту, шыққан газдардың улылығын кеміту, экологиялық таза отындарды қолдану, энергияның аралас көздерін қолдану[11].

Қазіргі кездегі карбюраторлар автоматты қосу және қыздыру бөлшектермен жабдықталған. Бұл қозғалтқыштарды қосу және қыздыру кезінде температуралық ережені дұрыс сақтау отынды азайтуға жағдай жасайды[14].

Автокөліктердің соңғы модельдерінің қозғалтқыштарында форкамерлі - шырақтан оталуы қолданылады. Бұл тәсілде жану қоспасы қозғалтқыштардың жану камерасында толық жанып болмаған қалдықтардың шырағынан от алады. Бұл отынның жұмсалудың 8-10 % азайтады, шыққан газдардың құрамындағы азот оксидін, көміртегін және сутекті көміртегін кемітеді. Қазіргі кездегі тағы бір дұрыс шешім, қозғалтқыштың жұмысының барлық режимінде жеке цилиндрде нақты мөлшерде отынды бүркудің электрондық жүйесін қолдану. Нәтижесінде аз отын жұмсалады және бөлініп шыққан газдардың улылығы азаяды. Бұл тәсілді қолдану қозғалтқыштардың қуатын 10-12 % арттырады және отын жұмсалудың 8-9 %-ке кемітеді. Карбюраторлы қозғалтқыштарда, алдын ала оталудың автоматты реттеуішін қолдану арқылы, отынды үнемдеуге болады. Сонымен қатар, кең диапазонды көтеріңкі қуат үшін оталудың микропроцессорлы жүйесі қолданылады. Отынды үнемдеу үшін де дизельді қозғалтқыштар тиімді. Дизельді қозғалтқыштар жүк автокөліктерінде және автобустарда, тепловоздарда қолданылады. Дизельді қозғалтқыш карбюраторлы қозғалтқыштарға қарағанда 20-30% қортылып шыққан газдардың улылығын кемітеді. Ғылыми зерттеу институтының зерттеулері бойынша, дизельдік қозғалтқыштарға деген көзқарас өсті, өйткені ол арзан, әрі сыртқы ортаның ластануын азайтады. Мысалы: улы заттардың мөлшері екі есе азаяды, оның үстіне ішіндегі көміртегі оксиді, күкіртті сутектер 50-90% дейін төмендейді. Ғылыми зерттеу институтының орталығының мамандары, қазіргі кезде дизельдік отынмен табиғи газдың қоспасын пайдаланатын машиналарды ойлап табуда[13].

Қорытынды

Автокөліктерден бөлінетін зиянды қалдықтар атмосфера, гидросфера, литосфера, биосфера қабаттарына зиян келтіреді. Сондықтан қоршаған ортаны қорғауға, табиғат ресурстарын сақтауға әрекеттерді жасау қажет, соның бірі, барлық көліктердегі жылу двигателдерді жетілдіру мен өзгерту керек.

Атмосфераға шығаратын отынның қалдықтарын азайту үшін және іштен жанатын қозғалтқыштардың жұмыс істеу мерзімдерін, мүмкіндіктерін ұзарту үшін, мамандар мен ғалымдар автомобиль катализаторларын ойлап, жасап шығаруды көздеп отыр.

Бүгінгі күні, жаңа «синтезатор- катализатор» жасалып шығарылды, олар:

- 1) Жылу қозғалтқыштарда жанған отыннан бөлінетін CO, NO_x, CH улы газдарын азайтады.
- 2) Жанармай мен басқа отынды да үнемдейді.
- 3) Жылу қозғалтқыштардың жұмысын жақсартады.
- 4) Үйкелістің әсерінен автобөлшектердің тозуын азайтады

Сонымен қатар автокөліктердің көшеде бірқалыпты қозғалысын қамтамасыз ету керек, себебі олар 60 км/сағ жылдамдықты сақтағанда ғана қоршаған ортаға зиянды газдар аз бөлінеді, ал одан артса

зиянды газ мөлшері 2 есе артады, автокөліктердің қозғалтқыштары дұрыс жұмыс істеген кезде зиянды газдар мөлшері де 3-5 есе кемиді. Тіпті дұрыс немесе толық үрленбеген доңғалақ баяу жүріп қана қоймайды, қозғалыс кедергісін де көбейтеді, нәтижесінде көп отын жағуға тура келеді. Қоршаған ортаға автокөліктердің шығарған қалдықтарын азайту мақсатында үнемі профилактикалық шараларды іске асыру қажет.

Зиянды газдармен күресу, басқа цивилизациялық елдердегі секілді, аймақтық, мемлекеттік деңгейде, жалпы массалық қолға алынуы керек. Әрқайсымыз жеріміздің экологиялық тазалығына жауап беруіміз керек. Сондықтан қоршаған ортаны ластаудан қорғауға әр қала тұрғыны өз үлесін қосулары қажет.

Жинақталған материалдың нәтижесін, жоғарғы сыныптарда оқытылатын Адам мен қоғам, Тән мен жан тану, Денсаулық пен қоршаған орта тақырыптары бойынша өтетін факультатив сабақтарында қолдануға ұсынуға болады.

1. Бергер Н.М. Тепловые явления- Москва: Просвещение, 1962 - 167с.
2. Бучаченко А.Л., Салихов К.М., Молин Ю.Н., Сагдеев Р.З. Магнитные и спиновые эффекты в химических реакциях. - Новосибирск: Наука, 1978 - 265 с
3. Герасимов А.Т., Снижение выбросов вредных веществ с отработанными газами автомобилей с дизельными двигателями. – Москва: Просвещение, 1993- 190 с.
4. Гордиенко В.А., Зуев Ю.Ю., Ковалев А.С. и др., Использование каталитических процессов в двигателях внутреннего сгорания для повышения качества их работы Инф.сб. N7 Центр. Бюро НТИ Минтранс. - Москва: Просвещение, 1999-252 с
5. Гурвича С.М. Справочник химика-энергетика. - Москва: Энергия, 1972- 274 с.
6. Кабардин Ф.О., Орлов В.А. Устройство и действия тепловой машины. - М: Просвещение, 1997-308 с.
7. Климонтович Ю.Л. Турбулентное движение и структура хаоса: Новый подход к статистической теории открытых систем. – М.: Наука, 1990- 320 с.
8. Кузнецкин И.П. Испытательные установки и электрофизические установки, техника эксперимента-Москва: Из-во «МЭИ»,1982-184с.9. Михеев А.В. Табиғатты қорғау. – Алматы: Рауан, 2004-102б.
10. Намазбаев Қ. Жылу двигательдердің жұмыс істеу принциптері. – Алматы: Рауан, 1991-254б.
11. Орлин А.С. Теория рабочих процессов поршневых и комбинированных двигателей. – М.: «Наука»,1971-242 с.
12. Павлова Е.И., Буравлев Ю.В. Экология транспорта. – М.: Просвещение, 1998-135с
13. Ражанский И.М. Физические процессы при разряде в воздушных промежутках. Новосибирск: Из-во «НЭТИ», 1985-71 с.
14. Салахетдин М.А. Қалдық газдарды, аралас тәсілмен тазарту. - Алматы: Рауан, 1995-127.б.
15. Слажнева Т.И. Программа профилактики по оздоровлению окружающей среды. - Алмата: Рауан, 2000-359 с.
16. Спасский Б.И. Физиканың хрестоматиясы. - Алматы: Мектеп, 1995-104 б.
17. Тур. Е.Я. Автомобильдің құрылысы. – М.: Наука, 1998-251б.
18. Теплотехнический справочник Т.1. - М.: Энергия, 1975-743 с.
19. Цвейтова Н.Н. Изучение законов термодинамики. – М.: Наука, 1965-142 с.

Резюме

Работа показывает влияние выхлопных газов на организм человека. Рекомендуются методы борьбы с загрязнением окружающей среды.

Summary

Purpose of research: to show a degree pollution by exhaust gases of automobiles in the richly occupied district.

The reason of a choice of such purpose follows from this that with each year the increase of emissions in an environment of harmful substances is observed (CO, CO₂, NO).

ӘОЖ : 378.016.02:338

АТЫРАУ ӨңІРІ ТҰРҒЫНДАРЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ МЕДИКО – ГЕОГРАФИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГІ

А.К. Құспанова - Абай атындағы ҚазҰПУ-дың оқытушысы

Адам денсаулығы экзогенді (адам өміріне табиғи және антропогендік жағдайлардың әсері) және эндогенді (физиологиялық ерекшеліктері, тұқым қуалаушылық, физикалық дамумен байланысты) факторлардың өзара қатынасы нәтижесінде қалыптасады. Денсаулық сипаттамасында түрлі аумақтардағы тұрғындардың ауру жағдайы – нозогеографияның маңызы зор.

Қазіргі уақытта адамдар денсаулығының жеке және популяциялық қалыптасуындағы мекен ету ортасы сапасының ролі туралы пікірлер таралған. Ресейліктер денсаулығын зерттеген В.В. Худолей мен И.В. Мизгирев, 20 – 40% - ы мекен ортасының сапасына байланысты, ал қоршаған ортаны ластанудан сақтау тенденциялары салыстырмалы артатындығын көрсеткен. Сондықтан адамзат қоғамының өмір сүруін қамтамасыз ету үшін шешуші фактор қоршаған ортаның сау жағдайы болып табылады.

Мәселенің маңызды бөлігі табиғи ортаға антропогендік әсерлердің нәтижесінде туындайды. Ауаның, судың, топырақтың өндірістік тастандылармен ластануы, өндірістік және ауылшаруашылық іс – әрекеттерден табиғи ортаның деградациясы, әлеуметтік – экономикалық өзгерістер адамдардың өмір сүру сапасы мен денсаулығының төмендеуіне жиі әкеледі.

Ластанған қоршаған ортаның тұрғындар денсаулығына әсері түрліше көрінеді: биологиялық ұлпалардағы ластаушы заттардың жинақталуынан бастап, өткір және созылмалы аурулардың дамуы, өлім – жітімнің өсуіне дейін.

Тұрғындардың тыныс алу және ас қорыту органдарының ауруы адам денсаулығына мекен ортасының тікелей әсерін жиі көрсетеді. Тыныс алу және ас қорыту органдары қоршаған орта факторларының әсерінен (ауыз су, тамақ және ауа арқылы) болатындығы анық.

Орта жағдайының қолайсыздығы, жекелеген факторлардың кері әсерлері аталған аурулардың пайда болуына әкеп соғады және тұрғындар ауруларының картасы сол аурулардың актуалдылығы мен экологиялық қолайсыз зоналарды анықтауда негізгі болатындығын көрсетті.

Атырау облысының тұрғындарының көп бөлігі мұнай және мұнай өнімдерімен, сонымен қатар басқа да улы және канцерогенді химиялық заттармен байланысады. Демографиялық мәселелер шеңберінде адам ағзасына мұнай және мұнай өнімдерінің зиянды әсерлері бірнеше есеге өсуі мүмкін. Сондықтан аумақ тұрғындарының денсаулық жағдайын тереңдетілген кешенді ғылыми зерттеу және аталған зоналардың қолайсыз экологиялық факторлары үшін бағытталған профилактикалық іс шараларды өңдеу қажет [1].

Инфекциялардың антропоноздық топтарының эндемиялық үрдісі (іш сүзегі, бактериялық дизентерия, А гепатиті) суды пайдалану, тамақтану, адамдардың тұрмыстық қарым – қатынастарынан туындайды. Сондықтан мұндай ауруларды азайтуға және емдеуде ауыз су және тұрмыстық су пайдалану, тұрғындардың санитарлық сауаттылығы мен оны орындау деңгейлеріне байланысты.

Өткір ішектік инфекциялар, басқа да қоздырғыштардың туындауына себепші болатын топқа жататын өткір ішектік инфекциялардың ішіндегі аса маңыздысы, жануарлар мен адамдар зардап шегетін – зооантропоноздар және қоздырғыштары суда, топырақта, өсімдік және мал шаруашылығы шикізаты құрамында кездесетін сапроноздар. Бұл инфекциялармен ауыру көрсеткішін төмендету мен оларды емдеу тамақ өнімдерін, қоршаған орта объектілерін ластаушылардан кепілдік сапасын қамтамасыз етуге, тамақ өнімдеріне, ауыз су сапасына үнемі мониторинг жасауға негізделуі қажет.

Вирусты гепатит күрделі инфекциялар тобынан, олардың ішінде А гепатиті ішектік болып табылады, ал В және С гепатиті қан құйған кезде, қан ауыстырғанда, тері және шырышты қабық бұзылғанда, медициналық және тұрмыстық амалдар арқылы және зәр жолдармен беріледі.

Атырау облысының көптеген аудандарда А вирустық гепатиті таралған. Осымен байланысты ауруды төмендету мен емдеуде ішек инфекцияларының таралуын шектеу бойынша іс шаралар өткізу керек. Ауруларды тексеру, емдеу, инфекцияларды таратудағы олардың мүмкіндігін шектеу, тұрғындардың санитарлық сауаттылығын арттыру жұмыстары маңызды болып табылады.

Медико – демографиялық зерттеулер 1990 – 1998 жылдар аралығында туу көрсеткіші, өлім – жітім және тұрғындардың табиғи өсімі ұдайы нашарлау тенденциясын көрсеткен; Атырау облысының

туу көрсеткіші 29,9% - ға азайса, өлім – жітім 37,9% - ға артқан. 1990 жылдары тұрғындардың табиғи өсімі 20 адамнан, 2000 жылы 9 – 10 адамға дейін төмендеді, ересек тұрғындардың өлім – жітімі сол жылдары мың адамға шаққанда 4 – 7 адамнан 8 – 10 адамға дейін артты, ал балалар өлімі төмендеді [2]. Ұқсас мәліметтер [3] жұмыста да келтіріледі. Соңғы жылдары жекелеген аумақтар бойынша тұрақтану белгіленіп, демографиялық жағдайдың жақсарғандығы байқалуда.

Қазіргі таңда ересек тұрғындардың тыныс алу органдарының ауруы 6276,0 адамды құрап отыр. Темір тапшылығы анемиясы және қолайсыз экологиялық факторлардың кері әсерлерімен байланысты қан аурулары және қан құрамына әсер етуші органдардың ауруларының өсуі жалғасып отыр, бұл көрсеткіш мұнай өндіру мен мұнай – газ өңдеу артқан аумақтарға тікелей қатысты.

Атырау облысындағы мұнай өндірудің өсуімен, зиянды қалдықтардың көптеп ауаға тасталуынан адам ауруларының саны артып отыр. Атырау қаласы мен Атырау облысының тұрғындарының ауру динамикасын зерттеу барысында басым кездесетін аурулар түрін белгіледі, олар: тыныс алу жолдары аурулары, қан айналымы органдары, ас қорыту органдары, зәр шығару жүйесі аурулары, сонымен қатар инфекциялық аурулар [2].

Соңғы оң жылдықта салыстырмалы түрде жалпы аурушандылық, қан айналым жүйесінің аурулары, тыныс алу органдары, зәр шығару жүйелерінің аурулары ұлғайды. Инфекциялық аурулардың ішінде А вирустық гепатиті, өткір ішектік инфекциялар, туберкулез жиі кездеседі. Туберкулезбен ауыру жоғарғы деңгейде [3]. *Туберкулез* – ауа тамшылары арқылы жеңіл жұғатын инфекция. Тұрғындардың әлеуметтік – тұрмыстық жағдаймен және ағзаның иммунитетіне байланысты туындайды. Сондықтан ауруды төмендету мен емдеу ауруларды анықтау, оларды оқшаулау мен емдеу, тұрғындардың санитарлық сауаттылығын көтеру, санитарлық талаптар мен ережелерді сақтау үшін мүмкіндіктер, адамдардың еңбек әрекеттері, тұрғындардың иммунитеті негізге алыну қажет.

Сонымен қатар мұнай өндірумен және мұнай өңдеу өндірістік салаларының қарқынды дамуымен байланысты облыс тұрғындарының арасында жүйке және иммунды жүйелердің, ауыз қуысы мен тістердің, сүйек – бұлшық ет жүйелерінің, тері аурулары кеңінен таралған.

In article theme training is offered: "Bases" from section “Major classes of inorganic connections”. Theme realization provides independent mastering by pupils of new knowledge. Training definite purposes, the control form, behind quality of mastering of a teaching material and development of ways of educational activity.

ӘОЖ 37.02

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ХИМИЯ-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰНДЫ ЕСЕПТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Б.С. Иманғалиева - п.ғ.к., доцент,

Ж.Б. Назарбаева - «химия» мамандығының 4-курс студенті

Техникамен қаруланған және энергияның ауқымды мөлшерін пайдаланатын қазіргі замандағы адамзат баласы Жердің табиғатына әсер етуші өте берік күшті көрсетеді. Егер бұл әсер етулер табиғат заңдарын ескермесе және миллион жылдық байланыстар негізінде құрылған табиғат заңдарын бұзатын болса, апаттық жағдайлар туындайды. Адамдар өздерінің іс-әрекеттерінен туындаған табиғи апаттардың толықтай қатарымен бетпе-бет келіп те үлгерді. Бұлар «озон қабатының жұқаруы», «жылу эффектісі», барлық құрлықтардағы ормандарды көптеп жою, өсімдіктер мен жануарлардың мыңдаған түрлерінің жоғалып кетуі, қоқыс тастайтын жерлердегі өнеркәсіптік қалдықтардың жинақталуы және тағы да басқалар(1).

Химиялық білімнің гуманизациясы бастапқы ұғымдар мен заңдарды меңгеру қатарынан көрінеді, ол гуманистік идеалдарды, рухани, адамгершілік құндылықтарды дамытуы керек. Есептерді шығарудағы потенциалдық мүмкіншіліктер мектептегі химия курсының мазмұнына енгізілген(2,3).

Заманауи мектептерде химиялық білімнің мазмұнына химиялық және экологиялық білімге дидактикалық интеграцияланған сәйкестік арқылы аумақтық кешенді енгізу мәселесі өзекті болып табылады.

Жер шарындағы шаруашылықты экологиялық сауатты жүргізу үшін көп нәрсені білу қажет: жеке ағзалар мекен ету ортасына қалай әсер етуінен бастап, тірі табиғат пен оның адамзат қоғамындағы орнының жалпы планеталық байланыс түсінігіне дейін барлығын білу қажет.

Экологиялық білімге ие болу мәселесі жалпы білім беру мекемелерінде «экология» пәніне кіріспе арқылы, сондай-ақ мектеп пәндерін экологияландыру арқылы шешіледі.

Химия сабағында мұғалім көптеген экологиялық мәселелерді көтереді, олардың шешілуі мүмкін болатын жолдарын оқушылармен бірге талқылайды.

Төменде химия курстарының сәйкес келетін бөлімдерінде, сондай-ақ бейорганикалық және органикалық химия курстарын оқып аяқтаудағы білімді бекіту мен талдау кезіндегі қорытынды сабақтарда шешуге болатын есептерді ұсынамыз.

№ 1 есеп

Ақтөбе жылу электростанциясы тәулігіне 335т тас көмірді пайдаланады. Көмірдегі күкірттің орташа құрамы - 0,5%. Жылу электростанциясы тәулік жұмысы нәтижесінде жаңбырмен бірге түсетін күкіртті қышқылдың мүмкін болатын массасын анықтаңыздар.

Берілгені:

$$m(\text{тас көмір}) = 335 \text{ т}$$

$$\omega\%(\text{S}) = 0,5\%$$

$$M(\text{H}_2\text{SO}_3) = 82 \text{ г/моль}$$

$$M(\text{S}) = 32 \text{ г/моль}$$

$$m(\text{H}_2\text{SO}_3) = ?$$

Шығарылу жолы:

1) 335т көмірдің құрамындағы таза күкірттің массалық үлесі:

$$335 \text{ т тас көмірде} \text{ ----- } x\% \text{ S}$$

$$100 \text{ т тас көмірде} \text{ ----- } 0,5\% \text{ S}$$

$$\omega\%(\text{S}) = \frac{335\text{т} \cdot 0,5\%}{100\text{т}} = 1,68\%$$

2) Күкіртті қышқылдың құрамындағы күкірттің массалық үлесін табамыз:

$$82 \text{ г } \text{H}_2\text{SO}_3 \text{ ----- } 100 \%$$

$$32 \text{ г } \text{ ----- } x \%$$

$$x = \frac{32\text{г} \cdot 100\%}{82\text{г}} = 39 \% (\text{S})$$

3) Пропорция құрамыз:

Егер 100 т H_2SO_3 ----- 39% S бар болса

Онда x т H_2SO_3 ----- 1.68% S болады

$$x = \frac{100\text{т} \cdot 1,68\%}{39\%} = 4,3 \text{ т } (\text{H}_2\text{SO}_3)$$

Жауабы: Жылу электростанциясы тәулік жұмысы нәтижесінде жаңбырмен бірге 4,3 т H_2SO_3 түседі.

№ 2 есеп

Ашық Акционерлік Ақтөбе спирт зауытында тәулігіне ағаш үгінділерінен 25 т 92% этил спирті алынады. Атмосфераға бөлінген көмірқышқыл газының көлемін есептеңіздер.

Берілгені:

$$m(\text{C}_2\text{H}_5\text{OH}) = 25\text{т}$$

$$\omega\%(\text{C}_2\text{H}_5\text{OH}) = 92\%$$


$$M(\text{C}_2\text{H}_5\text{OH}) = 46 \text{ г/моль}$$

$$V_{\text{к.ж}}(\text{CO}_2) = 22,4 \text{ л/моль}$$

$$V(\text{CO}_2) = ?$$

Шығарылу жолы:

1) Реакция теңдеуін жазамыз:



2) Тәулігіне алынатын этил спиртінің массасын табамыз:

$$m = 25\text{т} \cdot 0,92\% = 23\text{т } (\text{C}_2\text{H}_5\text{OH})$$

3) Пропорция құрамыз:

$$23 \text{ т } \text{C}_2\text{H}_5\text{OH} \text{ ----- } x \text{ л } \text{CO}_2$$

$$46 \text{ т } \text{C}_2\text{H}_5\text{OH} \text{ ----- } 22,4 \text{ л } \text{CO}_2$$

$$x = \frac{23\text{т} \cdot 22,4\text{л}}{46\text{т}} = 11,2 \text{ л } (\text{CO}_2)$$

Жауабы: атмосфераға 11,2 л CO_2 бөлінген.

№ 3 есеп

Көмір тұрмыстық қажеттіліктің бірі болып келеді. Табиғи көмірдің (оның құрамындағы көміртектің орташа массалық үлесі 80%) жыл сайын дүние жүзі бойынша оның тұтынылуы $4,62 \cdot 10^9$ т құрайды. Осы көмірді жағу есебінен әрбір минутта Жер атмосферасында қанша көлем (қ.ж) CO_2 бөлінеді?

Берілгені:

$$\omega\%(\text{C}) = 80\%$$

$$m(\text{көмір}) = 4,62 \cdot 10^9 \text{ т}$$

$$M(C) = 12 \text{ г / моль}$$

$$V_{(к.ж)}(CO_2) = 22,4 \text{ л / моль}$$

$$V(CO_2) = ?$$

Шығарылу жолы:

$$4,62 \cdot 10^9 \text{ т} \text{ ----- } 100 \%$$

$$m(C) \text{ ----- } 80 \%$$

$$m(C) = \frac{4,62 \cdot 10^9 \text{ т} \cdot 80\%}{100\%} = 3,69 \cdot 10^9 \text{ т}$$

Бір жылдағы минут саны:

$$t = 365 \cdot 24 \cdot 60 = 525600$$

Пропорция құрамыз:


Егер 525600 минутта ----- $3,69 \cdot 10^9$ т көміртек жанатын болса,

Онда 1 минутта ----- m т көміртек жанады.

Бұдан:

$$m = 1 \cdot 3,69 \cdot 10^9 / 525600 = 0,70 \cdot 10^4 \text{ т} = 7 \cdot 10^3 \text{ т} = 7 \cdot 10^9 \text{ г (C)}$$

Енді химиялық реакция теңдеуі бойынша пропорция құрып, осынша көміртек жанғанда қанша CO_2 түзілетінін есептейміз:



$7 \cdot 10^9$ г (C) жанғанда ----- V л CO_2 түзіледі

12 г (C) жанғанда ----- 22,4 л CO_2 түзіледі

$$V = \frac{7 \cdot 10^9 \text{ г} \cdot 22,4 \text{ л}}{12 \text{ г}} = 13,06 \cdot 10^9 = 13,06 \cdot 10^6 \text{ м}^3 \text{ CO}_2$$

Жауабы: көмірді жағу есебінен әрбір минутта Жер атмосферасында $13,06 \cdot 10^6 \text{ м}^3 \text{ CO}_2$ бөлінеді.

№ 4 есеп

Ақтөбе теңіз суының 1 л-де 25,6 г натрий хлориді, 0,9 г калий хлориді, 2,1 г магний хлориді, 3,2 г магний сульфаты, 1,5 г кальций сульфаты бар. Ақтөбе облысында Ақтөбе хром қосылыстары зауыты, Ақтөбе феррокорытпа зауыты және т.б. зауыт-фабрикалардың әсерінен жаңбыр суының қышқылданатыны белгілі. Егер 1 л теңіз суын буландырғаннан кейін түзілген қалдықты күкірт қышқылымен өндесе, хлорсутектің қанша массасын алуға болады?

Берілгені:

$$m(\text{NaCl}) = 25,6 \text{ г}$$

$$m(\text{KCl}) = 0,9 \text{ г}$$

$$m(\text{MgCl}_2) = 2,1 \text{ г}$$

$$m(\text{MgSO}_4) = 3,2 \text{ г}$$

$$m(\text{CaSO}_4) = 1,5 \text{ г}$$

$$M(\text{NaCl}) = 58,45 \text{ г/моль}$$

$$M(\text{KCl}) = 74,45 \text{ г/моль}$$


$$M(\text{MgCl}_2) = 94,9 \text{ г/моль}$$

$$M(\text{HCl}) = 36,45 \text{ г/моль}$$


$$m(\text{HCl}) = ?$$

Шығарылу жолы:

Химиялық реакция теңдеуі бойынша есептеулер жүргіземіз:




Пропорция құрамыз:



$$x = \frac{25,6г \cdot 72,9г}{116,9г} = 15,96г$$

$$0,9г \qquad \qquad \qquad yг$$




Пропорция құрамыз:




$$y = \frac{0,9г \cdot 72,9г}{148,9г} = 0,44г$$

$$2,1г \qquad \qquad \qquad zг$$



Пропорция құрамыз:



$$z = \frac{2,1г \cdot 72,9г}{94,9г} = 1,61г$$

Қалған екі реакция жүрмейді. Барлық қышқылдың массасы:

$$\sum m(HCl) = 15,96г + 0,44г + 1,61г = 18,01г$$

Жауабы: 1 л теңіз суын буландырғаннан кейін түзілген қалдықты күкірт қышқылымен өндегенде, хлорсутектің 18,01 г алуға болады.

Химиялық білімді экологияландыру талаптарында экологиялық мазмұндағы есептер құрастырылды. Химия сабақтарында химия-экологиялық мазмұндағы есептерді шығару туған өлкеміздің байлықтарын танып-білуге бағыттайды, экологиялық мәселелердің мәнін түсінуге, гуманитарлық тәрбиеге жол ашады және қазіргі әлемдегі жағандық мәселелер туралы толық мәлімет алуға мүмкіндік береді.

1. Иманғалиева Б.С. Биогеохимиялық экология ұғымдарын оқыту. - Ақтөбе, 2002. – 130б.
2. Бекішев Қ., Мұқанова А., Нұрахметов Н. Шығарылған химия есептері. 10-сынып. – Алматы, 2009. – 92 б.
3. Нұғыманұлы И., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. Химияны оқыту әдістемесі. - Алматы, 2005. – 335 б.

Резюме

В статье рассматриваются задачи с химико-экологическим содержанием на уроках химии.

В современных условиях в школе, с точки зрения дидактики экологическое образование интегрируется в содержание химического образования и считается актуальной проблемой. С этой целью составлены несколько задач с химико-экологическим содержанием и указаны пути решения этих задач.

Summary

In this article about chemical-ecological contents of chemical lesson is given by the author. In this condition is considered with didactical ecological educational contents and actual problems. The whole tasks are showed the way of decision of tasks and chemical ecological contents.

ӘӨЖ 373.015.31: 573.2 (574)

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Р.Ж. Джунусова -

Абай атындағы ҚазҰПУ, ботаника және зоология кафедрасының ізденушісі

Қазіргі заманғы ғылыми техникалық прогрестің өте шапшаң қарқынмен демуы және ақпарат көлемінің жылдам өсіп отыруы, әсіресе ой еңбегін және оқыту үрдісін айрықша сапалық түрде жетілдіруді талап етіп отыр.

Мұндай дүниежүзілік күрделі проблеманы шешудің бір жолы, жастарға үздіксіз білім берудің жаңа түрлері мен әдіс-тәсілдерін тауып, олардың өздігінен білім алуын қамтамасыз ету болып табылады. Ондай жаңа оқыту тәсілдерінің бірі ретінде жобалау технологиясын айтуға болады.

Жобаны ғалымдар пәндік-мазмұндық белгілеріне қарай, үйлестіру сипатына қарай, әрекет түріне қарай, жобаға қатысатын адамдар санына қарай, жобаның жүру мерзіміне қарай бірнеше түрлерге бөледі. Пәндік-мазмұндық белгілеріне қарай шағын жобалар және пәнаралық жобалар деп, үйлестіру сипатына қарай ашық және жабық деп, әрекет түріне қарай ізденушілік жоба, шығармашылық жоба, ақпараттық жоба, рөлдік ойындар түріндегі жобалар, тәжірибеге арналған жобалар деп бөлінеді. Атап айтқанда, бір жобаның аясында студенттер ізденушілік те, шығармашылық та, ақпараттық та жұмыстар жүргізеді.[1]

Зерттеушілік жобалар. Мұндай жобалар барлық қатысушылар үшін жоба құрылымы дұрыс ойластырылған, мақсаты белгіленген, зерттеу пәнінің мәні ашылған, ақпарат пен әдістер көздері, нәтижелері белгіленген болуды талап етеді. Олар шағын зерттеу логикасына толығымен тәуелді және ғылыми зерттеу жұмысына жақын немесе онымен сәйкес келетін құрылымға ие (зерттеу үшін алынған тақырып маңыздылығын дәлелдеу; зерттеу проблемасын, оның пәні мен нысанын анықтау; зерттеу есептерін белгілеу; зерттеу әдістері мен ақпарат көздерін анықтау; белгіленген проблема шешімінің болжамдарын ұсыну; алынған нәтижелерді талдау; оларды безендіру; зерттеу үдерісінің әрі қарай дамуы үшін маңызды жаңа проблемаларды белгілеу). Айтылғандардың барлығы студенттердің оқытудың нақты сатысындағы біліміне сай келеді. *Шығармашылық жобалар* нәтижелердің лайықты безендірілуін талап етеді. Олардың білім алушылардың іс-әрекетінің айқын құрылған құрылымы ұсынылмайды. Ол тек алдын ала белгіленіп, әрі қарай білім алушылардың қызығушылығына байланысты дамытылады. Белгілі бір жағдайда жоспарланған нәтижелер мен оларды бейнелеу формасы (сайт құру, альманах шығару, баяндама жасау т.б) туралы келісіп алу керек. Бұл қандай да бір шығарманың, фильмнің, өмірлік жағдайдың мазмұнына байланысты мәселе немесе фантастика да болуы мүмкін. Жоба нәтижесін безендіру бейнефильм сценаріі, газет, альбом. Альманах дизайны сияқты айқын түрде ойластырылған құрылымды талап етеді. *Рөлді-ойындық жобалар.* Бұндай жобаларда да құрылымы белгіленіп, соңына дейін ашық қалады, жобаға қатысушылар жоба мазмұнымен және сипатымен, шешілетін проблема ерекшелігімен айқындалған белгілер бір рольдерді ойнайды. Олар әдебиет кейіпкері немесе ойдан шығарылған, әлеуметтік қатынастарды бейнелейтін кейіпкерлер болуы мүмкін. мұндағы шығармашылық деңгейі өте жоғары, бірақ негізгі әрекет түрі рөлді ойындық болып табылады. *Ақпараттық жобалар* типі алғашқыда қандай да бір құбылыс, нысана туралы ақпарат жинауға, қатысушыларды осы ақпаратпен таныстыруға, оған талдау жасап, фактілерді жалпылауға бағытталады. Мұндай жобалар,

зерттеушілік жобалар сияқты, құрылымы жақсы ойластырылған болуы керек, және де сол жобамен жұмыс жасау барысында жүйелі түрде өзгерту мүмкіндігін қарастыру талап етіледі. Осындай жобалардың құрылымы мысалы, былай белгіленуі мүмкін: жоба мақсаты ақпараттық ізденушілік пәні, ақпарат көздері (ЖАК құралдары, мәліметтер қоры, соның ішінде электрондық; интервью т.с.с.); ақпаратты өңдеу тәсілдері (анализ, жалпылау, белгілі бір фактілермен сәйкестендіру, аргументтелген қорытындылар жасау); ақпараттық ізденушілік нәтижесі (статья, аннотация, мәнжазба, баяндама, бейнефильм және т.с.с.); презентация (публикация, соның ішінде интернет жүйесінде де, талқылау және т.с.с.). [3]

Жоба әдісін қолдануда білім алушылар өз бетімен қажетті хабарды жинауға дағдыланып, өздік шығармашылық қабілеттерін артырады. Жоба әдісінің басты мақсаты – тәжірибе жүзінде орындауға бағытталған белгілі бір міндеттерді немесе әр сала бойынша білімдерін толықтыруды талап ететін маңызды тапсырмаларды орындау барысында білім алушының өздігінен білім алуына жағдай жасау.

Жаңа кезеңде жобалау технологиясын жалпы биология пәнінде сапалы әрі тиімді оқыту жүйесін ретінде таңдап алудың бірнеше себептері бар. Біріншіден, бұл технология – кредиттік оқу жүйесін жүзеге асыруға мүмкіндігі мол технология. Кредиттік оқу жүйесінде білім алушының өз бетімен орындайтын жұмысына басымдылық беріледі. Ол оқытушының басшылығымен және өз бетімен орындайтын жұмыс деп бөлінеді. Осы тұрғыдан қарағанда, жобалау технологиясы мен кредиттік оқу жүйесінің өзара бірлігі айқын байқалады. Екіншіден, жобалау технологиясының философиялық, гуманистік, психологиялық мүмкіндіктері білім алушылардың жеке тұлғасын дамытуға бағытталады. Үшіншіден, бұл технологияның артықшылығы – жоба жұмысын орындау арқылы білім алушылар өздігінен шешім жасауға үйренеді, жобаның орындау логикасын анықтайды. Білім алушылар пәнді меңгеруде негізгі әрі белсенді субъектісіне айналады. Төртіншіден, бұл технология білім алушылардың білім деңгейін дамытуға көмектеседі, себебі ол өз бетінше әрекетке түсіп, ізденеді. Бесіншіден, бұл технология бойынша білім алушылар тақырыпты өзі таңдауына мүмкіндік алады. Алтыншыдан, жобалау аясында ынтымақтастықта, бірлікте жұмыс істеу идеясы бар. Жетіншіден, жобалау технологиясы шығармашылық белсенділікті тудырады. Сегізіншіден, жобалау технологиясы сабақта қолданылғанда оқытушыға да, білім алушыларға жауапкершілік жүктейді әрі өзіне деген сенімділігін арттырады. Тоғызыншыдан, жобалау жұмыстары өзара жарысты, талас-пікірді, ең бастысы, белсенділікті талап етеді. Оныншыдан, жобалау технологиясы оқытушыға да, білім алушыға да жұмысына, ғылыми дәлелдемелеріне қанағаттану сезімін және сенімін ұялатады. [4]

Жобалап оқыту технологиясына негізделген шығармашылық жұмыстардың тиімділігін төмендегідей саралауға болады:

- шығармашылық бағыттағы тапсырмалар білім алушының білім деңгейін алгоритмдік, одан эвристикалық, одан шығармашылық деңгейге дейін көтеруге жол ашады;
- пәнаралық байланы арқылы берілетін білім тереңдетіледі, дағды, іскерлік жетіледі, тілдері дамиды;
- білімді олардың өз іс-әрекетімен алу жүзеге асады. Білім деңгейлері анализ-синтез, баға беру деңгейіне көтеріледі, өнімді білім (продуктивті) беру үрдісі жүреді;
- жұмысты білім алушылардың таңдап алуларына, қалауларына ерік беріледі;
- білім алушылардың ізденімпаздыққа, ситуацияны өз беттерімен шешуге дағдыландырады, дүниетанымын кеңейтеді, жеке тұлғалық қасиетін қалыптастырады;
- дарынын, қабілетін, шығармашылық ізденімпаздығын дамытады;
- ерік-қайраты, жігері, еске ұстау, ойлау дағдылар, эмоциясы дамиды;
- берілетін білімнің ең негізгі түйінді бөлігін ала білуге жаттығады;
- салыстыру, қорытынды жасау, өз беттерімен бір нәтижеге жету, фактілер мен ұғымдарды жүйелі түрде саралап білуге үйренеді;
- модель, жоба жасау, болжамдар ұсыну, оны қорғау, дәлелдеуге дағдыланады;
- алдында тұрған қиындықты жеңу, өз пікірін дәлелдей білу, сайыстар мен пікір таластарға қатысу, ой шеберлігімен көзге түсу қасиеттері дамиды. [2]

Ғалымдар пікірін сараптай келе жобалау технологиясының тиімділігі, маңызын төмендегідей түсіндіруге болады:

- алған білімі өмірмен байланыстырса білім алушылардың тиянақты, тыңғылықты, терең білімін қамтамасыз етеді;

- жобалау технологиясы білім алушылардың ойлау үрдісі, танымын арттыруға, белсенді түрде бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуіне жағдай туғызады;
- жобалау технологиясы білім алушылардың сөйлеу мәнерін дамытуға ықпал жасайды;
- жобалау технологиясы білім алушылардың қабілеті, дарынын дамытуға ықпал етеді;
- жобалау технологиясы бүгінгі білім берудің басты мақсаты жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға да игі әсерін тигізеді;
- жобалау технологиясы – білім алушылардың белгілі деңгейін шығармашылық деңгейге көтерудің тиімді тәсілі.

1. Колесникова И.А., Горчакова-Сибирская М.П. «Педагогическое проектирование» -М., 2005.

2. Ахатаева К. «Жоғары сынып оқушыларының шығармашылық жұмыстарын өздігінше орындау біліктілігін қалыптастыру» пед. ғыл. кандидаты атағын алу үшін дайын. дисс. - Алматы 2007.

3. Полат Е.С. «Новые педагогические и информационные технологии в системе образования» - М., 2005.

4. Русских Г. «Технология проектного обучения» жур. Биология в школе. – М., 2003.

Резюме

В данной статье рассматривается применение проектных технологий в системе общего образования. Приводятся такие основные виды проектных технологий как исследовательские, информационные, экспериментальные, поисковые, коммуникационные и др. Которые развивают творческую способность обучающихся.

Summary

In this article application of project technologies is examined in the system of universal education. Privodyatsya such basic types of project technologies as research, experimental, searching, communication and other which develop creative ability of people.

ТУРИЗМ

УДК 91(091)

ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

О.Б. Мазбаев - *з.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры,*

Г.Н. Бекбаева - *Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты*

Қазір «туризм» терминін кең және терең түрде түсіне білу керек. Біздің ойымызша туризм анықтамасы әртүрлі бағытта берілуге тиісті: географиялық, экономикалық, педагогикалық. т.т. Туризм географиялық тұрғыдан туристік іс әрекеттердің кеңістік-аумақтық кешенділік қолданылу негізін құрайды. Экономикалық тұрғыдан туризм сұраныс және ұсыныстың тұтынушылық шаруашылық негізі. Туризмге экономикалық тұрғыдан бірнеше анықтама берілген. Анықтамалар ішінде Г.А. Папирян: «Туризм – ол қызметтер жиынтығы, оларды тұтыну барысында ғана байқауға болады және ол өндірістік өнім сияқты жүйелі түрде ұдайы өндірілмейді» - десе, П.В.Шульгиннің ойынша, қазіргі туризм анықтамасы 2 көзқарасты көрсетеді. Оның бірі туризм индустриясы – халық шаруашылығы құрылымында ерекше саланың қалыптасуы. Ол барлық туристік келушілерге сұраныстарын қанағаттандыру үшін маманданған бірқатар өндірістік қызметтер мен қызмет көрсету мекемелерінің жиынтығы. Екіншісі, туризмді дербес салаға бөлу. Егер туристік мекемелерге қатысты туризмнің өзіне тән еңбек ұсынысының ортасы болса, онда бұл қызмет туризмді дамыту және ұйымдастыру ерекшеліктеріне байланысты болады деген ұғымды қалыптастырады. Қазіргі кезеңде туризмді тұрақты дамыту мәселелері Қазақстан Республикасында, Ресей мен шетелдердегі зерттеулерде белсенді түрде талқылануда. Атап айтсақ, туризм индустриясын ұйымдастыру мен басқарудың жалпы мәселелері теориялық тұрғыда А.Ю.Александрованың, Ф.Котлердің, М.Б.Биржаковтың, А.П.Дуровичтің, Н.И.Кабушкинның, В.А.Квартальновтың, С.Р.Ердаулетовтың, О.Б.Мазбаевтың, К.Купердің, А.Д.Чудновскийдің және тағыда басқа ғалымдар еңбектерінде көрініс тапқан. [1.2.3]

Бүгінге дейін туризм индустриясы жеке экономиканың саласы ретінде экономика жағдайында қарастырылған жоқ. Осыған байланысты тоқталатын туризм индустриясы терминінің анықтамасын беретін болсақ: «Туризм және туризм индустриясы» түсінігі ұқсас және бір мағыналы сияқты. Ғылыми әдебиеттерде ғалымдар бұл терминге әр түрлі анықтама береді. «Туризм индустриясы» түсінігі өте көлемді және қиын. КСРО кезінде оған бірінші рет П.Г.Олдак анықтама берген: «Туризм индустриясы туризм қызметін сату және құруға маманданған қызмет көрсетуші мекемелермен немесе туристердің төлеу қабілеттілік сұранысын қанағаттандыруға мамандандырылған экономиканың бөлек саласы». С.Р.Ердаулетовтың ойынша туризм индустриясы туризмнің шаруашылық деңгейін анықтайды. «Туризм индустриясы» - таза экономикалық категория болып табылады. И.В.Зорин, В.А.Квартальнов туризм индустриясын шаруашылық құрылымның дербес звеносы деп анықтады; кешенді салалар мен бөлімдерден құралған экономикалық жүйе, олардың қызметтері демалыс және көңіл көтерудің барлық түріне қиын және әр түрлі сұранысты қанағаттандырумен шектеледі. О.Б.Мазбаевтың пікірінше «туризм индустриясы – бұл табиғаттағы рекреациялық ресурстар байлығына сүйенетін, сервис инфрақұрылымының барлық формалары кіретін демалу мен көңіл көтеруге байланысты қоғам сұранысын қанағаттандыратын, шаруашылық, өндірістік және әлеуметтік қызметтің көпқырлы жүйесі».[4] автореферат М.О.Б

«Туризм және туризм индустриясы» терминінің анықтамасы жалпы қолданыстағы терминдерден бірнеше айырмашылығы болу керек. Олардың айырмашылығы теориялық бағыттың «Туризм» терминіне географиялық тұрғыдан және «Туризм индустриясы» терминіне экономикалық тұрғыдан қарау. Туризм – бұл саяхат, ал саяхат – ғасырлардан қалыптасқан түсінік, олар саяхатшы-географтармен жасалған географиялық ашылулар. Сондықтан туризм – бұл таза географиялық түсінік болып алғашқыда қалыптасты. «Туризм индустриясының» экономикалық мәні бар. Индустрия сөзі үлкен өнеркәсіп деген мағынаны білдіреді (лат. «industria» - қызмет). «Туризм индустриясын» экономикалық тұрғыдан қарау бұл саланың масштабтылығы мен тиімділігіне капиталдың сымдылығы және құйылған қаржының тез өтелуіне байланысты. Ол туризм менеджменті мен маркетингі т.б ғылым салаларымен қатысты. Сондықтан туризм индустриясы және туристік іс әрекеттер арасындағы байланысты табу үшін оның ерекше қасиеттеріне тоқталуды қажет етеді. «Туризм индустриясының» ерекше қасиеттері: Туристік

мекемелердің ресурстарға байланысты орналасуы, өндірістің маусымдылық және циклді өзгерістері, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымға үлкен инвестицияның қажеттілігін құрайды. Туризм индустриясын дамытуды дұрыс түсіну үшін экономикалық саланың оң және теріс жақтарын бөліп көрсету керек. Туризм индустриясының оң жақтарына:


- ЖІӨ құрылымында туризмнен түскен табыстың өсуі;
- аумақтардың әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы;
- туризм сферасында жұмыс істейтіндердің санының өсуі;
- экономиканың басқа салаларымен бәсекелестіктің артуы;
- туристік аумақтардағы білім және ғылым әлеуетінің өсуі;
- агломерацияға антропогенді әсердің азаюы;
- инвестициялық бағдарламалардың тез өтелуі т.б. жатады.

Теріс жақтарына:

- ЖІӨ құрамында табыстарды иррационалды үйлестіру;
- өндірістік инфрақұрылымның кейбір салаларының тежелуі;
- туризм индустриясына басқа экономика салаларының экономикалық бағыныштылығы;
- туризм индустриясында техникалық мамандандырылған кадрлардың азаюы;
- ерекше қорғаудағы игерілмеген табиғи аумақтарға антропогенді әсердің өсуі.

Біздің атап өткен туризм индустриясы дамуының оң және теріс жақтары тұрақты емес; олар біздің ұлттық экономикамыздың жаңа секторларының қалыптасуына байланысты өзгертіліп және толықтырылып тұрады.

1- кесте Қазақстан туризм индустриясының құрылымы



1 сурет – Қазақстан туризм индустриясының құрылымы. [құрастырған: Мазбаев О.Б]

Туризм индустриясының оң және теріс жақтары оның экономикадағы және қоғамдағы орнын анықтайтын факторлардың бір бөлігі ғана. Туризм индустриясының құрылымын және қазіргі этапта оны басқару құрылымын анықтау қажет. Қазақстанның туризм индустриясының альтернативтік, бірыңғайландырылған құрылымын ұсынуымыз қажет. Біздің берген нұсқамыздың негізгі айырмашылығы табиғи рекреациялық потенциалды ұтымды пайдалану. Қазақстан үшін табиғи рекреациялық потенциал факторы, оның масштабтылығы, әр түрлілігі және қайталанбайтындығы жағынан тең келмейтін байлық. Қазақстан экономикасының қазіргі даму этабында туризм индустриясына құйылатын қаржының жетіспеушілігі кезінде бұл фактор оның құрылымының басты элементі болуы керек.

Көрсетілген құрылым туризм индустриясының қазіргі бөлімін қамтиды және Қазақстанның жаңа туристік саясаттың құрылуына негіз бола алады. Демек, туризм индустриясы қиын да күрделі экономикалық жүйе. Қазақстанда туризм индустриясының дамуы мемлекеттің бюджетіне қаржы түсіріп, туризммен байланысты және Қазақстан экономикасының басқа салаларына қатысты әлеуметтік, экологиялық, демографиялық және басқа проблемаларды шешуге көмектеседі. Батыста туризмнің әлеуметтік-экономикалық мәнін бұрыннан түсінген. Сондықтан да ХХ-ғасырдың 80 жылдардың аяғында туристік ұйымдардың әр түрлі эксперттері мен барлық мүмкіндіктегі комиссиялары 2000 – жылдары және одан да ары 2025- жылдары туризм қандай болады? – деп болжам жасаған, себебі туризмнің даму стратегиясын құрастыру қажет болды. Сол кезде 80-шы жылдары туризм өзінің мәні бойынша халықаралық қызмет түрлерінің ең бір алғашқы бірінші дәрежелі болады деп жазылды. Мұны біз оны дамытуға жұмсалып жатқан қаражаттың динамикалық көтерілуінен біле аламыз және де бірінші жоспарға үлкен трансұлттық қаржылық топтар өздерінің транспорт қорымен, қонақ үй кешендік байланысымен, электронды есептеуіш және ақпараттық орталықтарымен ене бастады.

Әлемдік туристік нарықты 2020- жылға дейінгі аралықта маңызды сегменттер есебінде ДСҰ круизді, конгресс туризмді, тақырыптық-қалалық туризм, мәдени-тарихи туризм, эксклюзивті және спорттық туризм, сондай-ақ емдік сауықтыру, жағажайлық демалысты атады. Ал сол кезде әлемде 2020- жылы болжаған туристердің келу саны 156,1 млн. адамды құрауы мүмкін. Қазақстан үшін бұл кезеңде әлемдік туристік нарықта емдік сауықтыру оқиғалы және спорттық танымдық туризм маңызды сегмент болып табылады, оған Республикада жеткілікті туристік-рекреациялық ресурстары бар. Әлеуметтік туризм және еңбекшілердің демалысы бойынша халықаралық ассоциациясының президенті Ж.Фошенің ойынша, туризмді дамыту тек қаржылық табыс түсіру негізінде ғана болса және де әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық аспектілерді көрсете алмаса, мұндай жұмыс ұзаққа бармайды, адамдар мен оны қоршаған орта үшін келешегі жоқ деген. Туризм дамуының ғаламдану концепциясын құрастыру әлемде әлеуметтік мәнге ие, егер де адам дамуының ұзақ мерзімдік болжамына сүйенетін болсақ, онда туризм дамуының максималды дәл ғаламдық концепциясы үшін адам дамуының экологиялық және демографиялық ұзақ мерзімдік болжамдарын анализдеу керек. Ал мұндай ұқсас болжамдарды әр елдің ғаламдары үзбей зерттеп отырады. Вашингтондық «World watch» институты өзінің шығарған жылдық «Әлемнің қазіргі жағдайы 1998» атты баяндамасында мынадай ескертулер бар, яғни әлемдік ресурстарды (қолдану) пайдалану келесі 50 жылдың ішін бірден көбейеді. Біздің жер бетіндегі халық 60пайызға көбейеді деп болжануда. Сонда 6 миллиардқа жуық адамға тағы да миллиардқа жуық адамға тағы да 3,5 млрд. адам қосылады. Бұл өзімен бірге табиғи ресурстар шығынның көлемін үлкейтеді. Демографиялық өсу, экономикалық-әлеуметтік даму адамдардың рекреациялық қажеттілігін арттырады. Туризм сферасының басқа шаруашылық салаларымен бәсекелес алатын қабілетін арттырады.

Туризм дамуының аймақтың экономикасына тигізер ықпалы қазіргі туризм индустриясының қарқынды дамуымен ерекшеленеді. Оның басқа экономика салаларына тигізер әсеріне және қызмет көрсету сферасының ғаламдық даму қарқынымен, елдің экономикалық-географиялық жағдайымен байланысты. Қазіргі кезде адам қызметінің әр түрлі формалары жалпы жағдай жасауға және әлемді тануға бағытталған. Халық тұрмысының жақсаруы жаңа әлемді ашуға адамның қажеттілігін, соның ішінде саяхатқа құштарлығын арттырады. Туризм тек орын ауыстыру емес, ол көптеген экономикалық және әлеуметтік аспектілерді шеше алады. Соңғы он жылда туризм мықты дербес индустрияға айналды. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның мәліметтері бойынша туризм әлемнің өндірістік-сөзіндік нарық айналымының 10 пайызын қамтамасыз етеді. Туризм сферасына әлемдік ұлттық жиынтық өнімнің 6%, әлемдік инвестицияның 7%, әр 16-шы жұмыс орны, әлемдік тұтынушы шығындарының 11%, барлық салық түсімінің 5% келеді. Бұл сандар туризм индустриясының экономикаға тікелей әсерін көрсетеді. Сондықтан туризм мен демалыс адамзат тіршілігіне өте қажетті сала болып табылады.

1. *Ердаuletov C.P. Основы географии туризма: Учебное пособие. - Алма-ата, 1991.-167с.*
2. *Олдак П.Г. Индустрия туризма-одно из ведущих направлений развития современной экономики / сб.:Проблемы развития туризма. – Новосибирск, 1970.-259с.*
3. *Ердаuletov C.P., Подвалов А.Ю., Титова М.А. Туристский кластер и проблемы формирования индустрии туризма Р.К. - Алматы, 2007.-С.5-10*
4. *Мазбаев.О.Б. Туристік рекреациялық іс әрекеттердің теориялық әдіснамалық аспектілері.//География және табиғат. - 2010. - №2. (44).*

Резюме

В статье рассматриваются теоретические предпосылки развития индустрии туризма. Дана характеристика туристско рекреационным предпосылкам развития туризма в Республики Казахстан.

Summary

Given article deals with the theoretical prerequisites of development of tourism industry. Tourism recreational prerequisites of tourism development in the Republic of Kazakhstan are characterized.

Ә.О.К. 371.382(=512.122):796.5.

ЭКСКУРСОВОДТАРДЫҢ ЭТНОГРАФИЯ МАТЕРИАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУҒА ДАЯРЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

С.Қ. Алшымбеков - *п.э.к. Абай атындағы ҚазҰПУ,*

Қ.М. Омаров - *п.э.к. Абай атындағы ҚазҰПУ*

Болашақ экскурсоводтарды оқыту—олардың кәсіби танымдық іс— әрекетін дамытатын, қазіргі маманға тән, жоғары кәсіби сапаларды қалыптастыруға ұмтылдыратын жан—жақты процес. Ол—ұқыпты ойластырылған және ғылыми негізделген бағдарлама негізінде, бүкіл оқыту процесін кешенді ұйымдастырғанда, оқу процесінің негізгі бағыттарын ұстаздар назарында ұстағанда ғана іске асатын процес қана болады. Жоғарыда айтылғандардың бәрінің маңызды шарты алдын — ала тақырыптық жоспарлау болып табылады. [1]

Экскурсовод мамандығы оқу сабақтарының алдын—ала тақырыптық жоспарын белгілі бір тақырып бойынша ұйымдастырылған бағыт беруші деп қарауға болады. Бұл жоспар сабақ жүйесінің түрлі компоненттерін ойластырып, ескеруге, яғни белгілі оқу процесінің логикасын дұрыс меңгеруге мүмкіндік жасайды. Жоспарлаудың бұл түрі оқытудың мазмұны мен әдістерінің, тақырыптың жетекші идеяларының негізінде оқу процесін ұйымдастыруды, тақырып материалы мен циклдың басқа пәндерінің материалының логикалық байланысын сақтауға мүмкіндік жасайды.

Бұл іске көптеген оқытушыларды жұмылдыруға тура келеді, бұл көп еңбекті қажет ететін, бірақ өзін ақтайтын нәтижелі жұмыс екенін тәжірибе көрсетті. Бұл ретте оқытушы оқу процесінің мәнін терең түсініп қана қоймай, сонымен бірге, пәндерді оқып білу барысында меңгерілмей қалған материалды анықтау, кейбір оқу материалының негізсіз қайталануы, кезекті пәндерді меңгеру үшін мәні жоқ тақырыптар, болашақ мамандыққа қажеті жоқ, кәсіптің іс — әрекеті мазмұнымен байланысы жоқ мәселелер сияқты оқу — тәрбие үрдісінің келеңсіз жақтарын да анықтауға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орнының оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы — дәріс сабақтары. Әр дәріс белгілі бір оқу мақсаты орындалатын, оқу процесінің аяқталған бөлігі болып саналады. Әр дәрістің мазмұны дәріс тақырыбына, оқытушының студенттер алдына қойған нақты мақсатына байланысты болады, оның мәні мен орны осыған орай ашылады.

Оқытуды алдын — ала жоспарлаудың маңызы оқу материалын алдын — ала талдауында және бағдарламаның әрбір тақырыбын жеке дәріске бөлуінде, оқу жұмысын ұйымдастырудың формасын анықтау (дәріс, семинар, СОӘЖ, СӨЖ және т.б.) мүмкіндігін беруінде, сонымен қатар, әрбір сабақтың әдістемелік талдамасын оқу үрдісінің компоненттеріне сәйкес ойластыруында болып табылады.

Әрбір жеке дәріс теориялық білім беру жүйесінің звеносы болып табылады. Алдын — ала тақырыптық жоспар—оқу жоспары мен теориялық оқытудың жеке дәрістерінің жоспары, оқу—жоспарлау құжаттарын байланыстырушы элемент. Бұл оқытушының материалдық — техникалық жабдықтау бойынша әзірленген іс — шаралардың, дәріске дайындалу кезіндегі нәтижелі еңбегінің, студенттің келесі дәріске дайындығын бақылаудың, оқытушының әдістемелік жағынан дайындығының шарты болады.

Алдын — ала тақырыптық жоспардың құрылымы мен мазмұны студенттер оқитын пәнге, оқу материалының мазмұны мен көлеміне, жоспарланатын тақырыпқа, оқыту шартына және т.б. жағдайларға тікелей тәуелді.

Жоспарды талдау барысында бірнеше мәселелік сұрақтар туындайды:

1. Әрбір дәріс тәжірибесінде, бекітуге жататын арнайы пәндер материалын қалай бөліп аламыз?

2. Практикалық сабақтарда (лабораториялық жұмыс), теориялық білімнің бекітілмеуі туралы, осы білімді тәжірибеде пайдалануға студенттерді үйрету туралы сұрақ қою дұрыс па? Ол жоспарды әдістемелік жағынан толықтырады және оқытушы жұмысының мазмұнын толығырақ анықтайды.

3. Алдын ала – тақырыптық жоспарда «Өндіріспен байланыс және пәнаралық байланыстар» бөлімін бөлу дұрыс бола ма?

Бірнеше жылдар бойы арнайы пәндерді тәжірибеге енгізуді жан жақты даярлап, енгіздік, дәріс сабақтарын алдын – ала жоспарлаудың бірнеше формасын талдадық. Аталған жоспарлардың жетістіктері мен кемшіліктеріне, жинақталған тәжірибеге сүйене отырып, біз жоғары оқу орындары үшін дәріс сабақты алдын – ала жоспарлаудың мынадай формасын құрдық. Ол бағдарламалық әрбір тақырыптың оқуға дайындық кезінде шешуге болатын сұрақтарын кеңінен кіргізуді мақсат тұтады. Оқытушыдан бұл жерде кезекті дәріс сабаққа дайындық пен оны өткізудегі сияқты ұзақ, тынымсыз, мақсатқа жеткізетін жұмыс талап етіледі.

Дамытып оқытуды ұйымдастырудағы алдыңғы қатарлы тәжірибе көрсеткендей, қазіргі кезеңдегі жоспарда жеке дәріс сабақтардың тақырыптарының мақсаты, олардың түрі, құрылымы, әдістері, оқыту және тәрбие құралдары анықталуы қажет. Міне, сондықтан ол тек оқу материалын ғана талдамайды (мазмұнын, логикалық құрылымын, тәрбиелік мәнін), сонымен бірге, студенттердің психологиялық ерекшеліктеріне де көңіл аударады. Талдау терең және жан – жақты болса, онда дәріс үстінде күтпеген жағдайлар да аз кездеседі.

Оқытудағы мақсаттың мәселесі (неге оқыту?) жаңа мәселе емес, бірақ оның шешімі әлі толық табылған жоқ. Өкінішке орай, кейінгі жылдарға дейін оның талдамасында беделді адамдардың субъективті пікірлері, дәстүрге бағыттау және оған идеологиялық ыңғайда қарау басым болды. Соңғы жылдарда ғана оқу жоспарларын құруда, пән бағдарламасын реттеуде объективті ғылыми негізделген ұсыныстар мен әдістер пайдаланыла бастады.

Болашақ кәсіптік іс – әрекетке түлектерді баулудағы туризм мамандығы бағыттындағы жоғары оқу орындарының алдына қойған мақастың көре отырып, пән бойынша қойылатын соңғы мақсаттар және кәсіп бойынша жасалатын дайындықтар танымдық кәсіптік – оқу іс – әрекеттерінің нақты түрлерінде көрініс табуы керек. Ол үшін педагогикада кеңінен тараған оқу іс – әрекетінің төрт кезеңі пайдаланылады: еске түсіру, қайталау, дағды, шығармашылық. Бұл жерде студенттердің кәсіби оқу іс – әрекетінің сапалық және сандық параметрлері бірден көтеріледі.

Кәсіби оқу мақсаты студенттің меңгеруі қажет болатын білім, білік және дағдыны есепке ала отырып қойылады.

5. *Дәрістің мақсаты.* Тақырыптарды жеке сұрақтарға бөлгеннен кейін, олардың әрқайсысына оқу мақсаты қойылады. Дәрістің мақсатын, оған жету жолдары мен құралдарын дұрыс таңдау оның сапасын арттырады. Біздің ойымызша, дәрісті мақсаты мен оның мазмұнын түсіндіруден бастаған жөн. Студенттер дәрістегі материалды кәсіби білім мен шеберлікке жетудің кезекті сатысы деп түсінген жағдайда ған қойылған міндетті орындауға саналы және жігермен ұмтылатын болады.

6. *Тақырыптың және кезекті дәрістің дидактикалық мақсаты бағдарлама материалының мазмұны арқылы анықталады.* Оқытушы жоспарда оқыту, дамыту және тәрбиелеу функцияларын көрсетеді (студенттердің білімі, білігі, дағдысы қалай кеңейтіледі: студенттер қандай логикалық операциялар мен ақыл – ой іс – әрекетінің тәсілдерін меңгереді; жеке тұлғаның қандай қасиеттері қалыптастырылады). Жоспардың жаңа ұғымдарды және әрекет әдістерін меңгеру бағыттары бекітілетін бөлімі маңызды болып табылады. Оған уақытының үлкен бөлігі бөлінеді. Танымдық, дамытушы мақсат. Дәрісте студенттердің ой – өрісін дамыту міндетін орындау бірінші кезекте, нақты пәннің мақсатымен анықталатын, жан – жақты сипатта болады. Бұл жерде келесі мақсаттарды бөліп аламыз: оқу материалынан басқа мәселені бөліп ала білу, қандай да бір процестің салыстырма анализін жасау, орындау, ойлауда және кәсіби оқу іс – әрекетіндегі өзіндікті дамыту және т.б.

Тәрбиелік мақсат. Бұл мақсат студенттердің ғылыми диалектикалық көзқарасын қалыптасытырумен және этнопедагогикалық тәрбиесімен байланысты, яғни этнографиялық құбылыстардың, фактілердің заңдылықтарын салыстыруға және қортындылауға үйрету, олардың арасындағы себеп – салдарлық байланыстарды анықтауды үйрету; бейнелі ойлауға, экскурсия процесінде этнографиялық материалдарын жаң-жақты пайдалануға шығармашылық тұрғыдан қарауға үйрету.

7. *Дәріс сабақтарының түрі.* Дәріс сабақтың көрсетілген түрлері педагогикалық ұстанымды жүзеге асыруға әсер етеді. Сабақ түрі топтың дайындық деңгейіне және оқытушының сабақ беруде

таңдап алған әдісіне байланысты болады: мәселелік немесе мәселелік емес. Мәселелік дәріс сабақтар ашық әңгіме түрінде немесе өткізілген тәжірибеге сәйкес әңгіме, пікір алмасу, диалогтық және т.б. түрінде өткізіледі.

8. *Дәріс сабақтың көкейкестілігі.* Студенттің негізгі білім деңгейін анықтай отырып оқытушы студенттің алған білімін қалай белсендіру керек екендігін және ол жаңа материалды меңгеруге қаншалықты қажет екендігін анықтайды. Студенттердің бұрын оқыған тақырыпты қалай меңгергенін анықтау үшін оқытушы бақылау жұмыстарын немесе өздігінен орындайтын жұмыстарын жүргізеді.

9. *Дәріс сабақтың кезеңдері және педагогикалық тәсілдері.* Бұл күрделі және көлемді процес мынандай мәселелерді қамтиды:

9.1 Дәріс сабақта, алдыңғы минуттарда кіріспе ретінде нені қайталау керек? Бұл жерде оқытушы оқылатын бағдарлама материалына сәйкес, жана материалды игертудің мақсатында ережелер мен заңдарды, түсініктерді кеңейтуге, тереңдетуге мүмкіндік жасайтын қайталауды талап ететін сұрақтарды құрастырады. Осы мақсатқа байланысты біз түрлі бақылауды пайдаланамыз. Олар көп жағдайда оқытушының педагогикалық шеберлігі арқылы анықталады. Студенттердің кәсіби ойлауын қалыптастыруға, арнайы кәсіби терминдерді меңгеру дәрежесін анықтауда олардың тақта алдындағы немесе жұмыс орындағы ауызша жауабын тыңдау өте маңызды.

Студенттердің машықтануы оқуға, оқуға дайындық, оқытудың мотиві, зейін деңгейі, қызығушылық деңгейі, жұмыс жасау қабілеті, оқу материалын меңгеру темпі және басқа да маңызды компоненттермен сипатталады.

9.2. Қосымша сұрақтар. Біздің анықтағанымыздай, өткен материалды қайталауда негізгі сұрақтармен бірге дәріс жоспарында бірнеше қосымша сұрақтарды да жазып қою, немесе баяндау барысында қою дұрыс нәтиже береді. Мәселелік және ақпараттық сұрақтары құру (мәселелік жағдаяттар немесе мәселе қою үшін) қажет.

9.3. Жаңа материалды түсіндіру. Бұл бөлім өте маңызды. Оған дәрістің оқыту, меңгеру әдістеріне жататын (түсіндірілген материалды қабылдау, экскурсия процесінде жиі кездесетін жағдаяттарды талдау және т.б.), үлкен бөлігі енеді. Біздің пікірімізше меңгеру кезеңінің кәсіби танымдық тапсырмаларын құру керек: білімдегі, біліктегі және дағдыдағы өрлеу жоспарлана ма? Студенттердің нені білуі және меңгеруі керек екені нақты белгіленеді. Дәрістің қарастырылатын кезеңдерінің барлығында мәселелік және ақпараттық сұрақтарды, туындаған өндірістік (мәселелік) жағдаяттарды талқылауға топ студенттерінің барлығын тарту үшін, көбірек мәселелік жағдаяттар қою өте қажет.

Оқытудың жекелеп оқыту қағидасын ескере отырып, оқытушы мәселенің тұжырымдауларының түрлі нұсқаларын және оны шешуге мүмкіндік беретін әдістерін ұсына алады (бүкіл топқа есептелген, жақсы оқитын немесе білімі нашар студенттер үшін). Пікірталас мүшелерін алдын – ала белгілеуге болады.

9.4. Көрнекілік құралдары. Педагогиканың негізгі қағидаларының бірі ретінде оқытудың жекелеп оқыту қағидасын басшылыққа ала отырып, бірнеше жылдар бойы әрбір студентке немесе әрбір жұмыс столына көрнекі құралдар топтамасы жасалады. Біз арнайы пәндер бойынша топтамалар жасадық: жазық және көлемді, стастикалық және динамикалық, дыбыстық және экрандық көрнекіліктер (жана ақпараттық технологиялар). Олардың бәрі дәрістің оқылатын материалының қатаң логикалық бірізділігімен біріккен.

10. *Өздігінен орындауға берілетін тапсырма.* Аудиториядан тыс өздігінен орындайтын тапсырмалар әр түрлі болуы мүмкін: экскурсия процесінде пайдаланылатын этнографиялық материалдарды тақырыпқа сай іріктеу; қазақ этнография материалдары пайдаланылатын экскурсияның технологиялық картасын жасау; экскурсия процесінде көрсетілетін объектілерді таңдау, көрнекі құралдарды даярлау; Әртүрлі тақырыпта этнографиялық мазмұнда өтілітін экскурсияның мәтіндері мен бірнеше маршрутының технологиялық модельдерін талдауға даярдау; Этнографиялық экскурсиялық турпакеттер даярлау калькуляциясын жасау, этноэкскурсиялық турдың өзіндік бағасының бірнеше варианттарын ұсыну т.б.

Өздігінен орындайтын тапсырмалар ақыл – ой іс – әрекетімен ерекшеленеді. Мұндай тапсырманы орындау студенттің дербес жұмысы болып саналады. Міне, сондықтан дәріс, практикалық, семинар сабақтарына нақты нені қайталап немесе дайындап келу туралы ортақ тапсырма беріледі (оқулықтар, экскурсиялық технологиялық карталар, экскурсия маршруттарының схемалары, экскурсияда баяндалатын қазақ этнографиялық материалдардың толық мәтінін дайындау). Сонымен қатар жеке –

дара (ауызша, жазбаша, теориялық, практикалық) шығармашылық сипаттағы тапсырмалар беріледі. Оларды қайдан іздеу керектігі міндетті түрде көрсетіледі. Оқытушы өздігінен орындайтын тапсырманың көлемін, оны орындау уақытын жан – жақты ойластырады және оның бәрін өз пән силабусының оқу жоспарында көрсетеді.

1. Назарбаев Н.Ә. *Жаңа әлемдегі Қазақстан. «Қазақстан – 2030» стратегиясы Қазақстан дамуының жаңа кезеңінде.* – Алматы, 2007. – 72 б.

2. Ұзақбаева С.А. *Тамыры терең тәрбие. (Қазақтың халық педагогика-сындағы эстетикалық тәрбие).* – Алматы: Білім, 1995. – 232 б.

3. Алышымбеков С.К. *Экскурсиятану негіздері.* – Алматы, 2009. – 140 б.

Резюме

В статье рассматриваются актуальные проблемы подготовки экскурсоводов и методики обучения студентов по дисциплине экскурсоведения. Особенность предлагаемой автором методики по подготовке экскурсоводов на основе национального воспитания.

Summary

In this article the actual problems of preparation of guides and techniques of teaching students on discipline of excursion studies is considered.

Features of the technique proposed by the author is preparation of guides on a basis of national education.

УДК 91(091)

ЖЕТІСУ ӨңІРІ ТАБИҒАТЫН ТУРИСТІК МАҚСАТТА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Е.А. Токпанов - г.ғ.к.,

Ж.А. Есмсейтова - Алматы қалалық жас туристер станциясы

Мақалада Жетісу өңірі табиғатын туристік мақсатта тиімді пайдаланудың жолдары, негізгі түрлі қызыметтік аймақтары, табиғатты пайдалануды шектеу жүйелерінің тетіктері, рекреациялық дигрессияның туу себептері мен кезеңдері, аумаққа түсірілетін рекреациялық салмақты азайту жолдары, сонымен қатар, қоршаған ортаның экологиялық тепе-теңдігін қалыпты жағдайда сақтау үшін жүзеге асыруды шаралар мен шешу мәселелері қарастырылған.

Жетісу өңірінде туризм мен демалысты дамыту барысында маңызды рекреациялық ресурс болып табылатын табиғи ортаның тепе-теңдігін сақтап оны жақсарту ерекше орыналады. Орасан зор табиғат ресурстарына ие болып отырған Жетісу өңірі табиғатын туристік тұрғыдан тиімді пайдалану мәселесі халық жиі қоныстанған Текелі-Талдықорған, Жаркент, Лепсі, Іле ойыстарында туындап отыр. Аталған аумақтың табиғи-ресурстық әлеуетін тиімді пайдалану табиғи-географиялық, шаруашылықтық, ұлттық-этникалық, геоэкологиялық, тағы да басқа ерекшеліктерін ескере отырып, жүргізетін мемлекеттің өңірлік саясатына тікелей байланысты.

Бәсекеге қабілетті туристік саланы дамыту үшін экологиялық мәселелерді ұтымды шешіп, тұрақты дамудың тұғырнамалық ережелері табиғи және тарихи-мәдени кешендердің жұтандануы мен олардың тозуын болдырмай туристік-рекреациялық ресурстарды тиімді пайдалана отырып игеруді көздейді. Аталған өңірдің биологиялық алуантүрлілігін сақтап, тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін табиғатты тиімді пайдалануды әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелерді ескере отырып, кешенді тұрғыдан шешуге баса назар аудару қажет. Жетісу өңіріндегі «Алтынмел» ұлттық табиғат бағы мен Жетісу Алатауының шығыс бөлігінде соңғы он жылда шет ел туристерінің әуесқой аңшылықпен қарқынды айналысуы таулы өңірлердің биологиялық алуантүрлілігіне біршама нұқсан келтіруде. Аталған мәселені рекреациялық іс-әрекеттерді дамыту барысында түскен табыстың белгілі бір бөлігін табиғатты қалпына келтіруге жұмсайтын ресурстардың тозуын болдырмайтын индустриалды ортада

адам ағзасына түсірілетін психологиялық және физикалық салмақты азайтуға мүмкіндік береді экологиялық туризмді дамыту арқылы шешудің маңызы зор [1].

Өңірде халықтың экорекреациялық қажеттілігінің қалыптасу жағдайы аласа таулы белдеулер мен ірі өзен аңғарларының жоғары дәрежеде игерілуімен тығыз байланысты. Текелі кен байыту комбинатының, Екпінді мәрмәр, Дауылбай кварцит, Алабай алтын кен орындарының, Алматы мен Қапшағай маңындағы кен қималарында құрылыс материалдарын өндіру барысында тасталатын өндіріс қалдықтары экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуымен қатар қоршаған ортаның эстетикалық тартымдылығын кемітуде. Эстетикалық тартымдылығымен ерекшеленетін Текелі аңғары мен Қора, Түрген, Есік, Үлкен және Кіші Алматы, Ақсай өзендері аңғарларында туризмді дамыту үшін өндіріс қалдықтары сақталған орындарды рекультивациялап бастапқы қалпына келтіру қажет.

Табиғатты пайдаланудың қазіргі стратегиясы қарқынды экологиялық даму ырғағын сақтау болып табылады. Табиғатты қорғау стратегиясы әртүрлі антропогендік әрекеттерге, геожүйенің тұрақтылығына, табиғатты тиімді пайдалануды оңтайландырудың бағыттарын іздестіруді көздейді. Мұндай бағыттың бірі қоршаған ортаның табиғи қалпын сақтап, жағдайын жақсартуға негізделген қоғам дамуын жаңа түріне көшуді көздейтін тұрақты даму тұғырнамасы болып табылады. Тұрақты даму тұғырнамасының бір кезеңі геожүйелердің қалыпты қызметі мен геожүйелер арасындағы өзара байланысты, биологиялық алуантүрлілікті сақтауды қамтамасыз ететін біртұтас жүйе болып табылатын аумақтың жасылдандыру немесе «табиғат қорғау іргесін құру» болып табылады [2, 119 б.]. Экологиялық ірге ретінде әр түрлі қолдан отырғызылған және табиғи өсімдіктер өсетін телімдерден тұратын қорықтардан бастап, табиғат ескерткіштеріне дейінгі барлық ерекше қорғауға алынған аумақтар желісін қарастырды. Жетісу өңірінде ерекше қорғауға алынған аумақтар желісін құру мәселелері жерді шаруашылық мақсатта қарқынды қолдануға байланысты мәдени ландшафттардың пайда болуынан, биологиялық алуантүрліліктің азайып, өзін-өзі реттеуінің кемуінен туындады [3, 125б.].

Табиғатты туристік мақсатта пайдаланудың қызыметтік үлгісі табиғат кешендері аясында шоғырланады. Табиғат кешендері табиғатты туристік мақсатта пайдаланудың қызыметтік үлгісінде жетекші орында тұрады. Белгілі бір өңірді туристік пайдалану барысында табиғат кешендерінің ауданы, сиымдылығы, әр гектарға шаққандағы адамдардың түсіретін салмағы өзгеріске тұрақтылығы, тартымдылығы, сыяқты арнайы қасиеттері өзгереді. Жетісу өңірінде туризм мен демалысты дамыту барысында демалушылар тарапынан табиғат кешендеріне түсірілетін рекреациялық салмақты оқып-үйреніп, әр түрлі ландшафттарға түсірілетін салмақтың рұқсат етілген шегін құруға, туризм мен демалыс инфрақұрылымдарын салу, құрылған бағыттар мен туристік мекемелерді пайдалану барысында техногендік әсер, жергілікті тұрғындар тарапынан табиғат кешендеріне түсіретін тұрмыстық салмақты есепке алыуға назар аудару қажет.

Табиғатын туристік мақсатта тиімді пайдалану мен тұрақты дамуды көздейтін жоғарыда аталған аумақтық жүйе төмендегі жүйе тармақтарынан тұрады:

- туризмнің материалдық базасы мен рекреациялық инфрақұрылым тарапынан табиғат кешендеріне түсірілетін техногендік әсерді басқару;
- рекреациялық іс-әрекеттің табиғат кешендеріне әсерін басқару;
- табиғат кешендеріне тұрмыстық және антропогендік әсерді басқару;
- табиғат кешендері мен рекреациялық ресурстарға тұрмыстық және антропогендік әсерді басқару.

Жетісу өңірінде туризм мен демалысты дамыту барысында табиғатты пайдалануды төменде көрсетілген екі жолмен шешкен дұрыс:

- 1 рекреациялық мақсатқа пайдалануға жарамды жерлерді қызыметіне қарай жіктеу арқылы;
- 2 аумақтарды пайдаланудың қызыметтік жүйесін құру жолымен.

Кез-келген өңірді рекреациялық мамандану деңгейіне қарай жерді туристік-рекреациялық пайдаланудың негізгі үш түрі бар.

1 Өзен аңғарларындағы, сонымен қатар, ірі өндірістік қалалар мен аудан орталықтарындағы рекреациялық мақсатта қарқынды түрде пайдаланылатын бақтар, жағажайлар және басқада бұқаралық сипаттағы демалыс аймақтары.

2 Рекреациялық іс-әрекетте орташа қарқында пайдаланылатын өндірістік және экологиялық мақсатта қолданылатын қала мен ауылдық елді мекендер маңындағы көп жылдық жасыл желектер мен эрозияға қарсы қызымет атқаратын орман алқаптары.

3 Рекреацияның сыбағалы салмағы онша жоғары емес елдімекендерден алыс аумақтар [111, 8б.].

Жиналған ғылыми жазба деректер жасалған талдау қорытындылары Жетісу өңірінде табиғатты пайдаланудың төрт негізгі түрі мен оның шегіндегі мына қызыметтік аймақтарға бөліп қарастыруға болады.

1 Ғылыми қызыметкерлер мен іс-тәжірибеден өтетін жоғарғы оқу орындарының білімгерлеріне сынақтар мен ғылыми зерттеулер жұмыстарын жүргізу, ал көпшілік үшін арнайы бөлінген аумақтардағы туристік соқпақтарда қысқа мерзімді танымдық жорықтар мен саяхаттар ғана ұлықсат етілген белгілі ландшафттарды табиғи қалпында сақтап, түлету мақсатында құрылған ерекше қорғауға алынған және қорықты аймақтар.

Қызымет шегінде кез-келген шаруашылық әрекетін жүргізуге тиім салынған тек рекреациялық мақсатта пайдалануға рұқсат етілген қысқа мерзімдік саяхаттарға ғана рұқсат етілетін ерекше қорғауға алынған аймақтарға негізінен өзен жағалаулары мен тау ландшафттарын қорғауды көздейті «Алтынемел», «Шарын», «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғат бағы, Жоғарғы Көксу, Жоңғар Алатау, Токты, Қоқан, Қарой, Төменгі Іле мемлекеттік табиғи қорықшаларының аумақтары жатады.

2 Ұзақ мерзімді демалыс пен туризмді дамыту қызыметін атқаратын қала маңындағы, сонымен қатар қала сыртындағы бақтар мен қалыпты деңгейде тұрақты түрде пайдаланылатын өзен аңғарларындағы тоғайлар мен орман ландшафттарын, басқада табиғат кешендерін қамтитын рекреациялық табиғат пайдалану аймағы. Бұл аймақ өзен бойларында балық аулау, шомылыу, жидек теру сияқты қарқынды рекреациялық іс әрекеттерге ұлықсат берілетін Қаскелең, Талғар, Шелек, Шарын, Іле Қартал, Көксу, Ақсу, Сарқан, Басқан, Лепсі, Тентек, өзендерінің аңғарындағы елдімекедер маңындағы тоғайлар мен бақтарды, тоғандар мен бөгендердегі жағажайларды, саяжайларды, туристік базалар мен соқпақтарды қамтиды. Ұзақ мерзімді пайдаланылатын рекреациялық аймақты төменде көрсетілген төрт аймақ тармағына бөліп қарастыруға болады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес табиғи емдік кешендер мен емдік-саықтыру орындары орналасқа және оларға жапсарлас жатқан жер телімдерін ластану мен тозудан қорғау мақсатын көздейтін санитарлық қорғау аймақтары;

- Көл жағалаулары, өзен аңғарлары мен елдімекендер маңындағы рекреациялық аймақ;

- арнайы жеке меншік аумақтар аймағы; Туризмде бұл аймаққа жеке, әлеуметтік және қоғамдық аймақтық кеңістіктер жатады.

- қысқа мерзімді демалуға келушілерді қабылдауға арналған көліктік қатынас, байланыс, қоғамдық тамақтандыру, демалыс пен ойын-сауық кәсіпорындарымен қамтамасыз етілген арнайы ұйымдастырылған демалыс аймағы.

3 Жетісу Алатауының тау алды жазықтары мен өзен аңғарларындағы суармалы және тәлім егіншілікті экстенсивті және интенсивті ауыл шаруашылығы орташа және жоғары қарқынды дамыған руальды табиғат пайдалану.

4 күнделікті пайдалануға арналған қалалық бақтар мен скверлерді қамтитын урбанданған табиғат пайдалану. Ол төмендегі үш топқа бөлінеді:

- қонақтарды қабылдап, қонатын туристік қызымет көрсету орындарына орналастыру, мәдени-тұрмыстық, ақпараттық қызымет көрсетуді қамтитын келушілерді қабылдау аймағы;

- «Бесшатыр», «Есік» және «Боралдай» қорғандары, «Таңбалы», «Қойлық қаласы», «Жаркент мешіт-медресе кешені» сияқты тарихи-мәдени нысандарды қорғау қызыметін атқаратын мәдени-тұрмыстық нысандарды қорғау аймағы;

- «Тамшыбұлақ», «Бұрқанбұлақ», «Әулиеағаш», «Түрген сарқырамалары» сынды көрікті орындарды таныстыру, экологиялық сауаттылықты арттыруды ұйымдастыру қызыметін атқаратын танымдық туризм аймағы [114, 115-118 б.].

1. Благовещенский В.П., Гуляева Т.С. Ландшафтно-экологический метод оценки рекреационных территорий. -Ландшафтоведение: теория, методы, региональные исследования, практика: материалы XI Международной ландшафтной конференции. –Москва, 2006. –С.87-90.

2. Егорова Л.И. Экология туризма и сервиса: учеб. Пособия для студ. Вузов по географии экол. специальностям.-М.: Финанс и статистика, 2003.-203с.

3. Диденко-Кислицина Л.К. Кайнозой Юго-Восточного Казахстана. - Алматы: 2001.- С.7-8.

4. Попов В.И., Гуляева Т.С., Абулхатаева Л.Ю., Пиманкина Н.В., Гасанова Н.П., Буланин С.Ф. Рекреационная оценка горных территорий Казахстана. - Алматы: Эверо, 2003. -С. 101-102.
5. Чупахин В.М. Высотные геосистемы гор Южного Казахстана и Средней Азии. - Алма-Ата: Наука, 1974.-С. 165-186.
6. Пузырева А.А. Климатическое районирование Южного Казахстана. – АлмаАта: Наука, 1975.- С. 174-180.
7. Попов И.В. Рекреационная оценка горных территорий. – Алматы: Эверо, 2000.-С.98-106.

Резюме

Геоэкологическая оценка рекреационной комфортности природных условий региона жетысу

В статье рассматриваются вопросы геоэкологической оценки комфортности природных условий региона Жетысу. Определено значение геоморфологических свойств рельефа, биоклиматических условий, особенностей растительности, водных, гляциологических и других ресурсов горных территорий для развития туризма и отдыха.

Summary

Geocological evaluation of recreational conveniences of natural conditions of Zhetisu region

Given article covers the issues of geocological evaluation of recreational conveniences of natural conditions of Zhetisu region. The significance of geomorphological characteristics of relief, bioclimatic conditions, properties of vegetations, water resources, glaciological resources and other resources of mountainous territories for the development of tourism and recreation is determined.

ӘОЖ 911.3:33(574.53)

ЕЖЕЛГІ ҮЙСІН ЖЕРІ– АЛТЫН КӨПІР НЕМЕСЕ СӨЗ ІЛЕ ҚАЗАҚ АВТОНОМИЯЛЫ ОБЛЫСЫ ТУРАЛЫ

С. Қастер - г.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ,
Р. Қалдыбекова - аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ


Біз үнемі «Қытай Халық Республикасының (ҚХР) даму қарқыны аса жоғары» дегенді жиі естіп, айтып жүрміз. Шындығында солай, айталық, таяуда ғана Қытай жылдық ішкі жалпы өнім өндірісі бойынша Жапонияны басып озып, АҚШ мемлекетінен кейінгі екінші орынға шықты. Одан сырт, нашар дамыған саласы болып табылатын автокөлік өндірісі бойынша дүниежүзінің барлық мемлекеттерін (Жапония мен АҚШ-ты қоса есептегенде) артта қалдырып, көш бастап шықты. Міне, дәл осындай хабарлар дүниежүзілік бұқаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде, қазақстандық ақпарат құралдарының хабарларында бірнеше дүркін жазылды және айтылды/1/. Алайда, біз оның жеткен жетістігін тамсана айтумен, өндірген өнімдерін жаппай тұтынумен шектеліп қалғандаймыз. Қытай туралы білеріміз су бетіндегі көбіктей ғана бер жағы, ал қатпар-қатпар тарихы мен сан-қырлы шаруашылығы бар үлкен елдің бізге таныс емес тұңғышы мол-ақ. Осынау алып көршімізбен байланыс дамып отырған бүгінгі күнде оны танып-білу екі елге де тиімді болар еді деген оймен Қытайдың Қазақстанға ең жақын шекаралас аймағы Іле Қазақ автономиялы ауданы туралы сөз қозғауды жөн санап отырмыз.

Сөзімізді сәл әріден бастасақ, Қытай тарихындағы Чиң патшалығы тұсында Шынжаң 1884 жылы өлке болып құрылған. Қытай тіліндегі мағанасы “жаңа провинция” деген сөз. 1949 жылы 25 қыркүйекте ҚХР-дың құрамындағы бір провинцияға айналды /2/. Содан 1955 жылы қазан айының 1-інде Шынжаң ұйғыр автономиялы ауданы болып қайта жасақталды. Аумағы 1 млн. 660 мың шаршы км. батысы мен шығысының арасы 2000 шақырым оңтүстігі мен солтүстігінің арасы 1600 шақырым көрші елдеріне бағыттаған 16 кеден бекеті бар. Климаты құрғақ, қатаң. Жер бедері күрделі болып, таулы аймақтар 49 пайызды, жазықтар 51 пайызды иеленеді. жерінің 56,52 пайызы шөлді-шөлейтті аймақтар болып, сулы мол өңірлер небәрі 1 пайыз. Жер аумағы көлемінен Қытай бойынша алдыңғы орында, тұтас ел аумағының 1/6 бөлімін құрайды.

Әкімшілік-аумақтық құрамы бойынша 5 автономиялы облыс, 7 аймақ, ерекше мәртебеге ие 3 қала, 6 автономиялы аудан және 85 ауданға бөлінеді. Орталығы Үрімжі қаласы. Жергілікті халық

өкілдері 13 ұлттан тұрады. Ал соңғы жылдардағы миграция әсерінде ұлт өкілдерінің саны 47-ге жетті. Жергілікті ұлттар (халық санының көптігі бойынша), ханзу (қытай), ұйғыр, қазақ, дүнген, моңғол, қырғыз, сібе, тәжік, орыс, өзбек, татар, дағұр, манзу. Халық саны 18 млн. адам шамасында, бұл мемлекет жалпы халық санының 4 пайызына жуық/3/.

Аталған 5 автономиялы облыстың ішінде біздің тілге тек болып отырғаны – Іле Қазақ автономиялы облысы, оның қармағына Тарбағатай және Алтай сынды екі аймақ пен Құлжа, Күйтун қалалары, Құлжа, Қорғас, Нылқы, Тоғызтарау, Күнес, Текес, Моңғолкүре және Шапшал Сібе автономиялы аудандары кіреді. Іле Қазақ автономиялы облысы 1954- жылы қараша айында құрылған. Орталығы Құлжа қаласы. Ол Қытай бойынша бірден- бір төте қарасты аймақ пен төте қарасты қаласы бар облыс болып табылады. Облыстың территориясы 350 мың км²., халық саны 4 миллионнан асады. Олардың ішінде қазақ, қытай, ұйғыр, моңғол, сібе сынды 47 ұлт өкілі тұрады /4/.



Ел арасында «Шынжаңға бармасаң Қытайдың үлкендігін білмейсің, Ілеге бармасаң Шынжаңның көркін біле алмайсың» деген қанатты сөз бар. Осы бір ауыз сөзден-ақ Іле Қазақ автономиялы облысының бар келбетін және онда мекендейтін әр ұлт халқының әсіресе байырғы тұрғылықты халық саналатын қазақ халқының қонақжай дәстүрін әйгілеп тұрғандай. Қытайда 2005 жылы жүргізілген жалпы халықтық санақ нәтижесі бойынша ондағы қазақтар соңғы он жылда 15 пайызға өскен екен. Ресми дерек бойынша, Қытайдағы қазақтар – 1 миллион 413 900 адам болған. Іле қытай қазақтарының ең көп шоғырланған жері екенін ескеруіміз керек/5/.

Іле Қазақ автономиялы облысы табиғаты аса көркем жер. Оның көркемдігі жерінің мол ырысында, ол ырыс - Іле дариясының жөңкіле аққан толқынымен бірге бар алқабына шашылып жатқан құт-берекесінде жатыр. Қытай қазақтарының айтулы ақыны Таңжарық Жолдыұлының сөзімен айтқанда:

*Ойласаң Іле жердің ортасындай,
Егерде дене болса қолқасындай.
Тасы алтын, тауы күміс, ағашы жез,
Сулары еркек қойдың сорпасындай!*

Іле өзгеше географиялық орта, ғажайып көріністер отаны. Бұл жер ежелгі Жібек жолының солтүстік торабы. Шығыс пен Батыс өркениетінің тоғысқан жері. Сондай-ақ түрліше мәдениеттер мен салт-сананың біте қайнасқан ортасы. Осынау суы тұнық, ауасы мөлдір, көрінісі көз тартарлық әсем жерде Сіз көкбар тартып, қыз қуып, бәйге шауып жүрген қазақтардың ат тұяғының дүбіріне, мың бұралған ұйғыр қыздарының нәзік биіне, татардың сазды әндеріне тағы сондай әр халықтың қайталанбас мәдениетінің куәсі боласыз.

Іле көркем-ақ! Оның көркі тағы да оның ұзақ жылдық тарихынан басталмақ. Бұл жер кезінде Хан У Ди патша жырына қосқан «Батыс өңір тұлпары»-ның мекені. Ежелгі «Үйсін елі» тұрағы. Хан дәуіріндегі үш жүз атты әскер қосыны келіп жеткен жер. Жаңа эрадан бұрынғы 108-жылы Жяң қаласы бегі Люжянның қызы Ши Жун ханшаның Үйсін ханына ұзатылып келіп, келін болып түскен жері. Шыңғысқанның батысты билегендегі әскери тірегі болған жері. Сонау аналық қауым дәуіріндегі «Батыс өңір патшайымының қаласы» атанған өлке. /6/

Іленің көркемдігі және де оның саяхат, бау-бақша алқаптарының молдығымен де тығыз байланысты. Сайрам көлі Іле саяхат ортасының бірінші бекеті. Көгерген көл суы, көк аспан, мұз құрсаңған тау, ақша бұлттардың арлы – бері жөңкілуі, барлығы да таң-ғажайып дүние.

Іле Қазақ автономиялы облысының әсемдігі оның орналасқан географиялық орнымен тығыз байланысты. Сонысымен де ерекше. Айналасын асқар таулармен қоршаған, ойпаттары кең, жайлаулары көркем, ұлан-байтақ құнарлы даласы бар. Оңтүстік бөлегі аспанмен тілдескен Тянь-Шань таулары, солтүстігі асқар Алтай таулары, қойнауында Іле өзені аңғары орналасқан. Су байлығынан Іле өзені, Ертіс, Қас, Күнес, Текес және Үлдігір өзені сынды 200 ден астам үлкенді-кішілі өзендер бар. Олардың су қоры мөлшері 363 миллиард м³ болып, бүкіл Шыңжаңның су қорының 41% ын ұстайды. 81 сатылы тоқ шығару станциясы бар болып, олардың тоқ шығару қуаты 1094 миллиард вт/сағ.

Минералды ресурстар бойынша байлық қоры тексеріліп анықталған кен өнімдерінен алтын, мыс, ақ шырымтал, көмір, т.б. түрлер бар. Облыста бүкіл Қытайдағы аумағы ең ірі Ашылы мыс кені, Шыңжаңдағы ең үлкен алтын кені де осы өкеде орналасқан.

Жабайы хайуанаттардан ілбіс, тауешкі, қоңыр аю, марал, жайранбөкен, су бұлғыны, т.б. кездессе, жабайы дәрі өсімдіктерден ақжүрек, қызыл мия, сарбас шай қурай, көкемарал, т.б. түрлері бар.

Іле Қазақ автономиялы облысының агроклиматы да қолайлы сипат алады, онда күннің жылдық түсу мерзімі 103-191 күн, яғни 2699-3158 сағат. мәселен, егіншілікті негіз ететін Іле өзені аңғары қоңыржай белдеулік қуаңдау климат сипатына ие, жылдық орташа ауа температурасы $-0,2\text{ }^{\circ}\text{C}\sim 9,1\text{ }^{\circ}\text{C}$, жылдық орташа жауын-шашын мөлшері 200-300мм, жылдық орташа булану мөлшері 1200-2300 мм, жылдық орташа қыраусыз мезгілі 103-191 күн. Сондықтан онда бидай, жүгері, күріш, жер жаңғағы, сыра гүлі, зығыр, темекі, мақсары, өсімдік майы, мақта, қант қызылшасы, қауын-қарбыз сынды көптеген ауыл шаруашылық және техникалық дақылдар егуге шарт-жағдай әзірленген. Іле облысының егістік жер көлемі 2 миллион гектар, ал қазірге дейін игерілгені 900 мың гектар, запас егістік жер көлемі жеткілікті. /7/

Іле облысы бүкіл Қытайдың ең тамаша табиғи жайлымдарының бірі болып саналады. Жер-суы көркем, таза. Ол шынжаң биязы жүнді қойы, іле тұлпары, шынжаң қоңыр сиыры қатарлы Қытайдың асыл тұқымды малдары мен сапалы тұқымдарын жетілдіру базасы.

Қорыта айтқанда, Іле Қазақ автономиялы облысы көркіне байлығы жарасқан ырысты мекен. Ол – Шыңжаңды, тіпті тұтас елді астық, майлы дақыл, ет, қан материалдарымен, алтын, мыс, никель сияқты түсті металдар мен сирек кездесетін металдары және жақұт сияқты кен орындарымен қамдайтын базасы спеттес аймақ. Облыс көлемінде егін, мал шаруашылығын негіз еткен ауыл шаруашылық салалары мен бірге жергілікті ресурстарының негізінде жасақталған өнеркәсібі де бар. Бастысы агроөнеркәсіп салалары мен өңдеуші өнеркәсіптер, негізінен тоқыма өнеркәсібі, былғары аяқкиім жасау, темекі фабрикасы, сүт өнімдері, қант жасау, сыра ашыту, тағы басқа да тамақ өнеркәсіп түрлері маманданған. Бұдан сырт, көмір өнеркәсібі, электр энергиясы, металлургия, құрылыс материалдары сияқты ауыр өнеркәсіп түрлері де жақсы дамыған.

Іле Қазақ автономиялы облысы ҚХР-ның батыс өңірі, маңызды шекаралық аймағы, онда Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Моңғол Халық Республикасымен шектесетін Қорғас, Дулат, жеменей, Бақты, Қызылтау, Тайкешкен қатарлы 9 мемлекеттік 1-дәрежелі шекара өткелі бар, Осы кедендік бекеттер арқылы Қытайдың өзге аймақтарынан ағылған жолаушылар мен тауарлар Орта Азияға сол арқылы Батыс Азия және Еуропаға қарай тоқтаусыз ағылуда. Әсіресе, Алматының іргесіндегі Қорғас

кеденінің маңызы ерекше. Онда күн сайын қатынаған адамдар мен толассыз ағылған жүктердің нөпірі бір сәтке толастаған емес. Сондықтанда Іле Қазақ автономиялы облысы Қазақстан мен Қытай арасындағы әр алуан байланыстарды дамытуда «Алтын көпір» болып саналады. Сол байланыстардың бір жарқын үлгісі ретінде университетіміз бен Іле Қазақ автономиялы облысы орталығы Құлжа қаласында орналасқан Іле педагогикалық университеті арасындағы жақында қол жеткен өзара достық барыс-келіс келісім шартын атауға болады. Егер осы келісім-шарт ары қарай шынайы өмірде өз жалғасын тапса, Қытайдағы қазақтардың бірден-бір жоғары оқу орны саналатын аталмыш оқу орнымен біздің арамызда ұстаздардың тәжірибе алмасуына, оқулықтар мен қажетті құрал-жапдықтарды алуымызға және студенттерді сол жақта практикадан өткізуге мүмкіндік алар едік.

Іле педагогикалық университеті туралы және олар мен біздің, Абай атындағы ҚазҰПУ арасынағы байланыстарды келесі мақаламыздың еншісіне қалдыруды жөн көрдік.

1. интернет көзі
2. Сарқытқанұлы Қастер. Қытайдың нарықтық шаруашылығының аумақтық даму мәселелері және оның Қазақстанмен байланысы. - Алматы, 2005.
3. Бақытнұр Бекенұлы. Батыс өңірді игерудің баянды жолдары //Шынжаң университеті ғылыми журналы. 2006. №2
4. Ли Шун Шың. Қытайдағы аз ұлттар// Қытайша басылымы. – Бейжиң, 2004. 476.
5. интернет көзі
6. Хан патшалығы тарихы – батыс өңір шежіресі . – Үрімжі, 1995. 346б, 351б.
7. Ахметбек Ауелбекұлы. Ырысты Іле. –Үрімжі, 2000. 19б, 25б.
8. Шинжяңның статистикалық кітабі// Қытай статистика баспасы. – Үрімжі, 2008. 46-48б

Резюме

В статье рассматриваются экономические и социально-географические характеристики Или Казахской автономной области КНР. Автор также особое значение придавал этническому составу населения, хозяйственным отраслям, административным структурам данного региона.

Summary

In this article the characterization economical geography of Ili kazakh autonomous region in People's Republic of China. Author also gives special composition ethnic people and administration structure.

УДК 796.5:902(574.51)

АНАЛИЗ РАЗВИТИЯ ИСТОРИКО–АРХЕОЛОГИЧЕСКОГО ТУРИЗМА В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ.

Ж.А. Буламбаев - к.ф.н., профессор КазНПУ им.Абая

Е. Чибисова - магистрант II курса КазНПУ им.Абая

Специфика историко-археологического туризма заключается в том, что, наряду с природными особенностями (заповедники, национальные парки, памятники природы и т.д.), он включает элементы материальной и духовной культуры (памятники архитектуры, археологии, фольклор, объекты культуры), одновременно преследуя познавательные цели.

На территории Алматинской области находится значительное число памятников, отражающих историю Семиречья с древних времен до наших дней. Большинство из них составляют памятники археологии, к которым относятся городища, курганы, могильники, петроглифы, древние ирригационные сооружения, древние рудники, каменные изваяния. Они размещаются, главным образом, в предгорной зоне с благоприятными природными условиями, что послужило основной причиной освоения этой территории человеком с древних времен [1].

Наиболее примечательными памятниками древности на территории области являются курганы саков (V-III вв. до н. э.). Они представляют собой целостные архитектурные сооружения, состоящие из погребальных камер, каменных стен, подземных ходов и насыпей. Поскольку стоянки саков были приурочены к выходам горных рек на равнину, то есть местам, которые ныне заняты крупными населенными пунктами, либо освоены под сельскохозяйственное производство, сотни курганов уже

разрушены и безвозвратно утеряны для будущих поколений. Самыми значительными памятниками древнего периода на территории Алматинской области, служащими центрами паломничества, являются погребально-культовый ансамбль Бесшатыр, датируемый VII-III вв. до н. э., курганные комплексы в Боралдае - близ города Алматы (VII-I вв. до н. э.), а также в Сике, Талгаре[2].

Из памятников архитектуры в качестве объектов экологического туризма можно выделить мавзолеи, мечети, укрепленные поселения (крепости), монастыри, характеризующие мировоззрение, эстетические взгляды и уровень искусства определенной исторической эпохи. Расположены они, главным образом, вблизи крупных населенных пунктов.

Уникальными сооружениями являются Жаркентская мечеть – в городе Жаркент, мазар в 20 км от поселка Илийск Талгарского района, мечеть, расположенная в селе Жансугуров.

Интерес для экологического туризма представляет буддийский монастырь рядом с поселком Сумбе Райымбекского района, относящийся к XVIII-XIX вв. н. э.

Более 140 лет назад у подножия гор Заилийского Алатау был основан военный форт Верный, впоследствии переименованный в Алматы. До наших дней сохранились остатки этой крепости. Другие крепости расположены в поселках Шынгельды, Турген, Аксенгир.

Нельзя не отметить, что в пределах современных границ Алматинской области проходила значительная часть древних караванных путей, начиная с середины первого тысячелетия до нашей эры, когда функционировал так называемый «степной скифский путь». С XV века караванный путь через Семиречье стал наиболее оживленным. «Казахстанский», или иначе «Северный Шелковый путь» стал главным, и основное число посольских и торговых караванов проходило именно здесь. С этим периодом связаны возникновение и расцвет целого ряда крупных центров городской цивилизации Семиречья, которые оказались либо на пути самой трассы, либо были связаны с ней торговыми ответвлениями. Можно сказать, что Шелковый путь дал мощный импульс развитию городской культуры на территории Алматинской области. Процесс урбанизации этого региона происходит как посредством расширения и укрепления многочисленных ранних городских и сельских поселений, возникновения вокруг них военно-административных, торгово-ремесленных округов, так и строительства огромного количества новых торгово-ремесленных городских образований, религиозных центров, военных укреплений[3].

Активный процесс урбанизации (VIII-IX вв.) способствовал быстрому развитию городской культуры на территории Семиречья, о чем свидетельствуют сохранившиеся до наших дней многочисленные городища и укрепленные поселения. Исследователи отмечают, что по количеству городов территория Семиречья занимает одно из первых мест в Казахстане. Это была самая урбанизированная территория. Одним из крупных средневековых городищ является Тальхиз, расположенный в предгорной зоне Заилийского Алатау в городе Талгар. В настоящее время он представляет собой музей-заповедник под открытым небом.

Истоки градостроительной культуры в Семиречье связаны с поселениями оседлых и полuosедлых саков, и миграцией кочевых племен гуннов и усуней из Северного Китая в Семиречье. В результате интенсивного развития городской культуры были сформированы различные структуры городов, которые классифицируются следующим образом: для северо-восточной части Семиречья характерна структура городов в виде «торткулей» - торгово-административных центров; в юго-западной части Семиречья города приобретают структуру с цитаделью, имеющей мощное укрепление и сельскохозяйственную округу, обнесенную длинными стенами[4].

Наиболее ценную информацию о жизни казахского народа в прошлом содержат наскальные изображения - петроглифы. Предполагается, что, когда отсутствовала письменность, древние люди фиксировали разную информацию и свои знания на скалах. Сюжеты охотничьих сцен и шаманских ритуалов, с изображением животных и различных знаков свидетельствуют о религиозных представлениях людей. Наиболее интересными объектами экологического туризма являются петроглифы «Тамгалы-Тас».

К памятникам археологии, представляющим большой интерес для историко – археологического туризма, относятся также древние ирригационные сооружения, обнаруженные в дельте реки Или на территории Алматинской области. Они свидетельствуют о том, что древние племена занимались земледелием.

Казахский народ имеет многовековую историю, является обладателем культурных ценностей, вошедших в сокровищницу мировой цивилизации. Особенности духовной культуры и древнего

искусства народа раскрывают недавно созданные этнографические национальные парки. Это Коктюбе, Тальхиз, курган золотого воина в городе Есик, Кеген, Алтын-Эмель (мемориальный этнографический парк имени Ч. Валиханова), Дегерес, Тамгалы.

Несомненно, Алматинская область располагает значительными антропогенными рекреационными ресурсами, которые можно использовать в качестве объектов экологического туризма.

В результате проведенных исследований, можно сделать выводы:

1. Исследуемая территория характеризуется наличием разнообразия как архитектурных, так и археологических памятников культуры.

2. Большинство антропогенных рекреационных ресурсов расположено в южной, юго-восточной, восточной частях области. Это объясняется тем, что в районах, издавна обжитых человеком, накапливается его культура, хозяйство, хранятся истории, традиции и памятники.

3. Районы северной, северо-восточной и северо-западной частей Алматинской области, вследствие неблагоприятных природных условий, имеют антропогенные рекреационные ресурсы в очень малом количестве[5].

1. Мусин К.Н. *Международный туризм: современные тенденции развития в мире и Казахстане. Автореферат дис.канд.- Алматы, 1998.-26с.*

2. Ердавлетов С.Р. *География туризма: история, теория, методы, практика. - Алматы, 2000. - 336 с.*

3. Безбородов А.Г., Безбородов Ю.Г., Халбаева Р.А., Хусанов Т.Х. *Экология и туризм // Инженерная экология, 1997, № 5. С.54-60.*

4. *О туризме в Республике Казахстан в 2000 году. Стат.сборник. - Алматы, 2001.-92 с.*

5. *Хоропченко В.В Экологический туризм.- Москва, 2007 г. С. 100 – 103.*

Түйін

Алматы облысындағы тарихи археологиялық туризмінің дамытуы.

Буламбаев Ж.А., Чибисова Е.

Алматы облысындағы туризмды дамытудың маңызы болатын көнеліктің барлық тарихи, археологиялық ескерткіштері осы жұмыста қаралып шыққан. Алматы облысында рекреация қорларының дамытуы туралы қорытынды жасалған.

Summary

Analysis of the historical - archeological tourism in Almaty region.

Bulambaev J.A., Chibissova E.

In this paper, we consider all of the most significant architectural and historical monuments of the Almaty region. Assess the level of tourism development in Almaty region, draw conclusions about the prospects for tourism development in the region.

ӘОЖ 316.347:94(=512.122)(574)

ҰЛЫ БИЛЕР ҰЛАҒАТЫ

Ж. Сағындықова - Абай атындағы ҚазҰПУ-дің ізденушісі,

А. Сағындықов - Абай атындағы ҚазҰПУ-дің доценті

Ел басқарған, ел бірлігін, үш жүзден сайланған үш арыстың біреуі Әйтеке би кезінде шешендігімен, көсемдігімен, даналығымен көзге түскен. Шоқан Уәлиханов белгілі билердің бірі ретінде Әйтекенің есімін Төле бимен қатар айтады. Әйтеке би бұдан үш ғасыр бұрын (300 жыл) ғұмыр кешкен. Алдымен Қазақстанның батыс бөлігі Кіші жүзді басқарған, одан кейін Тәуке хан дәуіріндегі қазақ хандығының аса көрнекті биі болған ерекше тұлға.

«Ақылды адам – халықтың данасы» - дейді бұрынғылар. Сол айтқандай Әйтеке бұрын өткен ру – ру, тайпа – тайпаны ғана емес, бүкіл қазақты біріктіріп, ел – елді, үш жүзді, яғни, алты алашты басқаруда даңғыл жол ашып, болашаққа болжам жасаған дана адам. Сондықтан Әйтеке бидің өмірі, еткен еңбегі, айтқан билігі, шешендік сөздері кейінгі ұрпақ біздерге әрқашанда үлгі өнеге. Ол өзі ұлылық, асқан білгірлік, керемет көрегендік таныта тұрса да, күрделі де қиын ғұмыр кешкен. Байқаған адамға Әйтеке бидің өмірі туралы ел ішінде, «Әйтеке би айтқан екен» деген аңыз, әңгіме көп. Халықтың ақылды білгірі, қара тілдің дүлдiлі атанған Әйтеке бидің екі адам арасындағы дау – шардан бастап екі ел арасындағы мәміле – бітімге дейін араласып, әділ билік айтқаны баршаға аян. Сол себепті де ол өз заманындағы саяси әлеуметтік мәселелерге белсене қатысып, қазақ халқының іргелі ел болуына елеулі үлес қосқан. Әйтеке жақынын жараламай, алысын қараламай, қай кезде де ел татулығын сақтаған, ел бірлігін ойлаған.

(1)

Қазақ «Өнер алды – қызыл тіл» деп, сөз өнеріне үлкен мән беріп, сөз өнерін бірінші орынға қойғанын білеміз. «Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын», «Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болсын», - деп аз сөзбен терең мағына беруге үйреткені белгілі.

Әйтекенің киелі аузынан шыққан жүйелі сөзі оны ел назарына ерте іліктірген. Ол жастайынан батылдығымен, әділдігімен, шешендігімен көзге түскен. Оның айтқан билігі, шешендік сөзі өте көп.

Әйтеке Бәйбекұлы 1644 жылы көктемде Самарқанд пен Бұқараның аралығында өз ата-бабасының көшіп барған мекені Қызбibi тауының етегінде дүниеге келген.

Әйтеке он екі жасқа дейін үлкен әкесі Ақша ханның тәрбиесінде болған. Ақша хан немересі Әйтекенің келешегінен көп үміт күтіп, он жеті жасынан Ордадағы хан кеңесіне апарып ел басқару, билік айту ісіне баулып, басқа елдерден келген қонақты қабылдау рәсіміне қатыстырады. Ағасы Жалаңтөс батырдың немерелерімен бірге Бұқарадағы діни медресеге оқуға береді. Ол діни оқуды оқи жүріп араб, парсы тілдерін үйренеді. Әйтеке жиырма бес жасында Төртқара руының биі, ал отыз жасында жиырма тоғыз рудан құралған бүкіл Кіші жүздің (яғни, алты ата Әлімнің, төрт ата Кетенің, он екі ата Байұлының, жеті ата Жетірудың) төбе биі болып сайланған. (2)

Әйтеке би қазақ жұртының тығырыққа тірелген ең ауыр, ең қиын кезеңінде ғұмыр кешті. Өмір бойы жанын салып халқына қамқор, еліне пана болған атақты би өзінің дегеніне жете алмай, айтқан ақыл - өсиетін өткізе алмай пәни дүниеден арманда өтті. Қарадан шыққан қазақты көсем сайлаймын деп, төре тұқымынан біржола безініп кетті. Қазақтың дарқандығы мен кең пейілділігіне, ақ жүректігіне сүйсінген ол сұлтандар мен билердің, төрелер мен батырлардың өзара әлім-жетік, дау-дамайына, текетірес тартысына жиіркенішпен қарады. Жер дауы мен жесір дауын, ел ішіндегі барымта-сарымтаны көп көрді, бәр-бәрін алдынан өткізді. Соның бәр-бәріне әділ билік айтып, айыр тілді Әйтеке би атанды.

Әйтеке – дана би ғана емес, ұлттық мақтанышымыз, қазақтың жүз жылда бір туар арысы, артына өшпес із қалдырған адал перзенті. Өз халқына, ел жұртына адал еңбек еткен, оның іргелі ел болуын жатпай-тұрмай ойлаған мұндай тұлғалар арғы-бергі тарихымызда өте аз. Әйтеке сонысымен де ұлы тұлға. (3)

Әйтеке бидің зор тұлғасын аңыздан шындыққа айналдыра жан-жақты талдап, өзінің терең тебіреністі толғанысын ұсынған Әбіш Кекілбаев болды. Оның «Әйтеке би» атты туындысы, бабамыздың өмірін сол замана ағысынан өрбіткен бірінші тарихи туынды деп қараймыз.

Әйтеке би – зор тұлға. Ол қазақ тарихында аса маңызды орын алады. Ал тарих өткеннің мақтанышын да, уытын да бойына сіңірген өмір мектебі. Ол әрірегін айтпағанда, сонау Әйтеке

заманынан ұрпақтармен ұласып жатқан тәрбиелік мұра, өнеге жолы. Міне сол жол Әйтеке жолы, қазақтың үш алыбының жолы. Бұл ең бастысы. (4)

Бұлардан шығатын қорытынды:

1. Әйтеке би – ұлт мақтанышы, алып тарихи тұлға, зор мемлекеттік қайраткер, мәмлегер.
2. Әйтеке би – қазақ халқының ар намысын алау еткен, оның бірлігі үшін күрескен. Отанына шынайы берілген азамат. Қазақ халқының бірлігі – оның өмірінің өзегі.
3. Әйтеке би орталықтанған қазақ хандығының Конституциясы болған «жеті жарғыны» жасақтаушылардың бірі, заңгері. Оның тарихи ортасы – Жәңгір хан, әз Тәуке хан, Қазыбек билер, сол замандағы өз елін қорғай білген қаһарман қазақ халқы.
4. Әйтеке би қазақ халқының ұрпақтары үшін сарқылмай рухани азық қалдырған тарихшы, философ, шешен, идеолог, педагог.

Әбіш Кекілбаев: «...бір халықтың үш арысының бірін ұлы, бірін орта, бірін кіші санағанмен ешқайсысының басы аласарып, бағасы кемімейді. Атақты үш би адамдар арасындағы осы бір жарасымды күллі елдік жарасымға айналдыруға тырысқан. Қазақ үшін татулықтың, тұтастықтың асқақ өлшемі – екі туып бір қалу. Сондықтан да олар бүкіл ұлтымызды екі туып бір қалған қып көрсету идеологиясын ұсынған. Өйткені ол үшеуі үшін ел мерейінің биік болғандығынан асқан мұрат болмағанға ұқсайды», - деп өте дұрыс жазған. Әйтеке бидің армандаған қазақ жерінің тұтастығы, жамағатының мызғымас бірлігі, сол замандағы ұлы тұлғалардың және еті тірі, көкірегі ояу, парасатты, иісі қазаққа бүйрегі бүлкілдеп қана қоймай, қажет болса жанын пидә етер ерлерінің де өмірінің арқауы еді.

Өз елін, жұртын жанындай сүйген атақты көріпкел Әйтеке би халқына төніп келе жатқан ұлы қырғынды көрмей көз жұмса екен деп армандап, биліктен кеткен. Сөйтіп, өз бабасы Сейітқұл әулиенің мекеніне қарай ығысып, ақыры 1700 жылы елу алты жасында дүниеден өтеді. Сүйегі Нұрата тауының бауырындағы Сейітқұл бабасының қорымында жерленген.

Әйтеке би қазақ бірлігін қызғыштай қорғаған. Ол Күлтөбе жиынының бірінде: «Біз қазақ – бір биенің құлыны едік, тұлпар болып оза шабайық. Біз бүкіл қазақ – бір ұяның балапаны едік, қанаттанып сұңқар болып самғайық. Біз бүкіл қазақ бір тоғайдың ағашы едік, орман болып жасылданайық, жайқалайық. Біз бүкіл қазақ – бір шаңырақ, бір қазан, бір төрлік дастархан болып атамекенді түгел камтиық» деген екен.

Би бабамыз бүкіл қазақ халқын парасаттылыққа, сол арқылы бірліктің биігіне шақырған. Ал бір даудың ретінде: «Ашу деген – ағын су, алдын ашсаң арқырар. Ақыл деген – дария, алдын тоссаң тоқырар... Кісі бірге туыспау керек, бірге туысқасынн сөз қуыспау керек. Сөз қуған пәлеге жолығады, жол қуған кәдеге жолығады», - деп байлам жасапты. Осылардың түйдектелген философиялық ой оралымдары ар жағы түркі, алты алаш, бер жағы қазақ жамағаттары бірлік, туыстық жолын қуып берекеге жетсек деген арнасына күйса керек. (5)

Жас ұрпақты тәрбиелеуде Әйтеке бидің өсиеттерінің маңызы өте зор.

1. *Қазақтың Ата заңдары. «Жеті жарғы» - Алматы, 2004 ж. 496 бет*
2. *Әбуталиев Н. Халық кеңесі. 1995 ж. 21 қазан*
3. *ҚСЭ. I том – Алматы 1985 ж. 55 бет*
4. *Әбіш Кекілбаев «Әйтеке би» - Алматы, 1991 ж. 48 бет*
5. *Есламғалиев М. Ата заң. «Жеті жарғы» - Алматы, 2004 ж. 519-522 бет*

Резюме

Айтеке би, имя и слава которого простирались далеко за пределами исконных территорий Младшего Жуза, стал в свою эпоху легендой. Айтеке получил разностороннее для своего времени образование, учился в знаменитом Медресе Улугбека. Овладел рядом восточных языков – арабским, персидским и тюркским. За советами к нему обращались государственные деятели, военачальник. Он стал толкователем Степных законов.

Summary

Aiteke bey whose name and glory reached far outside of native territories of the Younger zhuz, became a legend of his epoch. Aiteke has received all-round for his time high education, studied in the famous Mederese of Ulugbek and successfully graduated from it, and he has mastered a number of east languages – Arabian, Persian and Turkish. State figures, military leaders addressed to him for advises. He became the interpreter of the Steppe Laws.

УДК 94(574).01.084.

РЕКРЕАЦИОННЫЕ УСЛОВИЯ ТУРИСТСКИХ МАРШРУТОВ КОКШЕТАУ-БОРОВСКОГО КУРОРТНОГО ХОЗЯЙСТВА

Д.Ж. Каримов - преподаватель, КазНПУ им.Абая

Кокшетау-Боровский курортный регион обладает высокими показателями рекреационной аттрактивности, в связи с этим представляет крупный лечебно-оздоровительный центр в СНГ и Республике Казахстан. Освоение данного региона, строительство инфраструктуры туризма было начато в 20-е годы прошлого столетия, в последующие годы созданная инфраструктура туризма подвергалась лишь реконструкции. Развитие внутреннего туризма Республики Казахстан, в том числе Кокшетау – Боровое, является актуальной задачей. Сегодня многие туристские фирмы предлагают популярные туры по этому региону.

Первый тур. Маршрут от турбазы «Золотой бор» до турбазы «Рассвет».

1 день - пеший переход от турбазы «Золотой бор» до озера Щучье. Ночевка на берегу озера. Пеший, переход от озера.

2 день - пеший переход от озера «Щучье» до бальнеологического санатория, отдых в санатории, обслуживание туристов и посетителей.

Традиционной хозяйственной деятельностью является ведение кустарных и народных промыслов.

В местах интенсивного использования территории лесопарка для целей отдыха и туризма наиболее важным в этом отношении являются меры по благоустройству территории. Они должны содействовать регулированию и равномерному распределению потоков отдыхающих, организация их перемещения с целью разгрузки наиболее повреждаемых и легко уязвимых территорий, сосредоточению посетителей на участках, приспособленных к большим нагрузкам [1].

Следовательно, данный маршрут один из привлекательных. Начинается с санатория «Золотой бор», расположенного на берегу озера Щучье. Протяженность его 105 км, ночевки в полевых условиях. Посещение профилактория и базы отдыха «Рассвет». Ночевка на базе отдыха, километры по берегу Щучьего. Минувя бальнеологический санаторий «Щучинский», профилакторий «Зеленый бор», базу отдыха «Рассвет», останавливаемся на ночевку против острова Ботагоз. На следующий день 17-километровый переход лесной тропой до озера Котырколь, рыбного с хорошими пляжами.

От Котырколя идем до поселка Воробьевка. Бивуак разбиваем на берегу речки Сарыбулак, текущей среди берегов, заросших деревьями, кустарниками, травой. Самый живописный участок маршрута начинается от Воробьевки по пути к озеру Большое Чебачье, затем маршрут проходит берегом озера Борового.

Данный маршрут является одним из основных маршрутов, так как туристы могут познакомиться с озерами и лесом — основными рекреационными ресурсами данного региона.

Второй тур - является основой для туризма. Туристы могут познакомиться как с природой, так с санаториями, оборудованными по последнему слову техники. Тур начинается с санатория «Ясная поляна».

1 день - отдых на берегу реки Громова.

2 день - прогулка по роще «Танцующие березы» и отдых на озере Боровое.

3 день - маршрут по горе Синюха до кордона Акылбай.

Рассматривать данные туры возможно из следующих показателей. Вблизи санатория «Ясная поляна», посреди озерной глади, возвышается скала Жумбактас (Камень-загадка), или Сфинкс. Со стороны санатория эта каменная глыба действительно похожа на сфинкса. Если же зайти с другой стороны, увидишь лицо пожилой женщины. Обойдешь скалу еще, и перед глазами встанет голова девушки с развевающимися волосами. Напротив, на берегу озера возвышается скала Окжетпес - «Куда не долетает стрела». Обе скалы связаны с легендой.

В 19 веке кочевал здесь Средний жуз казахов, которым управлял могучий хан Абылай. Однажды хан совершил набег на калмыков, взял много добычи и на берегу озера у подножия скалы делил ее между воинами. Оставалась пленная девушка-калмычка. Из-за нее между джигитами разгорелся спор. Тогда хан разрешил ей самой выбрать жениха. Но все «женихи», погубившие семью девушки, были ей ненавистны. Поднявшись на скалу, она закрепила на ней платок и сказала: «Чья стрела долетит до него, за того и пойду замуж». Джигиты стреляли, но ничья стрела не долетела до цели. Тогда девушка с вершины скалы бросилась в озеро. На месте гибели калмычки возникла скала Жумбактас, а скальный утес на берегу озера люди стали называть Окжетпес.

На северном берегу озера Борового есть еще один объект для осмотра у истока реки Громовой - целая роща «танцующих» берез, причудливо изогнутых зимними ветрами.

От озера Борового направляемся к кордону Акылбай, вдоль хребта Кокчетау, к вершине горы Синюхи, самой высокой в районе Борового (947 м). Подъем на Синюху идет по густому сосновому лесу и лишь последние несколько десятков метров по скалам. С вершины открываются на севере безбрежные степи, а на юге леса и многочисленные озера. При хорошей видимости их можно насчитать до 70. Кордон Акылбай расположен на границе лесной и степной полос. Здесь протекает небольшой ключ. Место удобно для бивуака. Тут можно провести день, сделать радиальный выход на озеро Малое Чебачье и наловить рыбы для прощальной ухи. Путь от кордона Акылбай до турбазы «Золотой бор» идет все время по лесной тропе. Отдохнув на базе, можно совершить и более сложный поход протяженностью 190 км. Он длится 10-12 дней и проходит по лесным тропам, степной зоне, берегам озер Жукей, Жайнак и др. [2].

Следует отметить, что данный регион славен и степными просторами. Степные пространства никогда не рассматривались специалистами в области организации отдыха в качестве территорий, имеющих значительную рекреационную ценность. В конце 70-х начале 80-х гг. в СССР, в период проведения в стране большого числа научных исследований, касающихся сферы туризма и других видов рекреационной деятельности, сектором социологии лечебно-курортных зданий был организован всесоюзный опрос населения, в котором, в частности, респондентам задавали вопросы о предпочтительных местах отдыха. В опросе участвовали граждане 28 городов и 16 сел, расположенных на территории всего Советского Союза. Исследования показали, что наибольшей популярностью пользуются лесные 37 территории, морские побережья, территории, граничащие с водными объектами. Предпочтения отдавались трем категориям местности: лесу 34,5% ответов, морю 28,1%, реке-озеру 29,5% и сближением лес-море, лес-река (озеро). Небольшой интерес граждане страны проявили к отдыху в горах 5,5% и практически полностью отсутствовал спрос на степные регионы 0,1%. Именно то, что имеется в Кокшетау – Синегорье [3].

Результаты подобных исследований, принижающие, с нашей точки зрения, значение степных территорий в рекреационном природопользовании, не способствовали дальнейшему научному изучению рекреационных ресурсов и организации туристского хозяйства в пределах степной природной зоны. Однако более глубокие ее исследования показывают, что степные регионы обладают ресурсами оздоровительного туризма высокого бонитета. Они представлены местностями река-лес, одними из наиболее популярными среди отдыхающих.

Природно-рекреационный потенциал степной равнинной части Казахстана связан с малоосвоенными в туристском отношении реками. В настоящее время, когда в результате распада СССР число рекреационных территорий Казахстана, активно посещаемых россиянами, резко сократилось, а потребность в них значительно превышает емкость уже освоенных курортно – рекреационных дестинаций, ощущается необходимость освоения новых туристских местностей.

Изучение климатических условий территорий в теплый период года показало, что в мае-августе среднемесячные температуры воздуха, по данным метеостанции, незначительно, на 1 – 2°C, отличаются от аналогичных показателей Сочи. Лишь в сентябре температура в Сочи на 4 – 5 градусов выше, чем в Синегорье. Солнце сияет в мае в обоих городах в среднем по 240 час, превышая 300 час. В остальные месяцы теплого периода года [4].

Среднемесячная относительная влажность воздуха на ниже, чем на что при высоких температурах воздуха порядка 28 – 30°C обуславливает более комфортные теплоощущения в Кокшетауском регионе. Осадки практически не ухудшают условий рекреации, так как, выпадая в основном в виде ливней, непродолжительных по времени, они снижают зной, улучшая тем самым погодные условия отдыха.

Ветры в летний период имеют среднемесячные скорости, не превышающие 4-5 м/с. Установлено, что благоприятный период для летних видов рекреации, образуемый комфортными, жаркими субкомфортными и прохладными субкомфортными типами погод, и составляет 110 – 130 дней.

Следует отметить, что оценка погод для летних видов рекреации осуществлена для срока 13 часов и не отражает всей картины изменения погод в течение суток. Нами был дополнительно проведен анализ температурных условий в такие важные при организации массового отдыха сроки как 6 и 15 час. Первый срок дает представления о том, до каких показателей опускается температура в течение суток, второй отражает максимальные ее величины [5].

Прохладным летом, которые периодически отмечаются Боровом, в мае в 6 час. Фиксируется 10 – 15 суток, когда температура опускается ниже 10°C, а в первую половину месяца до 47 °C. Но поверхности почвы температура в это время составляет всего лишь 3 – 6°C. Во второй половине сентября

она также многократно опускается ниже 10°C. Очень жарким может оказаться любой из летних месяцев. Сведения об изменении погодных условий отдыха в течение суток крайне важны при планировании рекреационной деятельности и материально-техническом обеспечении средств размещения туристов. Так, например, выход группы на маршрут в лодочном походе должен осуществляться не позже 7-7.30 минут, вследствие быстро поступающей жары, и заканчиваться в 13 часов. Позже складываются условия жаркого дискомфорта, во время которого нежелательны серьезные физические нагрузки и даже просто длительное пребывание на солнце. Особенно это касается детских групп.

Тщательное изучение особенностей погодных условий проведено нами только для теплого периода года (с мая по сентябрь.), что связано с одной сезонностью рекреационной деятельности. С конца сентября и по апрель включительно на исследуемой территории складываются неблагоприятные условия для организации массового отдыха.

Факторами, препятствующими его плановому проведению, являются неустойчивый погодный режим, морозящие дожди в осенний и весенний периоды, значительный снежный покров зимой, часто повторяющиеся оттепели, гололед, сильные ветры, скорости которых с ноября по апрель превышают 6 м/с, что принято считать отрицательным фактором развития рекреации, пыльные бури весной и т.п.

Летние уровни устанавливаются на реках к началу июня, самые низкие отмечаются в сентябре. Спокойные степные реки как бы самой природой предназначены для несложных и безопасных водных оздоровительных походов. Высока рекреационная ценность пляжей сложенных в основном среднезернистым песком, они формируют то правые, то левые низкие берега. Постоянный интерес с точки зрения рекреационной ценности вызывает у специалистов в области организации отдыха и туризма.

Важным показателем условий отдыха у воды является продолжительность купального периода. Период тепловатых и теплых ванн, который начинается с 20 °С. Он составляет в жаркое лето около 100 дней, начинаясь с третьей декады мая и заканчиваясь в первой декаде сентября, в прохладное лето равняется 80 дням со второй декады июня по третью декаду августа

К ресурсам, определяющим качество отдыха, относятся лесные уголья. В поймах рассматриваемых нами региона распространены следующие лесные формации; дубравы, вязонники (чаще вязово-дубравы), берестянки, осокорники, белотополевики, вербняки и ольшаники.

Характеристика природных условий и ресурсов дает вполне достаточно оснований для создания индустрии туризма. По целому ряду показателей условия отдыха следует признать более благоприятными, чем на озере Селигер, расположенном в центральной России и ставшем за несколько десятилетий, благодаря вниманию к нему туристских организаций, центром водного оздоровительного туризма в России.

При разработке программ необходимо включить в них экскурсии, которые являются составной частью туризма. Проведенный анализ рекреационных ресурсов Кокшетау-Борового позволяет предложить для дальнейшей детальной разработки при инвестиционном проектировании предложенные в статье туры, стержнем которых должны явиться пешие, горные и водные оздоровительные походы.

1. Гидбут А.В., Мезенцев А.Г. Курортно-рекреационное хозяйство (региональный аспект) – М.: Наука, 1991. – 91с.

2. Литвинова Н. Курорты и лечебные местности Казахстана – Алматы: Казгосиздат, 1938.–92с.

3. Курорты Казахстана – Алматы.: Онер, 1973.– 143с.

4. Нургалиев К., Темиргалиев М. Здравницы Казахстана – Алматы: Казахское Государственное издательство, 1957. – 77с.

5. А.Г.Ким Рекреационная оценка территории и развитие туристско-рекреационного хозяйства в Казахстане – А.: Рауан, 1997. – 205с.

Түйін

Мақалада Қазақстандағы санаторлық-курорттық бизнестің дамуының алғышарттары көрсетілген. Көкшетау-Бурабай емдік-сауықтыру кешенінің негізіндегі көрсетілген екі туристік маршрутта толықтай сипатталған.

Summary

Given article deals with the prerequisites of development of sanatorium-resort business in Kazakhstan. Two tourism routes based on Kokshetau-Burabai health complex are described. The author has analyzed the issues fully.